



2017

ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕП

ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕП



СЕВКАЗЭНЕРГО

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП МАЗМҰНЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ	4	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	44
БАС ДИРЕКТОР ҮНДЕУІ	6	Ұйымдық құрылым	46
НЕГІЗГІ АҚПАРАТ	8	Акционерлердің жалпы жиналысы	47
Қызмет профилі	8	Акционерлердің жалпы жиналысы қызметінің нәтижелері	47
Компания құрылымы	9	Дивидендтер туралы ақпарат	47
Компания рейтингі	9	Директорлар кеңесі	47
Қызметтің негізгі көрсеткіштері	10	Директорлар кеңесінің құрамы	48
Негізгі өндірістік сипаттамалар	11	Директорлар кеңесі қызметінің қорытындылары	50
ЕСЕПТІК КЕЗЕҢДЕГІ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР	12	Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттер қызметінің қорытындылары	51
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ	14	Атқарушы орган	52
Тарихы	16	Ішкі бақылау және аудит	53
Миссия	16	Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп	53
Көрініс	17	ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ	56
Бизнес-модель	17	Тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесі	58
Қызмет географиясы	18	Ішкі бақылау стандарттары	59
Еншілес ұйымдар	19	Тәуекелдерді сақтандыру	60
2016–2020 ЖЫЛДАРДАҒЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ	21	Қызметке айтарлықтай ықпал ететін тәуекелдерге талдау	60
Негізгі стратегиялық бағыттар	21	ТҰРАҚТЫ ДАМУ	66
2020 жылға дейін инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру перспективалары	21	Мүдделі тараптармен өзара қызмет	68
НАРЫҚТЫҚ ОРТАҒА ТАЛДАУ	22	ақпараттық саясат	70
Қазақстан экономикасына шолу	24	Экологиялық саясат	71
Қазақстан энергетика саласына шолу	26	Кадрлық және әлеуметтік саясат	78
ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ	30	Қауіпсіздік және еңбекті қорғау	87
Өндірісті арттыру	32	Тұтынушылар қауіпсіздігі	92
Электр және жылу энергиясын беру	35	Әлеуметтік әріптестік	93
Қондырғыларды қайта құру және жаңғырту бойынша 2018 жылға жоспар	36	Корпоративтік оқиғалар	93
Процестерді автоматтандыру	37	МАҢЫЗДЫ АСПЕКТТЕР МЕН ШЕКАРАЛАР	94
«СЕВКАЗЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС-нде жобаларды жүзеге асыру	38	Маңыздылық картасы	95
Сатып алу қызметі және қамту	39	Есептің GRI G4 нұсқаулығына сәйкестік кестесі ..	96
Қаржы-экономикалық көрсеткіштер	40	ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ	101
		ГЛОССАРИЙ	108
		БАЙЛАНЫС	111

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



ДҮЙСЕНБАЙ НҰРБАЙҰЛЫ ТҰРҒАНОВ

ҚҰРМЕТТІ СЕРІКТЕСТЕР!

Сіздердің назарларыңызға «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның 2017 жылғы қызметі туралы жылдық есеп ұсынылып отыр.

Компания Петропавл қаласы мен Солтүстік Қазақстан облысының сегіз ауданын энергиямен қамсыздандырудың барлық бөліктерін қамтиды. Қызметтің басым бағыттарына солтүстікқазақстандықтарды энергиямен қамту сапасын жақсарту, сондай-ақ, энергетикалық кешен кәсіпорындарының өндірістік көрсеткіштерін негізгі қондырғыларды жаңғырту мен қайта құру және қолданыстағы активтерді техникалық қайта жарақтандыру мен жаңарту жолымен жақсарту жатады.

2009 жылдан бері «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда стансаның энергетикалық қондырғыларының тозуын төмендету және парктік ресурсты арттыруға бағытталған инвестициялық бағдарламаның шаралары жүзеге асырылуда. Өткен жылдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің шекті тарифтер бойынша бағдарламасын жүзеге асыру аясында, сондай-ақ, Еуропалық Қайта құру және Даму Банкінің (ЕҚДБ) қарызы мен Компанияның өзіндік қаражатының арқасында жылу-электр орталығында жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, стансаның қондырғылары 50% жаңартылды, тиісінше, тозу көрсеткіштері 59,7%-ға дейін төмендеді.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда «Петропавл Жылу Желілері» ЖШС активтерін жаңғыртуға аса маңыз беріледі. 2016 жылы ЕҚДБ, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі мен «Орталық-Азия Электро-энергетикалық Корпорациясы» АҚ еншілес компаниялары арасында «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасы бойынша үш жақты қол қойылған келісімшарт аясында екі жылдан бері кәсіпорында Петропавл қаласы жылумен қамту жүйесін қайта құру жүргізілуде. 2016-2020 жылдары бұл жобаға 12 млрд теңгеден

астам қаражат бағыттау жоспарланып отыр. «Нұрлы Жол» бағдарламасы бойынша жылу желілерін қайта құрудың ерекшелігі – жаңа тиімді технология – пенополиуретанды қаптамадағы құбырларды қолдану болып табылады. Қолданылатын технология құбыр өткізгіштерінің нормативті қызмет мерзімін 25 жылға дейін ұзартуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда кез-келген компанияның өндірістік мүмкіндіктерінің дамуын жетекші автоматтандырылған жүйелерсіз елестету мүмкін емес. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда энергия өндіру және тасымалдау процестерін автоматтандыруға мүмкіндік беретін инновациялық технологиялар енгізілуде. Зияткерлік энергожүйенің ЭКЕАЖ және ТҚП БАЖ сынды элементтерін енгізу бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде. Өткен жылы «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ-нда LPWAN сымсыз технологиясы бойынша тұрмыстық тұтынушыларға электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесінің (ЭКЕАЖ) 409 есеп нүктесін монтаждау және іске қосу жүргізілді. 2017 жылғы қарашадан бері электр желілік компания тұтынушыларына қызмет көрсету орталығының базасында тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануға электр желілеріне технологиялық қосылу процесін басқарудың автоматтандырылған жүйесі – «ТЕЗИС» ТҚП БАЖ берілді. 2018 жылы «Солтүстік Қазақстан Электр Желілік Тарату Компаниясы» АҚ орталық диспетчерлік қызметті SKADA жүйесімен жабдықтауға кіріседі.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда кәсіпорынның басты миссиясы тұрғындардың өмір сапасын арттыру мен өңірдің экономикалық дамуы үшін жағдайлар жасауға бағытталған. Компанияның энергетиктер ұжымы алға қойылған міндеттер мен мақсаттарға қол жеткізе алады деп сенемін. Алда бізді ауқымды жобаларды жүзеге асыру мен жаңа жетістіктер күтіп тұр деп сенемін.

БАС ДИРЕКТОР ҮНДЕУІ



ЛЕОНИД ВИКТОРОВИЧ ЛАРИЧЕВ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР МЕН СЕРІКТЕСТЕР!

2017 жылы Компания жоспарланған инвестициялық бағдарламаларды сәтті орындап, қондырғыларды ағымдағы және күрделі жөндеу шараларын, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындары қызметінің өндірістік және экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған өзге де шараларды жүзеге асырды.

Есептік жылда «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда 3 226 млн кВт•с электр энергиясы өндірілді, бұл 2016 жылғы өндірістік нәтижелермен салыстырғанда 18 млн кВт•с-қа жоғары. Қазіргі таңда стансаның орнатылған және иеліктегі қуаты 541 МВт құраса, жылу қуаты – 713 Гкал/с.

2017 жылы стансада 2020 жылға дейінгі инвестициялық бағдарлама аясында жүзеге асырылған негізгі жобалар қатарында ОРУ 110 кВ ашық тарату құрылғысын жаңғырту, отын-транспорттық цех қондырғысын қайта құру, сондай-ақ, «Овация» бағдарламалық-техникалық кешен базасында технологиялық процестерді басқару автоматтандырылған жүйесін орнатып, ст. №2 турбоагрегатын қайта құру бар.

2018 жылы жылу-электр орталығында ОРУ 110 кВ жаңғырту жұмыстары аяқталып, ст. №6 турбоагрегаттың автоматты бекітпесін ауыстыру басталады. Бұдан бөлек, кәсіпорын жоспарында №2 күл үйіндісінің №3 секциясы бөгеттерін ұлғайту жұмыстары бар, ол жаңа күл үйіндісінің пайдалы аумағын арттырып, пайдалану мерзімін 2023 жылға дейін ұзартуға мүмкіндік береді.

Компанияда «Петропавл Жылу Желілері» ЖШС құбыр өткізгіштерін жаңарту кең ауқымды жобасын жүзеге асыру жалғасуда. 2017 жылы Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ) қарызы мен Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің бюджеттік субсидиясын игеру ая-

сында 8 км-ден астам құбыр өткізгіштері алдын ала оқшауланған құбыр қолданылып, қайта құрылды. Атап айтқанда, ұзындығы 5,8 км ст. №1 және ст. №5 жылу магистральдерінің жаңа құбыр өткізгіштерін монтаждау іске асырылды. 2018 жылы жобаны жүзеге асыру жалғасып, тағы 5,3 км құбыр өткізгіші ППУ-материал қолданылып ауыстырылады.

Жетекші технологиялар «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ-нда да қолданылды. 2017 жылы электр желілік компания 83,7 км «жалаңаш» сымды өздігінен берілетін оқшаулағыш сымға (ӨОС) ауыстырып, сондай-ақ, электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесін енгізу аясында 1 782 тұтынушыға ескі индукциялық есептегіштерін жаңа электронды құралдарға ауыстырып берді. 2018 жылы бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табады. Бұдан бөлек, кәсіпорында орталық диспетчерлік қызметтің ескірген мнемощитін заманауи «SKADA» интерактивті жүйесіне ауыстыру жоспарлануда.

Айта кету керек, 2017 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ «Парыз-2017» республикалық байқауында «Үздік әлеуметтік жауапкершілікті кәсіпорын» ретінде екінші орын иеленді. Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі сферасында Компания шын мәнінде өте көп жұмыстар атқарды: өткен екі жыл ішінде екі ірі әлеуметтік жоба жүзеге асырылды. Олар – 320 орындық «Алақай» балалар бақшасының құрылуы және пайдалануға берілуі, сондай-ақ, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызметкерлері мен Петропавл қаласының тұрғындарына арналған 90 пәтерлік шағын отбасылы жатақханасының ашылуы.

Алдағы жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл қаласы мен Солтүстік Қазақстан облысының тұтынушыларын энергиямен қамту қызметін көрсету сапасын жақсартуға бағытталған өз қызметін жалғастырады.

НЕГІЗГІ АҚПАРАТ

ҚЫЗМЕТ ПРОФИЛІ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» акционерлік қоғамы – Солтүстік Қазақстан облысының электр және жылу энергиясын өндіретін, тасымалдайтын және өткізетін кәсіпорындарын қамтитын вертикалды түрде біріктірілген компания болып табылады. Компания жетекші әлемдік тәжірибелерді белсенді түрде енгізіп, өз қызметін өндіріс, экология, денсаулық қорғау және әлеуметтік сала халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізеді.

 **2 576** адам -
Компаниялар тобы
қызметкерлерінің
жалпы саны


 **160**
мыңнан астам
тұтынушылар

 **541 МВТ** – орнатылған
электр қуаты

 **713 ГКАЛ/С**
орнатылған жылу
қуаты



КОМПАНИЯ ҚҰРЫЛЫМЫ



КОМПАНИЯ РЕЙТИНГІ

FITCH RATINGS ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
РЕЙТИНГ АГЕНТТІГІ





Fitch
Ratings

- B+
- Болжам «Тұрақты»

РЕЙТИНГТІК ӘРЕКЕТТЕРДІҢ ТОЛЫҚ ТІЗІМІ

- Ұлттық және шетелдік валютадағы ұзақмерзімді РДЭ «B+» деңгейінде расталды, болжам «Тұрақты»;
- Ұлттық ұзақмерзімді рейтинг «BBB(kaz)» деңгейінде, болжам «Тұрақты»;
- Ұлттық валютадағы басым қамтамасыз етілмеген рейтинг «B+» деңгейінде, активтердің қайтарымдылық рейтингі «RR4» деңгейінде расталды.

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ




Энергия өндіру



Тұтынушыларға энергия босату (тауарлы босату)



Активтер, млрд теңге



НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК СИПАТТАМАЛАР

Жылу желілерінің ұзындығы - 233,5 км


Электр беру желілерінің ұзындығы

ЭБЖ типі	Ұзындығы, км
220 кВ	84,84
110 кВ	1 327,14
35 кВ	2 849,43
6-10 кВ	4 512,65
0,4 кВ	4 526,03
Барлығы	13 300,39

Шағын стансалардың типі бойынша саны

Шағын стансалар типі	Саны
220 кВ	-
110 кВ	37
35 кВ	121
6-10 кВ	2 253
Барлығы	2 411

Инвестициялар көлемі, млрд теңге



ЕСЕПТІК КЕЗЕҢДЕГІ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

СӘУІР

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобының кәсіпорындары қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша екінші өзара аудитті сәтті өткізді.



ШІЛДЕ

Fitch халықаралық рейтинг агенттігі «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ұлттық және шетелдік валютадағы дефолттың ұзақмерзімді рейтингін «В+» деңгейінде растады, болжам – «Тұрақты».



ТАМЫЗ-ҚЫРКҮЙЕК

Еуропа Қайта құру және Даму Банкінің бастамасы бойынша «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобы басшылары қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша корпоративтік тренингке қатысып, IOSH – Жұмысты қауіпсіз ұйымдастыру бойынша халықаралық сертификат алды.

МАМЫР

«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының барысында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері сайланды.



МАУСЫМ

«PROFENERGY» жобасы аясында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда Петропавл студенттері арасындағы ғылыми жұмыстар байқауы қорытындыланды. Байқау жеңімпазына «Петропавл Жылу Желілері» ЖШС атаулы шәкіртақысы берілді.



«ОАОЭК» АҚ-ның мерейтойлық шаралары аясында Астанада мини-футболдан тұңғыш корпоративтік турнир өтті. Турнирге «ОАЭК» АҚ, «ПАВЛОДАР-ЭНЕРГО» АҚ, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «АЭҮК» АҚ, «Каустик» АҚ, «Астана Инвест» АҚ командалар құрамасы қатысты.

ҚАЗАН

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ республикалық «Парыз-2017» байқауында «Үздік әлеуметтік жауапкершілікті кәсіпорын» аталымында екінші орын иеленді.



ҚАРАША

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-ндағы Зозуля әулеті Солтүстік Қазақстан облысының үздік еңбек әулеті болып танылды. Зозуля отбасы құрметті атаққа Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ұйымдастырған «Еңбек жолы» байқауы аясында ие болды.



2017 жылы «Петропавл Жылу Желілері» ЖШС-нде Еуропалық Қайта құру және Даму Банкінің (ЕҚДБ) қарызы және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің субсидиясы есебінен Петропавл қаласында жалпы ұзындығы 5 828 е. м. ЖМ №1 және ЖМ №5 жылу магистральдерін қайта құру жүргізуге арналған бес жылдық бағдарлама жүзеге асырылды.



ЭНЕРГИЯ



СЕВКАЗЭНЕРГО

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ




ЭНЕРГИЯ – ӨМІР

Біз аумағы шамамен 50 мың шаршы шақырым Солтүстік-Қазақстан облысы тұтынушыларын электр- және жылу энергиясымен қамтамасыз етеміз.

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ТАРИХЫ



МИССИЯ

Компанияның міндеті – Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындарының өмір сапасын арттыру және облысты экономикалық тұрғыдан дамытуға жағдай жасау. Бұл мақсатқа Солтүстік Қазақстан облысындағы және Петропавл қаласындағы тұрғындарды, өнеркәсіптік кәсіпорындарды, бюджеттік және коммерциялық ұйымдарды энергиямен қамсыздандыру және олардың тіршілік етуін қамтамасыз ету бойынша сапалы қызмет көрсету арқылы қол жеткізіледі.

Көрсетілетін қызмет сапасын қамтамасыз ету барысында барлық техникалық талаптарды сақтай отырып, энергиямен қамсыздандыру сенімділігі әрі үздіксіздігі және тұтынушыларға қызмет көрсетудің жоғары деңгейі көзделеді.


Тиімділіктің негізі – Компания қызметкерлері болып табылады. Олардың жоғары кәсібилігі, командада жұмыс істеу қабілеті және нәтижелерге қол жеткізуге бағдарлануы алға дамуды қамтамасыз етеді.

КӨРІНІС


«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ – Солтүстік Қазақстан облысында орналасқан, қызметі жылу және электр энергиясын өндірудің абрлық сатысы – өндіріс, тасымал және өткізуді қамтитын энергетикалық компания. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ вертикалды түрде біріктірілген энергетикалық холдинг – «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ-ның

еншілес компаниясы болып табылады. Компания басшылығы серіктестермен, клиенттермен және жеткізушілермен қарым-қатынаста сыйластық және өзара жауапкершілік принциптерін ұстанады. Компания алдындағы міндеттерге қол жеткізуге «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызметкерлері – ниеттестер командасы, жоғары кәсібилік, командада жұмыс жасау қабілеті және нәтижелерге қол жеткізуге бағыт ұстану негіз болады. Бұлар алға нық қадам жасауға мүмкіндік береді.

БИЗНЕС-МОДЕЛЬ



ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ



Орташа босату тарифтері (ҚҚС/Гкал қоса алғанда теңге)

	1.07.2015 ж.	1.01.2016 ж.	5.10.2016 ж.	1.01.2017 ж.	10.07.2017 ж.	1.01.2018 ж.
Жылу энергиясы	3374,54	3890,56	3907,18	4284,06	4308,05	4542,97

Орташа босату тарифтері (ҚҚС/кВт·с қоса алғанда теңге)

	1.01.2014 ж.	1.01.2015 ж.	1.04.2015 ж.	1.07.2015 ж.	1.01.2016 ж.	1.01.2018 ж.
Электр энергиясы	12,557	13,824	13,779	13,858	14,62	15,326

Петропавл 2-ЖЭО «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ

Орнатылған қуат	2009 жылдан бері қондырғылардың жаңаруы, %	Құрылу жылы
541 МВт 713 Гкал/с	49,7	1961

ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР

ПЕТРОПАВЛ 2-ЖЭО

Петропавл 2-ЖЭО қызметінің негізгі түрі электр және жылу энергиясын өндіру болып табылады. 2017 жылдың соңында стансаның орнатылған қуаты электр энергиясы бойынша 541 МВт-ты, жылу энергиясы бойынша 713 Гкал·с-ты құрайды, жыл соңындағы иеліктегі қуат электр энергиясы бойынша 541 МВт-ты, жылу энергиясы бойынша 713 Гкал·с-ты құрайды.

Станса келесі цехтерден тұрады: отын-көлік цехі, қазандық, турбиналық, электрлік, химиялық цехтер. Қосалқы цехтер: жылу автоматикасы және өлшеулер цехі, жөндеу-механикалық цехі, оттегі стансасы, жөндеу-құрылыс учаскесі.

КСН маркалы Екібастұз бассейнінің көмірі «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО кәсіпорнында пайдаланылатын отынның негізгі түрі болып табылады, ал тұтандыру отыны ретінде М-100 маркалы мазут қолданылады.

«СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛІК ТАРАТУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

«Солтүстік Қазақстан Электр Желілік Тарату Компаниясы» АҚ кәсіпорнының негізгі қызметі – электр энергиясын беру және тарату болып табылады.

«Солтүстік Қазақстан Электр Желілік Тарату Компаниясы» АҚ Солтүстік Қазақстан облысында орналасқан және өз балансына кіретін 0,4-220 кВ қысымды электр желілеріне қызмет көрсетеді. Желілердің ұзындығы 13 300,39 км құрайды.

Қызмет көрсету аумағының ауданы - 44,952 мың км², елді мекендер саны – 392, оның ішінде 4 қала бар. «Солтүстік Қазақстан Электр Желілік Тарату Компаниясы» АҚ Петропавл қаласы мен Солтүстік Қазақстан облысының 8 ауданы – Аққайың, Есіл, Мамлют, М.Жұмабаев, Жамбыл, Қызылжар, Тимирязев және Шал Ақын аудандарының тұрғындарына электр энергиясын беруді жүзеге асырады.

«Солтүстік Қазақстан Электр Желілік Тарату Компаниясы» АҚ құрамына 8 электр желілік аудан, Электр желілерінің қалалық басқармасы (ЭЖҚБ) кіреді. Бұл Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясының қызмет көрсету аумағындағы ауылдық әкімшілік аудандар санына сәйкес келеді.

«ПЕТРОПАВЛ ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІ» ЖШС

«Петропавл Жылу Желілері» ЖШС негізгі қызметі – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда өндірілетін жылу энергиясын беру мен тарату, жылу желілерін техникалық дұрыс жағдайда ұстап тұру, Петропавл қаласын тұрақты жылумен қамтамасыз ету болып табылады. Бұдан бөлек, кәсіпорын қаланың магистральді және тарату желілерін жаңарту жұмыстарын жүргізіп, жылумен қамту сапасының заманауи талаптарына жауап беретін жаңа энерготімді технологияларды іздеу мен енгізуді үздіксіз жүзеге асырады.

«Петропавл Жылу Желілері» ЖШС балансындағы жылу желілерінің жалпы ұзындығы 233,592 км құрайды, оның ішінде тарату желілерінің ұзындығы – 148,275 км, ал магистральді желілердің ұзындығы – 85,317 км.

2018 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жылу желілері жабдықтарының тозу деңгейі 65,01% құраса, оның ішінде магистральді жылу желілері бойынша – 70,14%, тарату желілері бойынша – 59,88%.

Кәсіпорын балансында 51 сорғы стансасы бар, оның 5-уі магистральді және 46-сы абоненттік стансалар.

Сорғы стансаларының жалпы орнатылған (жобалық) қуаты, жылу пункттерін қоса алғанда, 11 736 кВт·с құрайды.

«Петропавл Жылу Желілері» ЖШС-нде жылу энергиясын беру мен таратуға арналған қондырғыларды пайдалану мен техникалық қызмет көрсету, еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік бойынша арнайы қызметтері бар.

«СЕВКАЗЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС

«Севказэнергосбыт» ЖШС – Петропавл қаласының және Солтүстік Қазақстан облысының тұтынушыларына жасалған келісімшарттар негізінде электр және жылу энергиясын беруді қамтамасыз ететін энергиямен қамсыздандырушы ұйым.

Тұрғындардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін көлемде энергия ресурстарын сенімді түрде әрі үздіксіз жеткізу серіктестік қызметінің негізгі бағыты болып табылады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Севказэнергосбыт» ЖШС тұтынушыларының жалпы саны электр энергиясы бойынша 163 340 адамды және жылу энергиясы бойынша 72 621 адамды құрады.

Облыс орталығында тұрғындарға қызмет көрсететін, төлемдерді қабылдаумен айналысатын 3 сервистік пункт, облыстың аудандық орталықтарында 12 пункт жұмыс істейді. Банктермен төлемдерді қабылдау жөнінде, сондай-ақ, 10 банктің терминалдары мен интернет-порталдары арқылы қызмет көрсету жөнінде шарттар жасалды. 2013 жылдың желтоқсанынан бастап тұтынушыларға қызмет көрсететін «Сервис орталығы» жұмыс істейді. Жаңа заманауи орталық компания клиенттеріне қызмет көрсету сапасы мен оперативтілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Абоненттердің арасында энергияны үнемдеу идеясын насихаттау мақсатында «Севказэнергосбыт» ЖШС тұтынылатын электр энергиясы бойынша тәуліктік тарифтік аймақтау жүйесін іске асырады және тұрғындарға энергияны есепке алу аспаптарын орнату қажеттілігі туралы түсіндіруге бағытталған кең ауқымды жұмыстар жүргізеді.



2016–2020 ЖЫЛДАРДАҒЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

2016 жылы 2016-2020 жылдарға арналған ұзақмерзімді корпоративті Стратегияны жүзеге асыру бекітілді. Ол бизнес дамуының, басқару жобалары мен технологияларының негізгі бағыттарын айқындайды.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ стратегиялық мақсаты — аймақтың экономикалық өсімін қамтамасыз ету үшін

Солтүстік Қазақстан облысының энергетикалық жүйесінің теңдестірілген және тұрақты дамуын қамтамасыз ететін жетекші энергетикалық компанияны құру. Бұл ретте Компания өзінің қызметінде өндіріс, экология, денсаулық сақтау салаларында және әлеуметтік салада халықаралық стандарттарға қол жеткізуге ұмтылады.

Негізгі стратегиялық бағыттар

Алға қойылған стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін Компания келесі міндеттерді жүзеге асырады:

- 1** өндірістің техникалық деңгейін арттыру, апаттылық тәуекелдерін төмендету және тұрып қалуды болдырмау мақсатында жабдықтарды жаңғырту;
- 2** энергияны өндірген және берген кезде энергияны үнемдейтін және энергиялық тұрғыдан тиімді болатын технологияларды өндіру;
- 3** жылу және электр энергиясының бірліктерін өндіруге жұмсалатын үлестік шығыстарды барынша азайту;

4 экология саласындағы халықаралық, республикалық және ішкі салалық нормативтік және заңнамалық құжаттардың талаптарына сәйкес келу;

5 қызметкерлердің денсаулығын қорғауға, өнеркәсіптік қауіпсіздікке және жарақаттану деңгейін төмендетуге қойылатын талаптарды күшейту;

6 қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында оларды үздіксіз оқыту;

7 кәсіпорынды басқарудың автоматтандырылған жүйесін өндіру.

2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Инвестициялық бағдарламаны орындау нәтижесінде өндіріс стансасы қондырғысының тозу деңгейі 2020 жылға қарай 54,16%-ға төмендейді. Негізгі қондырғыларды жаңғырту және ауыстыру бойынша жұмыстарды орындау есебінен электр энергиясын өндіру бойынша жоспарлы өсім 400 млн кВт·с-тан (13% өсім) асады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ тасымалдау кезінде электр және жылу энергиясы шығындарын төмендету, сондай-ақ, тұтынушыларды энергиямен қамту кезінде сенімділікті арттыру бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру жалғасады. 2016-2020 жылдары жылу энергиясы бойынша желідегі жалпы шығындарды 12,3%-ға төмендету жоспарлануда.



ЭНЕРГИЯ



СЕВКАЗЭНЕРГО

**НАРЫҚТЫҚ
ОРТАҒА
ТАЛДАУ**



ЭНЕРГИЯ – БОЛАШАҚ

Біз Қазақстан экономикасының стратегиялық секторы болып табылатын энергетиканың дамуына үлес қосамыз.


НАРЫҚТЫҚ ОРТАҒА ТАЛДАУ

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ШОЛУ

2017 жылы Қазақстан Республикасының экономикасы экспорттық секторлардағы өндірісті арттыру, инвестициялық белсенділік пен ішкі сұранысты көтеру арқасында жедел өсім көрсетті. Өнеркәсіптегі өндіріс өсімі барлық дерлік өңірдегі көптеген секторларда байқалды. Бұл энергетикалық сектордың өсіміне оң жағдай туғызды. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (ҚР ҰЭМ) Статистика жөніндегі комитеттің мәліметіне сәйкес, 2017 жылы ІЖӨ 4%-ға артып, 51,6 трлн теңгеге жетті. Тауарлар мен қызметтер өндірісінің ІЖӨ-дегі үлесі тиісінше 36,5% және 57,0% құрады. Экономиканың ірі секторы – өнеркәсіптің ІЖӨ динамикасындағы үлесі 26,5% болды. ІЖӨ өсіміне әлемдік шикізат нарығындағы баға конъюнктурасының жақсаруы есебінен таза экспорттың артуы негізгі үлес қосты. Тұрғындар шығындары өсімінің шектелуі экономикаға ұстап тұрушы ықпалын тигізді.


Макроэкономикалық факторлар

Ішкі жалпы өнімнің динамикасы
Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті



- ІЖӨ, млрд теңге
- Өткен жылға шаққандағы физикалық көлемнің %-дық индексі

ТМД-ның жекелеген елдері бойынша өткен жылға шаққандағы 2017 жыл қорытындысы бойынша %-дық ІЖӨ
Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті



Өнеркәсіп

Өндіріс деңгейі 2015-2016 жылдары төмендегеннен кейін есептік жылы өнеркәсіп өсімі 7,1% құрады. Өнеркәсіптік өндіріс индексінің өсімі елдің 14 өңірінде байқалса, төмендеу – тек Қызылорда облысында (4,3%). Өнеркәсіптің ең жоғарғы өсімі Атырау облысында (20,8%), ол шикі мұнай өндіру көлемінің артуымен байланысты орын алды.

Астана қаласында өндіріс өсімі 7,8% құрады, Батыс Қазақстан облысында газ конденсатын өндіру көрсеткіштері жақсарып, ол өнеркәсіптік өндіріс көлемінің өсімін 5,5%-ға жеткізуге мүмкіндік берді. Павлодар облысы 2017 жылы өнеркәсіп өндірісінің арту қарқыны бойынша төртінші орында: тас көмірін, бензин, мыс, өңделмеген алюминий және ферросиликохром концентраттары өндірісінің артуы арқасында 5,1% өсім байқалды. Солтүстік Қазақстан облысында азық-түлік (өңделген сүт, сұйық май) өндірісі, сондай-ақ, пластмасса құбырлар өндірісі артты. Бұл ретте облыстағы өнеркәсіптік өндірістің жалпы өсімі 4,5% болды.

Электр энергетикасындағы өндіріс өсімі 2017 жылы **6,2%** деңгейінде байқалды. Сала динамикасы елдегі өнеркәсіптік өндірістің жалпы динамикасына жақын.

Жалпы және электр энергетикасында өнеркәсіптегі өндіріс динамикасы
Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті




Тұтынушылық сектор

2017 жылы тұтынушылық белсенділік 2015-2016 жылдардағы валюталық ауытқулар мен инфляция себеп болған қиын кезеңнен кейін өсім көрсетті. ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитетінің мәліметінше, бөлшек тауар айналымы 2017 жылы 6,3%-ға өсіп, 2016 жылғы көрсеткіштен (2%) жоғары болды.


Алайда бөлшек тауар айналымы бірнеше жыл бойы тұрақты түрде 10%-дан астам өсіп тұрған 2015 жылға дейінгі кезеңнен төмен. Бұл ретте табыстың шынайы деңгейінің төмендеуі жалғасын тапты: 2017 жылы тұрғындардың ақшалай табыстары 2,5%-ға қысқарса, 2016 жылы 0,7%-ға төмендеу байқалды.

Бөлшек тауар айналымы және тұрғындардың шынайы табыстарының динамикасы, %
Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті



2017 жылы инфляция 7,1% құраса, 2016 жылғы көрсеткіш 8,5% болған болатын. ҚР Ұлттық банкінің пікірінше, инфляциялық процестердің баяулауына сыртқы инфляциялық қысымның төмендеуі, валюталық нарықтағы жағдайдың тұрақтануы және әлемдік шикізат нарығындағы оң конъюнктура фондындағы теңге құнының жоғарылауы негіз болды.

ҚР-дағы инфляция динамикасы, %
Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті




● Жалпы инфляция
● Баспаналық қызметтердің (электрэнергия, жылу, су, газ және отынның басқа да түрлеріне) құны

2018 жылға болжам

2018 жылы сарапшылар 2017 жылмен салыстырғанда өсім қарқынының төмендеуін болжап, сыртқы экономикалық конъюнктураның салыстырмалы оң жағдайда болатынын айтып отыр. Болжам бойынша, негізгі әлемдік экономика өсіп, мұнай котировкалары барреліне 60 доллардан жоғары деңгейде сақталады. Экспорт пен инвестициялар өсімінің жалғасуы, сондай-ақ, тұтынушылық сектордың ары қарай жандануы күтілуде.

2018 жылғы ҚР-дағы экономика динамикасының болжамдары, %
Дереккөз: ҚР ҰЭМ және халықаралық қаржылық институттар мәліметтері



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНА ШОЛУ


Қазақстандық энергетикалық секторда белсенді даму жалғасса, бұл ірі нарық қатысушыларының негізгі қорларды жаңартуға және өндіріс қуаттылықтарын кеңейтуге салған қомақты инвестицияларымен байланысты. Есептік жыл өндіріс бойынша да, электр энергиясын тұтыну бойынша да рекордты жыл болды.

Өндіріс

KEGOC жүйелік операторының мәліметінше, 2018 жылғы 1 қаңтарда Қазақстанда электр энергиясы өндірісін 128 электр стансасы жүзеге асырады. Электр стансаларының жалпы орнатылған қуаты 21 672,9 МВт құраса, иеліктегі қуат – 18 791,4 МВт.

2017 жылы электр энергиясы өндірісінің өсімі 9%-ға жуық болып, өндіріс көлемі 102,38 млрд кВт-с-қа жетті.

ҚР-дағы электр энергиясы өндірісі және ағын сальдосы, млрд кВтс
Дереккөз: KEGOC



● Өндіріс
● Ағын сальдосы (оң бағана)

2017 жылы электр энергиясының 80%-ын ЖЭС-тер өндіріп, өндіріс көлемі бұл ретте 10%-ға өсті. МЖЭС үлесіне 8% өндіріс тиесілі болса, СЭС үлесі - 11%.

2017 жылы жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын өндіріс нысандарының дамуы жалғасты. Бірінші кезекте бұл жел және күн электр стансалары, сондай-ақ, шағын СЭС-тер. ЖЭК нысандары 2017 жылы 1,1 млрд кВт-с электр энергиясын өндірсе, бұл 2016 жылғы көрсеткіштен 19%-ға жоғары.

Өндіріс типтері бойынша электр энергиясы өндірісі, млрд кВт-с


Өндіріс типі	ЖЭС	МЖЭС	СЭС	ЖелЭС	КЭС
2016	74,70	7,41	11,61	0,27	0,09
2017	82,42	8,37	11,16	0,34	0,09
Өзгеріс	10%	13%	-4%	24%	4%

Қазақстан Бірыңғай электр энергетикалық жүйесі шартты түрде үш аумаққа бөлінеді:

- Солтүстік (Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстары);
- Оңтүстік (Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары);
- Батыс (Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары).

өзге өңірлеріне, сондай-ақ, Ресейге экспортталады. Батыс және Оңтүстік аумақтар электр энергиясын импорттайды, бұл ретте Батыс аумақта тұтыну өндірістен сәл жоғары болса, Оңтүстік аумақта өндірілетін энергиядан 80% көп энергия тұтынылады.

Аумақтар бойынша электр энергиясы өндірісі, млрд кВт-с
Дереккөз: KEGOC




2017 жылы электр энергиясының 77%-ы Солтүстік аумақта өндірілді. Бұл негізгі электр стансаларының осы аумақта орналасуымен және көмір кен орындарына жақындығымен байланысты. Солтүстік аумақтағы электр энергиясын тұтыну өндірілетін энергияның 84%-ын құрайды, оған себеп – өңірде ірі индустриялық нысандар орналасқан. Артылған электр энергиясы Қазақстанның



«Самұрық-Энерго» АҚ мемлекеттік холдингіне кіретін компаниялар 2017 жылы Қазақстанда 28% электр энергиясын өндірді. Өндіріс көлемі бұл ретте 27,5%-ға артты. «ОАЭК» АҚ компаниялар тобы елдегі энер-

гия өндіруші компаниялар арасында үшінші орынға ие және Қазақстан электр энергиясы өндірісі сегментінің шамамен 7,1%-ын иеленеді.

Елдің ірі энергия өндіруші кәсіпорындарындағы электр энергия өндірісі, млн кВт·с
Дереккөз: «Самұрық-Энерго» АҚ




Тариф қалыптастыру саясаты

ҚР ҰЭМ Комитетінің мәліметтеріне сәйкес, 2017 жылы электр энергиясы бағасының индексі 2016 жылмен салыстырғанда **4,6 %** құрады, бұл соңғы бірнеше жыл ішіндегі ең төменгі көрсеткіш болып табылады.


Жылыту бағасының индексі **7,4 %** болды.

Тариф қалыптастыру саласындағы қазақстандық реттеушінің ағымдағы саясаты саланың негізгі қорларын жаңарту мақсатында инвестициялық құрамдас бөлікті энергия бағасына қосуды қарастырады. 2015 жылы 2009-2015 жылдар аралығында әрекет еткен электр энергиясы өндірісі нысандарына арналған шекті тарифтер бағдарламасы 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін ұзартылды. Қазақстанның электр желілік және жылумен қамтушы ұйымдары 2016 жылдан бастап реттеу мүмкіндігі бар 5 жылдық шекті тарифтерге көшті.

ҚР-да электр және жылу энергиясы тарифтерінің динамикасы, %
Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті




ҚР-да негізгі капиталға салынған инвестиция динамикасы, %
Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті



Тұтынушылық


Қазақстанда электр энергиясын тұтыну 2017 жылы **97,9 млрд кВт·с** құрады, бұл 2016 жылғы көрсеткіштен **6%-ға** жоғары. Бұл тәуелсіз Қазақстан тарихындағы энергия тұтынудың нақты ең жоғарғы көрсеткіші болып табылады.

ҚР-да электр энергиясын тұтыну, млрд кВт·с
Дереккөз: KEGOC



Электр энергиясын тұтыну көлемін арттыру бойынша барлық дерлік ірі тұтынушылар көзге түсті. Осылайша елдегі тұтыну деңгейі бойынша үшінші орын алатын «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ 2016 жылмен салыстырғанда 7%-ға өсім көрсетті. «Арселор Миттал Темиртау» АҚ өсімі – 4%, АЗФ АҚ (Ақтөбе) мен «ТНК Қазхром» – 32%.

Аумақтар бойынша электр энергиясын тұтыну, млрд кВт·с
Дереккөз: KEGOC



Нарықтың даму болжамы

ҚР Энергетика министрлігінің болжамына сәйкес, 2018 жылы электр энергия өндірісі 114,5 млрд кВт·с болса, оның ішінде профицит 14,3 млрд кВт·с деңгейінде күтілуде. ЖЭК қолданатын нысандарға өн-

дірістің 2% үлесі тиесілі болады. 2024 жылға қарай электр энергиясы өндірісі 128 млрд кВт·с деңгейінде болады деп болжанып отыр. Артық энергия үлесі 18,8 млрд кВт·с деңгейінде болмақ. Оның ішінде 32 млрд кВт·с жоспарланып отырған электр стансаларында өндірілетін болады.

ҚР БЭЖ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ БОЛЖАМДЫ ТЕНГЕРІМІ, МЛРД КВТ·С

КӨРСЕТКІШ	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024
ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ	100,1	102,6	105,1	106,1	107,2	108,2	109,2
ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯ ӨНДІРІСІ	114,5	115	115,6	118	119,9	124,2	128
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ СТАНСАЛАР	105,5	103,3	100,8	100,9	97,3	96,2	96
ЖОСПАРЛЫ	9	11,7	14,8	17,2	22,6	28	32
ЖЭК	1,4	2,2	2,9	3,8	4,6	5,4	6,3
АРТЫҚ ЭНЕРГИЯ	14,4	12,4	10,5	11,9	12,7	16	18,8




3



СЕВКАЗЭНЕРГО

**ҚЫЗМЕТ
НӘТИЖЕЛЕРІНЕ
ШОЛУ ЖӘНЕ ДАМУ
ПЕРСПЕКТИВАСЫ**



ЭНЕРГИЯ – ДАМУ

Біз еліміздің солтүстік аймақтарында экономика тұрақтылығын: өнеркәсіп кәсіпорындарының, коммуналдық сектордың, әлеуметтік саланың тұрақты жұмысын қамтамасыз етеміз.

ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ


«СЕВКАЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобында 2017 жылы жүзеге асуы жалғасын тапқан инвестициялық бағдарлама электр және жылу энергиясы өндірісін арттырып, беру кезінде шығындарды азайтуға, қызметтің экологиялық параметрлерін жақсартуға мүмкіндік берді. 2017 жылы инвестициялық бағдарлама шараларын орындауға 11,1 млрд теңге бағытталды.

ӨНДІРІСТІ АРТТЫРУ

2017 жылы электр энергиясын өндіру көлемі 3 226,2 млн кВт·с құрап, 2016 жылмен салыстырғанда 18 млн кВт·с-қа өсті.

Жаңа қондырғыны іске қосқаннан кейін стансаның мүмкіндіктері айтарлықтай артады, ол өңірдің жылу және электр энергиясына деген артып келе жатқан қажеттіліктерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Солтүстік Қазақстан облысының бизнес-жобалары мен өнеркәсібінің дамуына үлесін қосады.

Электр энергиясын өндіру, млн кВт·с



Атауы	2014	2015	2016	2017
Жыл соңындағы орнатылған электр қуаты, МВт	434	455	541	541
Электр энергиясын өндіру, млн кВт·с	2 733	2 809	3 208	3 226
Қазақстандық электр энергиясы өндірісіндегі үлесі, %	2,8%	2,9%	3,1%	3,4%
Электр энергиясын тасымалдау, млн кВт·с	1 225	1 187	1 208	1 235
Электр энергиясын тауарлы босату, млн кВт·с	2 207	2 308	2 692	2 731
Орнатылған жылу қуаты, Гкал	791,65	717,65	713	713
Жылу энергиясын өндіру, мың Гкал	1 946	1 861	1 905	1 697
Жылу энергиясын тасымалдау, мың Гкал	1 334	1 330	1 301	1 237
Жылу энергиясын тауарлы босату, мың Гкал	1 319	1 316	1 288	1 224

2009–2017 жылдардағы Инвестициялық бағдарламаның «Өндіріс» сегменті бойынша нәтижелері



ӨСІМ ДИНАМИКАСЫ




161 МВт немесе 42,4%-ға өсті орнатылған электр қуаты
2017 жыл – 541 МВт


145,8 Гкал 17%-ға (17%) орнатылған жылу қуаты
2017 жыл – 713 Гкал


989,19 млн кВт·с-қа электр энергиясы өндірісі
2017 жыл – 3 226,17005 млн кВт·с


238,044 мың Гкал-ға жылу энергиясы өндірісі
2017 жыл – 1 697,32431 мың Гкал

2017 ЖЫЛДЫҢ ІСКЕ АСҚАН ЖОБАЛАРЫ

«СОЛТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН ЭТК» АҚ	
<p>2-ПЖЭО қаланың өнеркәсіп кәсіпорындарын, жергілікті қызмет көрсету нысандарын, сондай-ақ, үй шаруашылығын электр энергиясымен қамтамасыз етеді.</p> <p> Орнатылған электр қуаты 541 МВт</p> <p> Жаңартылған өндіруші қондырғылар 49,7%-ға</p>	<p>№2 турбоагрегатты ТП БАЖ орнатып жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Бұл мұндай турбоагрегаттар санын 7-нің ішінде 4-ке жеткізуге мүмкіндік берді.</p> <p>Есептік жылда қыздырушы қондырғының құрылысы бойынша жобаны жүзеге асыру басталды. Ол қысқы уақытта көмір тиелген вагондарды босату процесін айтарлықтай жеделдетуге, сондай-ақ, бұрын қолданылған дизель отынын сатып алуда үнем жасауға мүмкіндік береді.</p> <p>ОРУ-110 кВ қайта құру жұмыстары аяқталып, бұл стансаның қуаттылығын беру сызбасының сенімділігін арттыруға мүмкіндік берді.</p>
<p>Стансаны жаңғырту 2020 жылға дейін жалғасады.</p>	



ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУ

2017 жылы «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ-нда 0,4–10 кВ электр желілерін салу, қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру бойынша инвестици-

ялық бағдарлама аясында 101,143 км көлемінде жұмыстар орындалды, оның ішінде 83,667 км – өздігінен беруші оқшаулағыш өткізгіштен. 10–110 кВ 3 шағын стансасын қайта құру бойынша жоба жүзеге асырылды.

«СОЛТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН ЭТК» АҚ
<p>0,4 - 10 кВ – 101,143 км ЭБЖ қайта құру бойынша шаралар орындалды, оның ішінде ӨОС – 83,667 км;</p> <p>110/35/10 кВ «Николаевка» ШС-да май толтырылған енгізу нүктелері RIP қаптамалы енгізу нүктелеріне ауыстырылып ТДТН-10000/110 кВА трансформаторын күрделі жөндеу жұмыстары орындалды;</p> <p>6 дана КТПН 10/0,4 кВ ауыстыру орындалды;</p> <p>3 дана РЭС және РПБ ғимараттары қайта құрылды;</p> <p>«СҚ ЭТК» АҚ-нда орталық диспетчерліктің ескірген мнемощитін SKADA жүйесі базасында ауыстыру жобасы әзірленді;</p> <p>ЭКЕАЖ есептегіштерін орнату жүргізілді – 2 014 дана;</p> <p>10-110 кВ ШС қайта құру бойынша жұмыстар аяқталды – 3 дана.</p>

2017 жылы «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ-нда инвестициялар есебінен 10–0,4 кВ қысым классты 83,667 км электр беру әуе желілерін қайта құру бойынша шаралар атқарылды. Жалаңаш өткізгішті өздігінен берілетін оқшаулағыш сымға (ӨОС) ауыстыру және тұрмыстық тұтынушыларға арналған ЭКЕАЖ енгізу бойынша жұмыстар жалғасуда. 2017 жылы электр беру желілерінде жалпы ұзындығы 83,667 км жалаңаш өткізгіш ауыстырылып, тұтынушылардың 1782 индукциялық есептегіштері электронды түрлеріне ауыстырылды.

ЭКЕАЖ

ЭКЕАЖ енгізу бойынша жоба «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ-нда 2013 жылдан бері жүзеге асырылады. ЭКЕАЖ ақылды құралдарымен 30 780 тұтынушы қамтылған болса, ол барлық тұрғындардың 18,9%-ын құрайды. Құралдар паркін жаңғырту телекоммуникациялық компаниялар режимінде тұтынушыларға қызмет көрсету (көрсеткіштерді алу, қарызы барларды электр энергиясына қолжетімділіктен үзу) бойынша қашықтықтан жұмысты жолға қоюға мүмкіндік береді.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда тасымалдау және беру кезінде электр энергиясы шығындарын төмендетуге, сондай-ақ, тұтынушыларды қамту сенімділігін арттыруға бағытталған жобалар жүзеге асырылды. 2017 жыл қорытындысы бойынша техникалық шығындар **9,1%-дан 8,4%-ға** төмендеді.

ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУ

Жылу энергиясы шығындарын төмендету бойынша негізгі шаралар орталықтандырылған жылумен қамту жүйесін қалпына келтіруге және жаңғыртуға бағытталған. Жоба «ОАЭК» АҚ 2016-2020 жылғы инвестициялық бағдарламасы аясында жүзеге асырылса, ол Компанияның өзіндік қаржысы және ЕҚДБ жаңа инвестициялық қарызын тарту есебінен, сондай-ақ, ҚР Инвестиция және даму министрлігінің «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында бюджеттік субсидия есебінен қаржыландырылады.

Бағдарламаның жалпы құны 12,008 млрд теңгені құрайды: Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі есебінен 4,650 млрд теңге бөлінсе, «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясындағы мемлекеттік қаражат 4,650 млрд теңгені құрайды. Ал амортизациялық аударымдар есебінен Компанияның 2,708 млрд теңге көлеміндегі өзіндік қаржысы бөлінеді.

Жоба жылумен қамту сенімділігін, энергия пайдалану тиімділігін арттыруға, сондай-ақ, желілер бойынша беру кезінде жылу шығындарын төмендетумен байланысты көмір шығынын үнемдеу нәтижесінде CO₂ шығарылымдарын төмендету есебінен экологиялық стандарттарды жақсарту және шығындарды төмендетуге бағытталған.

Жұмыстарды орындау кезінде алдын ала оқшауланған құбыр өткізгіші қолданылады. Ол дәстүрлі құбыр өткізгіштерінен жоғары жылу оқшаулағыш көрсеткіштерімен, қондырғының жоғары сенімділік ресурсымен ерекшеленеді. Оның пайдалану мерзімі – 25 жыл. Бағдарлама аясында барлық шараларды жүзеге асыру есебінен отын үнемдеу жылына 109 мың тоннаны, ал CO₂ шығарылымдарын төмендету жылына 168 мың тоннаны құрайды деп күтілуде.

2017 жылы «Петропавл Жылу Желілері» ЖШС ұзындығы 7,95 км жылу құбыр өткізгіштерін алдын ала оқшауланған құбырларды пайдаланып құру және қайта құру жұмыстарын жүргізді.

Компанияның жылу беру кәсіпорындарында жылу шығынының автоматты регуляторлары, өнеркәсіптік контроллерлар және механизмдер мен бақылаушы-өлшеуші құбырлардың диспетчерлік қызметпен байланысы үшін модемдер орнатылуда. Жылу пункттерінің барлық қондырғылары бірыңғай желімен байланысады, бұл диспетчерлерге гидравликалық және температуралық режимдерді оперативті бақылауға, ал мамандарға штаттан тыс және апаттық жағдайларда жедел шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, Компания жылу энергиясы шығындарының көздерін анықтау үшін жетекші технологияларды қолданады: олар – магистральді құбыр өткізгіштерін бақылау және диагностикалау үшін тепловизиялық зерттеу құралдары, ультрадыбысты дефектоскоптар. Жоғарыда аталған барлық шараларды жүзеге асыру 2020 жылдың соңына қарай желілердегі жалпы жылу шығындарын 2015 жылмен салыстырғанда 9,0%-ға (27,9%-дан 18,9%-ға) төмендетуге мүмкіндік береді.

Петропавлдағы жылу желілерінің жоғары тозу деңгейі айтарлықтай технологиялық ақауларға әкеледі. Алайда жылу желілерін ППУ қабықтарын қолданып қайта құру арқасында технологиялық ақаулар саны төмендеді: 2016 жылы 274-ті құраған болса, 2017 жылы 197 болды. Петропавлда жаңғырту аяқталған соң алдын ала оқшауланған құбыр өткізгіштерін қолданып жылу магистральдерін қайта құру мен салудан жылу энергиясы шығындарының 11 663,36 Гкал/жылға дейін төмендеуі және ППУ қабықтарын қолданып қаптамаларды ауыстыру есебінен жылу энергиясы шығындарының 1 138,19 Гкал/жылға дейін төмендеуі, сондай-ақ, аталған учаскелерде тозудың мүлде жойылуы күтілуде.

ҚОНДЫРҒЫЛАРДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРТУ БОЙЫНША 2018 ЖЫЛҒА ЖОСПАР

Инвестициялық бағдарлама аясында 2018 жылы өндірісті арттыру, электр және жылу энергиясын беру кезінде шығындарды төмендету және қызметтің экологиялық параметрлерін жетілдіруге бағытталған қондырғыларды жаңғырту бойынша шараларды жалғастыру жоспарлануда.

2018 жылы Корпорация инвестициялық бағдарлама шараларын орындауға 7,1 млрд теңге бағыттауды жоспарлап отыр.

2018 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда келесі шараларды орындау көзделіп отыр:

- ОРУ-110 кВ қайта құру бойынша жобаны аяқтау.
- №2 күл үйіндісінің №3 картасы бөгетін құруды бастау.
- 7АТ автотрансформаторын алу және орнату.

2018 жылы «Петропавл Жылу Желілері» ЖШС-нде ұзындығы 5,3 км жылу құбыр өткізгішін алдын ала оқшауланған құбырларды қолданып құру және қайта құру, сондай-ақ, құбыр өткізгіштерінде ППУ қаптамасын қолданып 11,1 км оқшаулағышты қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі.

2018 жылы «СҚ ЭТК» АҚ инвестициялық бағдарламасының аясында жоспарланып отырған шаралар:

- 71 км 0,4-10 кВ электр желілерін құру, қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру;
- 48 км 35-110 кВ әуе желілерін құру және қайта құру;
- 1 шағын стансаны қайта құру.

ПРОЦЕСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда еңбек өнімділігін, қызметтің ашықтығын және экономикалық тиімділікті арттыру мақсатында 2017 жылы өндірістік, есептік және ақпараттық жүйелерді кешенді жаңғырту және автоматтандыруды жүзеге асыру жалғасты.

Ellipse

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда Ellipse 8 (АСУПФиА Ellipse) жүйесінің базасында өндірістік қорларды басқарудың автоматтандырылған жүйесі өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді. Ellipse бірыңғай жүйесі техникалық және жөндеу жұмыстарын жоспарлап, жүргізуге мүмкіндік береді, оның ішінде:

- болуы мүмкін іркілістер мен апаттық жұмыстарды жою бойынша жұмыстарды автоматтандыру;
- жұмыстарды орындаудың және жоспарлы техникалық қызмет көрсетудің уақытылығын болжау есебінен іркілістер мен апаттық жұмыстар санын қысқарту;
- қызметкердің оперативті іске кірісу есебінен іркілістер мен апаттық жұмыстарды жою уақытын қысқарту.

ЭКЕАЖ

2017 жылы «Электр энергиясын бақылау және есептеудің автоматтандырылған жүйесі» (ЭКЕАЖ) жобасын жүзеге асыру жалғасын тапты. Ол инфрақұрылым нысандарында орнатылған есеп құралдарын жаңғыртуды және толықтай автоматтандыруды қарастырады және онлайн режимде электр энергиясын беру және тұтыну бойынша нақты мәліметтерді қашықтықтан жинауға мүмкіндік береді. Аталған жүйе, сондай-ақ, энергия шығындарының ошағын автоматты түрде анықтап, оны уақытылы жоюға да мүмкіндік береді. ЭКЕАЖ электр энергиясының коммерциялық шығынын қысқартады.

2017 жылы LPWAN сымсыз технологиясы бойынша тұрмыстық тұтынушыларды электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі монтажданды және тәжірибелік пайдалануға берілді. ЭКЕАЖ пилоттық жобасы аясында «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ-нда 138 есеп нүктесі орнатылды.

Технологияның бұл түрі әрбір кешенді трансформатор шағын стансасында мәліметтер жинау және беру құрылғыларын қолдануды қажет етпейді. Тұтас тұрғын аумағына бір базалық станса қолданылады, ал радиомодульмен жабдықталған, батареялы есептегіштер тәулік ішінде радиожилілік арқылы базалық стансаға өз көрсеткіштерін жолдап отырады. Базалық станса интернет арқылы жинақталған ақпаратты серверлік қондырғыға жіберіп, ақпарат сол жерде сақталады. Логин және пароль иеленген тұтынушы интернет көмегімен серверге қосылып, қажетті кезеңдегі құрал көрсеткіштерімен таныса алады. Бұл жобаны 2018 жылы іске қосу жоспарланып отыр.

ЭКЕАЖ енгізу бойынша жоба «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ-нда 2013 жылдан бері жүзеге асырылады. ЭКЕАЖ ақылды құралдарымен 30 мың тұтынушы қамтылған болса, ол барлық тұрғындардың 18%-ын құрайды. Құралдар паркін жаңғырту телекоммуникациялық компаниялар режимінде тұтынушыларға қызмет көрсету (көрсеткіштерді алу, қарызы барларды электр энергиясына қолжетімділіктен үзу) бойынша қашықтықтан жұмысты жолға қоюға мүмкіндік береді.



«ТЕЗИС» ТҚП БАЖ

2017 жылғы қарашадан бері «СҚ ЭТК» АҚ-нда электр желілеріне техникалық қосылу процесін басқарудың автоматтандырылған жүйесі – ТҚП БАЖ тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануға берілді. Жүйе электр желілеріне тұтынушыларды қосу үшін техникалық шарттарды рәсімдеу процесінің ашықтығын көтеруге бағытталған.

Жүйенің басты артықшылығы – құжаттардың қай са-тыда және процесс қатысушыларының қайсысында екенін анықтауға мүмкіндік беретін аралық бақылау. Жүйе кәсіпорындардың оперативтік қызметіне тиімді қолдау көрсетеді, техникалық шарттарды беру, жоба-лық-сметалық құжаттаманы мақұлдау және тұтынушы-ларға құжат дайындау процесін есепке алу және бақы-лауға мүмкіндік береді.

ТҚП БАЖ жобасы аясында тұтынушыларды қосу уақыты қысқарды, жаңа тұтынушыларды ин-фрақұрылым нысандарына қосудың барлық про-цесі жеңілдетіліп, оңтайландырылды.

ПРОЦЕСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ БОЙЫН-ША 2018 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАР

ЭКЕАЖ

2018 жылы бірыңғай басқару тәсілін жүзеге асыру және жобаны әрі қарай тиімді дамыту үшін ұйымда-стырушылық-техникалық шараларды жетілдіру есебінен ЭКЕАЖ жобаларын біріктіру жоспарланып отыр.

Есептегіштер мен мәліметтерді жинау және беру құрылғыларының бірнеше ондаған түрлерін тәжіри-белік пайдалану құралдардың монтаждан іске қо-су-жөндеуге дейінгі және одан әрі қолдау мен кел-пілді алып жүруді қамтитын толық өмірлік циклін бірегейлендіруді жүзеге асырады.

ТҚП БАЖ (ЭЛЕКТР және ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫ)

2018 жылғы маусымнан тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану кезеңінің сәтті аяқталуымен байланысты «СҚ ЭТК» АҚ-нда ТҚП БАЖ өнеркәсіптік пайдала-нуға беру жоспарланып отыр. Қызмет көрсетудің то-лық және ашық циклін қамтамасыз ету мақсатында 2018 жылдың соңына дейін тұтынушының техника-лық шарттарды рәсімдеу процесін онлайн режимде бақылауы үшін жеке кабинетті енгізу жоспарлануда.

БИЛЛИНГ

2018 жыл аяғына қарай жоспарланып отырған бірыңғай биллинг жүйесіне көшуді аяқтау жылу және электр энергиясын автоматтандырып және бірегейлендіріп қана қоймай, тұтынылған электр және жылу энергиясының нақты құнын оперативті есептеу есебінен тұтынушылармен жұмысты жақ-сартады, тұтынушыларға қызмет көрсету мен жеке кабинет арқылы ақпарат алудың қашықтықтағы каналдарын ұсынады.

«СЕВКАЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС-НДЕ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

«Севказэнергосбыт» ЖШС-нде тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл бағытта бірқатар шаралар өткізіледі, олар:

- мүмкіндігі шектеулі тұтынушылармен жұмысты ұйымдастыру;
- тұтынушыларға қызмет көрсету орталығында қосымша қызмет көрсету нүктелерін ашу;
- Контакт орталықтың көпарналы телефонына Компания мекен-жайына дыбыстық хабарлама қалдыруға мүмкіндік беретін «дыбыстық пошта» функциясын, сондай-ақ, қарызы бар тұтынушы-ларға автоқоңырау функциясын енгізу;
- тұтынушыларға тиісті нүктелерді басу арқылы контакт орталық операторларының жұмысын бағалауға мүмкіндік беру;
- «Жеке кабинет» сервисін «Тұтынушылармен ха-бар алмасу» функциясымен толықтыру;
- 2015 жылдан бері қызмет ететін бірыңғай төлем құжатына (БТҚ) енгізілген қызмет көрсетушілер тізімін кеңейту.

Тұтынушыларға қызмет көрсету ыңғайлылығы үшін қаланың әртүрлі аудандарында орналасқан сервис орталықтары қызмет көрсетуін жалғастыруда.

2018 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАР

Тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатындағы жұмыстар жалғасады. 2018 жыл соңына дейін 1С платформасының базасында «Биллинг» БҚ-н өндірістік пайдалануға енгізу жоспарла-нып отыр.

САТЫП АЛУ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҚАМТУ

Тиімді сатып алу қызметін құру Компанияның опера-циялық тиімділікті арттыру аясындағы маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. «СЕВКАЭНЕР-ГО» АҚ компаниялар тобының сатып алулар сала-сындағы негізгі басымдықтарына тендер өткізу-дегі ашықтықты қамтамасыз ету, экономикалық тиімділіктің жоғарғы шегіне қол жеткізу үшін сатып алу қатысушыларының санын арттыру жатады.

2017 жылдан бері Компаниялар тобында сатып алу қызметінің тиімділігін және ашықтығын арттыру үшін трансформациялық процестер басталды. Жыл ішінде процестерді автоматтандыру, сатып алуды жоспарлау жүйесін жақсарту, санаттық сатып алу стратегияларын әзірлеу, КРІ жүйесін енгізу және өзге бағыттағы жобалар әзірленді. Есептік кезең қо-рытындысы бойынша келесі міндеттер орындалды:

- «Сатып алулардың жылдық жоспары» түрінде-гі сатып алуларды жоспарлау жүйесі әзірленді және енгізілді;
- Кейбір КРІ көрсеткіштері анықталған апталық есептік жүйесі әзірленді және енгізілді;

- Жаңартылған ұйымдық құрылым бекітілді;
- Сатып алуларды орталықтандыру деңгейі бой-ынша тәсіл қайта қаралды;
- Сатып алулар бойынша процестер қайта қара-лып, нұсқаулықтар жаңартылды.

САТЫП АЛУ ҚЫЗМЕТІНІҢ 2018 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:

- сатып алу қызметінің ашықтығын арттыру;
- коммерциялық тиімділікті арттыру және КРІ бағалау жүйесін енгізу;
- тиімді сатып алуларды жоспарлау жүйесін ен-гізу;
- жеткізушілерді аттестаттау және алдын ала біліктілік беру жүйесін енгізу;
- сатып алу процестерін автоматтандыру және электронды сатып алу жүйесін енгізу.



ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Компанияның 2017 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына сәйкес әзірленді. Есеп са-

ясатының принциптері Компания кәсіпорындарының бәріне бірегей.

Компанияның басты қаржы-экономикалық көрсеткіштері операциялық және қаржылық қызметтің нәтижелілігі мен тиімділігін, сондай-ақ, Компанияның стратегиялық дамуының негізгі бағыттары орындалғанын көрсетеді.

2015–2017 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР, МЛН ТЕҢГЕ

КӨРСЕТКІШТЕР	2015	2016	2017
Негізгі қызмет табыстары	26 608	30 905	31 702
Кезең шығындарын есепке алғандағы өзіндік құн	(20 462)	(23 026)	(24 737)
Операциялық қызметтен түскен пайда	6 146	7 879	6 965
Бір жылғы жалпы EBITDA*	10 487*	12 726	11 791
Бір жылғы жалпы EBITDA, айырма %	39,4	41,2	37,2
Табыс салығы бойынша шығындар	(110)	(1 484)	(1 230)
Бір жылғы таза пайда	(303)	4 886	3 363
Активтер	99 261	105 633	109 793
Капитал	51 118	56 004	56 923
Негізгі жабдықтар бойынша капиталды шығындар	10 739	10 962	8 433

* жалпы EBITDA курстық айырмашылықты есепке алмай келтірілген.

ТАУАР/ҚЫЗМЕТ ӨТКІЗУДЕН ТҮСКЕН ТАБЫС

2017 жыл қорытындысы бойынша, Компания жалпы сомасы 31 702 млн теңгенің электр және жылу энергиясын өндіру, беру және өткізу қызметтерін жүзеге асырды. Бұл 2016 жылғы сәйкес көрсеткіштен 2,6%-ға жоғары болса, ол электр энергиясын өткізу көлемінің артуымен және жылу энергиясы бойынша тарифтің өсуімен байланысты.

Өткен кезеңмен салыстырғанда, 2017 жылғы өткізуден түскен табыс деңгейіне ықпал еткен басым факторларға келесілер жатады:

- Электр энергиясын өткізу көлемі инвестициялық бағдарлама нәтижесінде және тұтынушылар тарапынан сұраныстың оң динамикасына бай-

ланысты жаңа өндірістік қуаттылықтардың енгізілуіне орай, электр энергиясын өткізу көлемінің 39,1 млн кВт·с-қа (1,5%) өсуі есебінен 2016 жылмен салыстырғанда, 38,8 млн теңге немесе 0,2%-ға ұлғайды;

- Электр энергиясын беруден түсетін табыстар энергия беру көлемінің 26,5 млн кВт·с-қа (2,3%-ға) өсуі және тарифтің 2,4%-ға өсуі есебінен 208 млн теңге немесе 4,7%-ға өсті;
- Жылу энергиясын беру табыстары беру тарифтерінің 14,7%-ға өсуі есебінен 194 млн теңге немесе 9,0%-ға артты.
- Өткізуші компаниялардың өндіріс тарифтері мен босату тарифтерінің жалпы 21,3%-ға өсуі нәтижесінде өткізу маржасын есепке алғандағы жылу энергиясын өткізу табыстары 352 млн теңгеге не 15,2%-ға өсті.

ӨТКІЗІЛГЕН ТАУАР/ҚЫЗМЕТТІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

2017 жылы өткізілген электр және жылу энергиясының өзіндік құны 22 267 млн теңгені құрап, 2016 жылмен салыстырғанда өсім 1 367 млн теңге немесе 6,5% болды. Ол «Отын», «Шығарылымдар», «Тозу және амортизация», «Еңбекті төлеу», «Сатып алынатын энергия» және «Сыртқы ұйымдардың қызметтері» баптары бойынша операциялық шығындардың артуымен байланысты орын алды.

Компанияның өзіндік құн құрылымында басым бөлшек үлеске (40%) «Отын» бабы ие.

Аталған бап бойынша қымбаттау 384 млн теңге немесе 4,5% құрады. Оның ішінде отын шығындары көлемінің 3,1%-ға азаюы есебінен 261 млн теңгеге төмендесе, тасымалдау есебінен бағаның 7,9%-ға артуына байланысты 645 млн теңгеге қымбаттаған.

Мөлшерлемелердің артуына байланысты қоршаған ортаға шығарылымдар бойынша шығындар 37 млн теңгеге артты. Амортизациялық аударымдар 2017 жылы 8 433 теңгеге негізгі жабдықтарды енгізу есебінен 449 млн теңге немесе 10,7%-ға өсті.

Еңбекті төлеу шығындары 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап еңбекақының өсуіне байланысты 80 млн теңге немесе 3,3%-ға артты.


Жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын сатып алу шығындары сатып алу көлемінің 3 млн кВт·с немесе 17,9%-ға артуына байланысты 125 млн теңге немесе 30,8%-ға көбейді.

Өндірістік сипаттағы қызметтер шығындары техникалық диспетчерлеу мен теңгерімдеу бойынша КЕГОС қызметі құнының өсуі мен, сондай-ақ, қондырғыны жөндеу және пайдалану шығындарының өсуіне байланысты 293 млн теңге немесе 5,9%-ға артты.

ЖАЛПЫ EBITDA ДИНАМИКАСЫ*

2017 жылғы EBITDA көрсеткіші 11 791 млн теңгені құрады, 2016 жылмен салыстырғанда өсім 935 млн теңге немесе 7,4% құрады. Операциялық тиімділік көрсеткіші өсімінің негізгі факторлары жылу энергиясын өткізу көлемінің 63,9 мың Гкал немесе 5,0%-ға төмендеуі, сондай-ақ, 7 АТ трансформаторының апаттық өшуі және соған орай ТА ст.№7 мәжбүрлі түрде резервке тоқтатылуы мен РиМ ТА ст.№2 мерзімдерінің ұзартылуы болып табылады.

Бір жылғы жалпы EBITDA, млн теңге



* жалпы EBITDA курстық айырмашылықты есепке алмай келтірілген

СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША ОПЕРАЦИЯЛЫҚ EBITDA КӨРСЕТКІШІ

Компания өндірістік қызметін бағалауда операциялық EBITDA көрсеткіші негізгі болып таңдалған. Бұл көрсеткіш – Компанияның базалық өндірістік қызметіне әсер етпейтін өзге кірістер, қаржыландыру кірістері, курстық айырмаға қатысты міндеттемелердің сенімсіз компоненті, еңбекке қабілеттіліктен айрылу бойынша әлеуметтік төлемдер, амортизация мен қайталанбайтын немесе тұрақсыз баптарды қарастырмайды.

Компанияның 2017 жылғы операциялық EBITDA көрсеткіші 11 783 млн теңге құрап, 2016 жылмен салыстырғанда төмендеу 443 млн теңге немесе 3,6% құрады. Операциялық EBITDA көрсеткіш құрылымында негізгі (бірінші кезектегі) айырмалы сегмент – электр және жылу энергия өндірісі (10 303 млн теңге) болып табылады, мұнда 2017 жылы 7 АТ трансформаторының апаттық өшуі және соған орай ТА ст.№7 мәжбүрлі түрде резервке тоқтатылуы мен РиМ ТА ст.№2 мерзімдерінің ұзартылуы есебінен 1 372 млн теңге немесе 11,8% артқан.

ТАЗА ТАБЫС/ШЫҒЫННЫҢ ДИНАМИКАСЫ

2017 жылғы операциялық қызметтен түскен пайда 6 965 млн теңге (өткізу табысынан айырмасы 22%) құраса, табыстың 914 млн теңгеге төмендеуі жылу энергиясын өткізу көлемінің 63,9 мың Гкал немесе 5,0%-ға төмендеуімен, сондай-ақ, 7 АТ трансформаторының апаттық өшуі және соған орай ТА ст.№7 мәжбүрлі түрде резервке тоқтатылуы мен РиМ ТА ст.№2 мерзімдерінің ұзартылуымен байланысты.

Қаржылық нетто шығындары пайдалануға берілген нысандар бойынша пайыздық шығындарды капиталдаудың аяқталуына байланысты инвестициялық қарыздардың сыйақысы бойынша шығындарды есептеу

есебінен 339 млн теңге немесе 17,7%-ға артты. Табыс салығы бойынша шығындар салықтық есеп бойынша ауыспалы шығынның төмендеуі есебінен 254 млн теңгеге төмендеді.

Сегменттер бойынша 2017 жылғы қаржы-экономикалық көрсеткіштер, млн теңге

Көрсеткіштер	Электр және жылу энергиясын өндіру	Электр энергиясын беру және тарату	Жылу энергиясын беру және тарату	Электр және жылу энергиясын өткізу	Басқалар	Қорытынды
Негізгі қызмет табыстары	23 698	4 649	2 341	998	16	31 702
Өзіндік құны	(16 082)	(3 631)	(2 208)	(285)	(61)	(22 267)
Жалпы пайда	7 616	1 018	133	713	(45)	9 435
Кезең шығындары	(930)	(539)	(546)	(455)	-	(2 470)
Операциялық қызметтен түскен пайда	6 686	479	(413)	258	(45)	6 965
Қаржылық шығындар, нетто	(1 973)	(121)	(167)	-	-	(2 261)
Өзге табыстар	(391)	83	81	67		(160)
Курстық айырмашылық шығыны	25	20	3	2		50
Табыс салығы бойынша шығындар	(1 075)	(130)	47	(72)		(1 230)
Бір жылғы таза пайда	3 272	331	(448)	254	(45)	3 363
Сегменттер бойынша операциялық EBITDA	10 348	1 191	13	277	(45)	11 783


АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жиынтық активтері 109 793 млн теңгені құрады, бұл 2016 жылдың сәйкес көрсеткішінен 3,9%-ға жоғары.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі жабдықтардың құны 101 535 млн теңге немесе барлық активтер құнының 92,5%-ын құрады. 2017 жылғы кең ауқымды инвестициялық бағдарлама аясында 8 433 млн теңге соманың негізгі жабдықтары сатып алынып, аяқталмаған құрылыс құрамына бағытталды, 8 712 млн теңге сомаға ағымдағы кезең және өткен жылдардан келе жатқан жаңа және қайта құрылған нысандар енгізілді. Нақтырақ айтқанда, бұл 2017 жылы желтоқсанда жылу магистралін пайдалануға берумен байланысты.


Басқа қаржылық активтер 459 млн теңге көлемінде белшектен толтыру және алуға мүмкіндік беретін

Активтер, млн теңге



жұмсақ шарттары бар депозит түрінде берілген. Депозиттер Компанияның қарыздарға қызмет көрсету, инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру және айналымдық капиталды ұстап тұруы үшін жиналған ақшалай қаражат түрінде берілген.

Пассивтер, млн теңге



Компанияның жарияланған жарғылық капиталы 143,9 млн дана жай акцияны құрайды. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толықтай төленген жай акциялардың құны 16 292 млн теңгені құрады.

2017 жылғы қарашада «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ айналымдық қаражатты толтыру мақсатында 500,1 млн теңгеге номиналды құны 13% мөлшердегі пайыздық мөлшерлеменен индекстелген 100 теңге болатын қысқа мерзімді купондық коммерциялық облигацияларды орналастырды.

Ұзақмерзімді қарыздар негізінен Топ активтерін қайта құру және жаңғырту бойынша Компанияның ұзақмерзімді инвестициялық бағдарламаларын қаржыландыруға бағытталған ЕҚДБ қарызын қамтиды.

Жалпы қаржылық қарыз есептік жыл аяғында 26 178 млн теңгені құрап, бұл ретте Компания қаржылық тұрақтылығын сақтайды.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ

2017 жылы операциялық қызметтен ақшалай қаражат ағынының артуы байқалды, бұл 7 АТ трансформаторының апаттық өшуі және соған орай ТА ст.№ 7 мәжбүрлі түрде резервке тоқтатылуы мен РиМ ТА ст.№ 2 мерзімдерінің ұзартылуы есебінен ақшалай қаражат ағынының азаюымен байланысты болды. Операциялық қызметтен келетін таза ағын, шетелдік валютадағы қалдық ақша қаражатына курстық өзгерудің ықпалын есепке алғанда, 7 956 млн теңгені құрады. Айналымдық капиталдың өзгеруі ағымдағы активтердің 903 млн теңгеге артуымен және ағымдағы міндеттемелердің 2 157 млн теңгеге төмендеуімен байланысты. Бұл айналымдық капиталдың артуына әкелді.

2017 жылы инвестициялық қызметтен түскен 8 590 млн теңге көлеміндегі ең маңызды ақша ағындары ағымдағы кезеңнің үдемелі инвестициялық бағдарламасымен байланысты.

Жыл соңында ақшалай қаражаттар мен депозиттер 529 млн теңгені құрады, ақша қаражатының жеткілікті резерві Компанияға қажетті өтімділік деңгейін ұстап тұруға және қарыздарға қызмет көрсету үшін ішкі ресурстарды ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Ақша қаражатының қозғалысы, млн теңге




БІЗ



СЕВКАЗЭНЕРГО

4

**КОРПОРАТИВТІК
БАСҚАРУ**



ЭНЕРГИЯ – ІС

Біз басқарудың халықаралық стандарттары мен жетекші технологияларды ендіре, қауіпсіздік және еңбекті қорғау принциптерін сақтай отырып, тұтынушыларды тұрақты электр және жылу энергиясымен қамтамасыз етеміз.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда қазақстандық және халықаралық стандарттарға жауап беретін тиімді де айқын корпоративтік басқару жүйесі жұмыс жасайды. Корпоративтік басқару қызмет ашықтығын арттырып, активтердің өсуіне және Компанияның қаржылық тұрақтылығын сақтауға көмектеседі.

Ұйымдық құрылым



Қаржылық есептіліктің деректеріне сәйкес, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарғылық капиталы 16 291 512 мың тең-

гені құрайды. «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ акциялардың 100%-ына ие жалғыз акционер болып табылады.

ҰСТАУШЫНЫҢ АТАУЫ	ЖАЙ АКЦИЯЛАР		АРТЫҚШЫЛЫҒЫ БАР АКЦИЯЛАР	БАРЛЫҚ АКЦИЯЛАР	
	САНЫ	ҮЛЕСІ		САНЫ	ҮЛЕСІ
«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ	143 863 799	100%	-	143 863 799	100%

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

Компанияның жоғарғы басқарушы органы – Акционерлердің жалпы жиналысы. Компания акционерлері жылдық Жалпы жиналыстың күн тәртібіне өзгерістер енгізіп, Директорлар кеңесіне, Комитетке үміткерлер ұсынуға және Директорлар кеңесі отырыстарын шақыруға құқылы.

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2017 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы компетенциясына жататын шешімдер «ОАЭК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысында (АЖЖ) келесі мәселелер бойынша қабылданды:

- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесін сайлау, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерінің өкілеттік мерзімін, сыйақы мөлшері және төлеу тәртібін анықтау туралы шешім;
- 2017 қаржылық жыл үшін «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ таза табысын бөлу тәртібі туралы шешім;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызығушылығы бар мәміле жасау туралы шешім.

ДИВИДЕНДТЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Дивидендтерді есептеп жазуға, оларды жариялау тәртібіне, мөлшеріне, төлеу нысанына және мерзімдеріне қатысты Компанияның саясаты Жарғыда айқындалған.

Төменде аталғандар Компанияның дивидендтік саясатының негізгі принциптері болып табылады:

- дивидендтік төлемдердің мөлшерлерін айқындаған кезде Компания және оның акционері мүдделерінің теңгерімі;
- Компанияның инвестициялық тартымдылығын, қаржылық тұрақтылығын, капиталын және ликвидтілігін арттыру;
- салынған капиталдың нарықтық табыстылығын қамтамасыз ету;
- акционерлер құқықтарын сақтау және сыйлау, олардың әл-ауқатын арттыру.

Компания таза табыстың өз дамуына қажетті қаражаты сақтауға мүмкіндік беретіндей бөлігін дивидендтерді төлеуге жұмсайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы Компанияның Директорлар кеңесінің ұсынымы бойынша жылдық дивидендтерді төлеу жөніндегі шешімді қабылдайды. Алдын-ала қарастырылмаған негативті жағдайлар болған кезде, Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы

жиналысына дивидендтерді төлеу (жариялау) туралы шешім қабылдауға ұсыныс беруге міндетті.

12.06.2017 жылы болған «ОАЭК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысында (АЖЖ) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ акционерлеріне бір жай акция бағасы 16,9804 теңге есебінен 2016 қаржылық жыл үшін 2 442 864 500 (екі миллиард төрт жүз қырық екі миллион сегіз жүз алпыс төрт мың бес жүз) теңге дивиденд төлеу туралы шешім қабылданды (№3 хаттама).

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ осы Компания Жарғысы мен «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен Акционерлердің жалпы жиналысының (АЖЖ) компетенциясына берілген мәселелерді есепке алмағанда, Компания қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Компанияның атқарушы органын қалыптастырады және қадағалайды. Қызмет мақсатына қол жеткізу үшін Директорлар кеңесі келесі принциптерді басшылыққа алады:

- Компания қызметі турасында шынайы және толық ақпаратты қолдана отырып, ұжымдық және салмақты негізде талқыланған мәселелер бойынша, бизнес жүргізудің ең жоғарғы стандартына сәйкес шешім қабылдау;
- Акционерлердің Компанияны басқаруға қатысу, дивидендтер, Компания туралы ақпарат пен есеп алу сынды заңды көзқарастары мен құқықтарын шектеуге жол бермеу;
- Компания акционерлері көзқарастарының теңгерімді болуын қамтамасыз ету және Директорлар кеңесінің Компания акционерлерінің көзқарастарына сай келетін объективті шешімдер қабылдауына қол жеткізу;
- Компания акционерлерін шынайы және уақытылы ақпараттармен қамтамасыз ету.

Сонымен қатар, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесі «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ, «Севказэнергосбыт» ЖШС, «Петропавл Жылу Желілері» ЖШС сияқты заңды тұлғалар акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері жөніндегі шешімдерді қабылдайды, бұл заңды тұлғалардың (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) 100%-ы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-на тиесілі. «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ-ның («СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның еншілес кәсіпорны) Директорлар кеңесі де электр желілік компанияны басқару функцияларын атқарады. Директорлар кеңесіне берілетін сыйақы мөлшері Компания акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімі негізінде анықталады.

2017 жылы Директорлар кеңесіне берілген сыйақылардың жалпы сомасы 44 229 мың теңгені құрады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

Акционерлік қоғамдардың Директорлар кеңесі құрамы:

АТАУЫ, ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ФОРМАСЫ	ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ	ЛАУАЗЫМЫ	САЙЛАНҒАН КҮНІ/ӨКІЛЕТТІГІ АЯҚТАЛАТЫН КҮН
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы	15.01.2018 – 14.01.2020
	Карягин Андрей Валерьевич	Директорлар кеңесінің мүшесі	15.01.2018 – 14.01.2020
	Ларичев Леонид Викторович	Директорлар кеңесінің мүшесі	15.01.2018 – 14.01.2020
	Нигаи Александр Данилович	Директорлар кеңесінің мүшесі	15.01.2018 – 14.01.2020
	Андреев Геннадий Иванович	Тәуелсіз директор	15.01.2018 – 14.01.2020
	Табанов Эльдар Рашитович	Тәуелсіз директор	15.01.2018 – 14.01.2020
«Солтүстік Қазақстан Электр Желілік Тарату Компаниясы» АҚ	Зулеев Мұқан Махамбетұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы	14.06.2017 – 13.06.2020
	Ларичев Леонид Викторович	Директорлар кеңесінің мүшесі	14.06.2017 – 13.06.2020
	Андреев Геннадий Иванович	Тәуелсіз директор	14.06.2017 – 13.06.2020

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ



ТҰРҒАНОВ ДҮЙСЕНБАЙ НҰРБАЙҰЛЫ (1959 жылы туған)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ.

15.01.2018 – «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ/Директорлар кеңесінің төрағасы;
15.01.2018 – «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ/Директорлар кеңесінің төрағасы.



КАРЯГИН АНДРЕЙ ВАЛЕРЬЕВИЧ (1967 жылы туған)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ.

15.01.2018 – «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ/Директорлар кеңесінің мүшесі;
15.01.2018 – «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ/Директорлар кеңесінің мүшесі;
25.12.2017 – «Астана Инвест» Инвестициялық үйі» АҚ/Директорлар кеңесінің төрағасы;
06.12.2017 – «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ/Экономика және қаржы жөніндегі вице-президент.



ЛАРИЧЕВ ЛЕОНИД ВИКТОРОВИЧ (1969 жылы туған)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ.

10.09.2014 – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ/Бас директор;
22.08.2014 – «Солтүстік Қазақстан Электр Желілік Тарату Компаниясы» АҚ/Директорлар кеңесінің мүшесі.



НИГАЙ АЛЕКСАНДР ДАНИЛОВИЧ (1984 жылы туған)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ.

15.01.2018 – «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ/Директорлар кеңесінің мүшесі;
15.01.2018 – «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ/Директорлар кеңесінің мүшесі.



АНДРЕЕВ ГЕННАДИЙ ИВАНОВИЧ (1943 жылы туған)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ үлестес тұлғасы болып табылмайды және соңғы үш жыл ішінде болған емес.

15.01.2018 – «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ/Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
15.01.2018 – «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ/Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
13.11.2017 – «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ/Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
02.07.2015 – «Институт «КазНИПИЭнергопром» АҚ/Құрметті президент.



ТАБАНОВ ЭЛЬДАР РАШИТОВИЧ (1968 жылы туған)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ үлестес тұлғасы болып табылмайды және соңғы үш жыл ішінде болған емес.

15.01.2018 – «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ/Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
15.01.2018 – «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ/Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
13.11.2017 – «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ/Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
29.09.2017 – «City Vox» ЖШС/Директор.


ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2017 жылы Директорлар кеңесінің 12 мәжілісі өткізілді.

Директорлар кеңесінің назарында болған негізгі мәселелер төмендегілер болды:

- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобының қызметкерлеріне еңбекті төлеу шарттары туралы;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ мүдделі тараптармен мәміле жасау туралы;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобының 2017 жылғы бюджетінің өзгеруі туралы;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесі төрағасын сайлау туралы;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау, олардың өкілеттік мерзімін анықтау;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2016 жылғы шоғырландырылған жылдық қаржылық есебін алдын-ала бекіту;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және оның еншілес ұйымдарының атқарушы органы туралы ережені бекіту;

- Директорлар кеңесіне есепті құрылымдық бөлімшелердің ішкі нормативтік құжаттарын бекіту;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ және «Астанаэнергосбыт» ЖШС-мен бірге «ОАЭК» АҚ-на «Al Hilal» Ислам банкі» АҚ-ның қаржыландыруы шарттарын анықтау туралы;
- «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ 2016 жылғы қаржылық есептілігін бекіту және таза табысты бөлу;
- «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын анықтау, Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау, олардың өкілеттік мерзімін анықтау, Директорлар кеңесінің жаңа сайланған мүшелеріне төленетін сыйақының мөлшері мен төлем шарттарын анықтау туралы;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету есебінде «Сбербанк» ЕБ АҚ-нда «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-на кепілдіктер беру туралы;
- Кредиттік желі/қарыз бойынша өзіндік міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету есебінде «Сбербанк» ЕБ АҚ мүліктерін «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-на беру туралы;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесіне есепті қызметкерлерді лауазымдарына тағайындау туралы.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінде 31 желтоқсан 2017 жыл бойынша үш комитет қызмет атқарады:

АТАУЫ	МІНДЕТТЕРІ	ҚҰРАМЫ	ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ
Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет	– Қоғамның директорлар кеңесіне Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау бойынша консультациялық көмек көрсету және ұсыныстар әзірлеу; Даму стратегиясын, Қоғам бюджетін әзірлеу, Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін жоспарлау; – Қоғам қызметін жоспарлау және бюджеттеу саласында бар мәселелерді анықтау.	Андреев Геннадий Иванович. Төраға Мүшелері: Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлы Ларичев Леонид Викторович	2017 жылы комитет отырысы өткізілмеді.
Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет	– Директорлар кеңесіне басқарушылық шешімдер қабылдауға ұсыныстар әзірлеу және ұсыну; – Тәуекел-ориентациялы ішкі аудит, ТБЖ және ІБЖ жетілдіру бойынша заманауи тәсілдерді енгізу; – ТБЖ және ІБЖ тиімділігін тестілеудің тиімді бағдарламаларын енгізу; – ТБЖ және ІБЖ жетілдіру бойынша шаралар жоспарының және түзетуші әрекеттер жоспарының уақытылы және толықтай орындалуын бақылау.	Табанов Эльдар Рашитович. Төраға Мүшелері: Карягин Андрей Валерьевич Ларичев Леонид Викторович Рахимберлинова Жанар Жандарбекқызы Станбаева Айжан Орманқызы	2017 жылы Комитеттің 1 отырысы және Комитет мүшелерінің қатысуымен 1 жиналыс өткізілді.
Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет	– Қоғамның директорлар кеңесіне кадрлық, әлеуметтік мәселелер бойынша консультациялық көмек көрсету және ұсыныстар әзірлеу; – Директорлар кеңесі мен Қоғамның құрылымдық бөлімшелері арасында өзара әрекет механизмдерін дамыту.	Андреев Геннадий Иванович. Төраға Мүшелері: Нигай Александр Данилович Ларичев Леонид Викторович Константинова Наталья Валерьевна	2017 жылы Комитеттің 1 отырысы және Комитет мүшелерінің қатысуымен 1 жиналыс өткізілді.

АТҚАРУШЫ ОРГАН

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда атқарушы органы Бас директор болып есептеледі. Бас директор Компанияның ағымдағы қызметіне басшылық етеді, Директорлар кеңесінің және Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін орындайды.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директоры Ларичев Леонид Викторович. Акционерлік қоғамның жарғы капиталында, сондай-ақ, еншілес және тәуелді ұйымдар капиталында үлесі жоқ.



«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директоры

ЛЕОНИД ВИКТОРОВИЧ ЛАРИЧЕВ

ҚЫСҚАША ТҮЙІНДЕМЕ

Энергетика саласындағы жолын 1993 жылы «Қарағанды 3-ЖЭО-нда» орталықтандырылған жөндеу цехінің шебері болып бастаған. «Қарағанды 3-ЖЭО», «Астана-Энергия» АҚ, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-нда басшылық қызметтер атқарған. 2014 жылы 22 тамызда Директорлар кеңесінің шешімімен «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Басқарма төрағасы болып тағайындалды. 2014 жылдың 10 қыркүйегінде «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директоры міндетін атқаруға кірісті.

Леонид Викторович Ларичев «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген энергетигі» белгісімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. 2011 жылы Ларичев Леонид Викторовичке «ТМД еңбек сіңірген энергетигі» атағы берілді. 2016 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бас директоры «Құрмет» орденімен наградталды. Ларичев Леонид Викторовичтің басшылығымен электр және жылу энергетикасында жаңғырту жобалары, сондай-ақ, өндіріс пен әлеуметтік сфера салаларындағы халықаралық стандарттарға сәйкес өзге де бағдарламалар жүзеге асырылуда.

Компанияның еншілес кәсіпорындары – «Солтүстік Қазақстан Электр Желілік Тарату Компаниясы» АҚ, «Петропавл Жылу Желілері» ЖШС, «Севказэнергосбыт» ЖШС атқарушы органдары – Бас директор болып табылады.

АТАУЫ, ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ФОРМАСЫ	АТҚАРУШЫ ОРГАН	ЛАУАЗЫМЫ	САЙЛАНҒАН КҮНІ / ӨКІЛЕТТІГІНІҢ АЯҚТАЛУ КҮНІ
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	Ларичев Леонид Викторович	Бас директор	10.09.2016-09.09.2018
«Солтүстік Қазақстан Электр Желілік Тарату Компаниясы» АҚ	Казановский Анатолий Антонович	Бас директор	16.10.2015-15.10.2017 («СҚ ЭТК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен өкілеттігі 2018 жылдың 15 қазанына дейін ұзартылды)
«Петропавл Жылу Желілері» ЖШС	Рыбас Игорь Николаевич	Бас директор	16.09.2014 – 15.09.2018
«Севказэнергосбыт» ЖШС	Сағандыков Мағауия Карипуланович	Бас директордың міндетін атқарушы	12.06.2016 бастап

Сыйақы беру саясаты

Атқарушы орган сыйақысының көлемі «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ

Бизнес-процестерді жетілдіру және Компанияда қабылданатын шешімдер тиімділігін арттыру мақсатында ішкі бақылау механизмдері жолға қойылған. Ішкі аудит басқармасы (ИАБ) қызметінің тәуелсіздігі мен объективтілігі оның Компанияның Директорлар кеңесіне бағыныштылығы мен есеп берушілігімен және қаржылық есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз ету және ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерін үйлестіру процестері мен қабылданған шешімдерге мониторинг жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі.

2017 жылы ИАБ Директорлар кеңесі бір жылға бекіткен жоспарға сәйкес келесі жұмыстарды орындады: еншілес ұйымдардағы «Сатып алулар, келісімшарттарды басқару және кредиторлармен есеп айырысу», «Тұтынушыларды электр/жылу желілеріне қосу процесін басқару», «Табыстарды есептеу және дебиторлармен есеп айырысу» бизнес-процестерінің ішкі бақылау жүйесінің (ІБЖ) тиімділігіне бағалау жүргізу. Сондай-ақ, техникалық шарттар беруге, ИАБ ұсыныстарын орындауға мониторинг, негізгі жабдықтар мен тауарлы-материалдық қорларға түгендеу жүргізілді. ИАБ Директорлар кеңесіне және Аудит жөніндегі комитетке жылдық есеп, сондай-ақ, атқарылған жұмыс туралы квартал сайынғы есепті берді.

Басқарма қызметі Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарына (ISA), сондай-ақ, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ішкі аудиторлар этикасы кодексіне сәйкес жүргізіледі. Ішкі аудиторлар өз жұмысында келесі принциптерді ұстанады: адалдық, нақтылық, конфиденциалдық және кәсіби компетенттік.

ИАБ қызметі «ОАЭК» АҚ Ішкі аудит департаментінің талаптарына сәйкес бірегейлендірілген және аудит әдістемесі мен тәжірибесіне сәйкес келеді.

2017 жылы және қазіргі таңда Компания бақылаудың барлық деңгейінің, оның ішінде қаржылық және операциялық бақылаудың, заңдар мен ережелердің сақталуының сенімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін ішкі бақылау жүйесіне ие.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Компанияның корпоративтік басқару тәжірибесі 2017 жылы Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне толықтай сәйкес келді.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ корпоративтік басқару жүйесі акционерлер, өзге мүдделі тұлғалар және Компанияның ішкі бақылау, басқару органдарының өзара қызмет процесін реттейді және аталған тараптардың көзқарас теңгерімін қамтамасыз етеді.

Корпоративтік басқару жүйесі Компанияның ішкі құжаттарымен регламенттеледі және ол Корпоративтік басқару кодексінде көрініс тапқан. Кодекс Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңнамасының талаптарына толықтай сәйкес келеді: құжат корпоративтік басқару саласындағы халықаралық тәжірибеге және қазақстандық акционерлік қоғамдардың корпоративтік басқару принциптерін қолдануы бойынша ұсыныстарға сүйеніп жасалған.

Корпоративтік басқару кодексінің принциптерін сақтау Компанияның күнделікті қызмет тәжірибесінде халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және акционерлер, клиенттер мен қызметкерлердің Компания туралы жағымды көзқарас қалыптастыруына негіз болатын ережелер мен дәстүрлерді қалыптастырып, енгізуге, акционерлердің құқықтарын толықтай жүзеге асыруға және олардың Компания қызметі жайлы ақпараттануына, сондай-ақ, тәуекелдерді бақылап, төмендетуге, Компанияның қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты өсімін қамтамасыз етіп, оның жарғылық қызметін сәтті жүзеге асыруына бағытталған.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ	ПРИНЦИПТЕРДІ САҚТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	ТҮСІНДІРМЕЛЕР
<p>Әділеттілік</p> <p>Капиталдағы қатысу үлесі мен орналасқан жеріне қарамай, барлық акционерлерге теңдей қарым-қатынас жасау және олардың құқықтарын тиімді қорғауға мүмкіндік беру.</p>	<p>САҚТАЛАДЫ</p> 	<p>«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ корпоративтік басқаруы Компания акционерлерінің құқықтары мен заңды көзқарастарын қорғау мен құрметтеу, сондай-ақ, активтер өсімі мен қаржылық тұрақтылықты және Компания табыстылығын қамтамасыз ету принципіне негізделген.</p>
<p>Есеп берушілік</p> <p>Компанияның Директорлар кеңесінің акционерлерге, атқарушы органдардың Компанияның Директорлар кеңесіне, қызметкерлердің атқарушы органына (Компания Бас директорына) есеп берушілігі. Бұл принцип есеп берушілік пен Компанияның басқару органдарының өкілеттіліктерін бөлуді, сондай-ақ, Компанияның акционерлерге толығымен есеп беруін қамтамасыз етеді, бұл Компанияның ағымдағы қаржылық жағдайына, қол жеткізген экономикалық көрсеткіштеріне, қызмет нәтижелеріне, Компанияны басқару құрылымдарына қатысты сенімді ақпаратты Компания акционерлеріне уақытылы әрі толық беру арқылы жүзеге асады, ал бұл Компания акционерлері мен инвесторларына негізгі әрі оңтайлы шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.</p>	<p>САҚТАЛАДЫ</p> 	<p>Корпоративтік басқару Кодексінің аталған принципі Компанияның Жарғысында және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған ұйымдастырушылық құрылымды жүргізумен сақталады. Сондай-ақ, есеп берушілік принципі Компанияның әрбір басшылық органы/ құрылымдық бөлімшелер туралы ережеде көрініс тапқан, ол Компания басқарушы органдарының өкілеттіліктерін шектеуін, сондай-ақ, Компанияның акционерлеріне есеп беруін жүзеге асырады.</p>
<p>Жауапкершілік</p> <p>Компанияның өз акционерлері, қызметкерлері, тұтынушылары мен серіктестері алдындағы жауапкершілігі, Компанияның активтерін көбейту, оның тұрақтылығы мен сенімділігін арттыру мақсатында олармен тығыз ынтымақтастықта болу. Бұл принцип Компания акционерлері мен қызметкерлеріне арналған әдеп нормаларын айқындайды, сондай-ақ, Компанияның лауазымды тұлғалары заңға қайшы, кінәлі (қасақана ойластырылған немесе абайсызда болған) іс-әрекеттер жасаған не болмаса қолданыстағы заңнамада қарастырылған әрекетсіздіктер жасаған жағдайда олардың жауапкершілігін қарастырады.</p>	<p>САҚТАЛАДЫ</p> 	<p>2011 жылы Компанияда Іскерлік этика кодексі қабылданған, ол төрт бағыттағы іскерлік өзара қарым-қатынастарды реттеу стандарттарын біріктіреді:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бизнес және кәсіби этика; • Ұйымдық этика; • Корпоративтік басқару; • Компанияның әлеуметтік жауапкершілігі. <p>Іскерлік этика кодексі Компанияның барлық қызметкерлері жұмыс орнында бизнес этикасы принциптерін қолдану кезінде басшылыққа алатын ережелер мен принциптерден тұрады.</p> <p>Сондай-ақ, мүдделі тараптармен өзара жұмыс шаралар жоспары әзірленіп, қабылданған, оның негізінде Компания жыл сайын Жоспардың орындалуы бойынша есеп береді.</p>

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ	ПРИНЦИПТЕРДІ САҚТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	ТҮСІНДІРМЕЛЕР
<p>Ашықтық</p> <p>Компанияның қаржылық жағдайын, қызмет нәтижелерін, меншік және басқару құрылымын қоса алғанда, оның қызметіне қатысты барлық маңызды деректер туралы сенімді ақпаратты заңнамада және ішкі құжаттарда көзделген көлемде уақытында ашу, сондай-ақ, заңнамада және Компанияның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен оны оңай қол жеткізілетін көпшілікке арналған дереккөздерге орналастыру арқылы барлық мүдделі тұлғаларға еркін қолжетімді болуын қамтамасыз ету. Аталмыш принцип Компанияның лауазымды тұлғаларының барынша ашықтығын қамтамасыз етеді.</p>	<p>САҚТАЛАДЫ</p> 	<p>Компанияның ашықтық принципі сақтау бойынша негізгі міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Компанияға қатысы бар барлық маңызды мәселелер бойынша уақытылы ақпарат беру; • Компания туралы жария ақпараттың барлық мүдделі тұлғаларға қолжетімді болуын қамтамасыз ету; • Компания мен мүдделі тұлғалар арасындағы қарым-қатынаста ашықтық пен сенім деңгейін арттыру; • Компаниядағы корпоративтік басқаруды жетілдіру; • Компанияның оң имиджін қалыптастыру.
<p>Қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік</p> <p>Компания өз қызметі барысында қоршаған ортамен мұқият әрі ұқыпты қатынаста болуды қамтамасыз етеді және қоғам алдында әлеуметтік тұрғыдан жауапты.</p>	<p>САҚТАЛАДЫ</p> 	<p>«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда Компанияның қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік салалары бойынша саясатын ретейтін экологиялық және әлеуметтік жұмыстар бойынша шаралар жоспары әзірленіп, қабылданған.</p>
<p>Тиімділік</p> <p>Компания Бас директоры мен оның Директорлар кеңесі Компанияның қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты өсуін, акционерлік меншіктің ұлғаюын, сондай-ақ, тиімді кадрлық саясатты белгілеуді, Компания қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды, еңбекті ынталандыру және әлеуметтік қамсыздандыруды, Компания қызметкерлерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін Компанияны парасатты әрі әділ басқаруға міндетті.</p>	<p>САҚТАЛАДЫ</p> 	<p>Корпоративтік басқару кодексінің тиімділік принципі Бас директор туралы ережемен реттеледі. Бас директор — Компанияның жеке атқарушы органы, ол ағымдағы қызметке басшылық етеді, Акционерлер мен Директорлар кеңесі айқындаған стратегияны жүзеге асырады. Директорлар кеңесі қызметінің мақсаттары — ұзақмерзімді және жақсы ойластырылған перспективаға негізделген стратегияны қамтамасыз ету, Компания активтерін арттыру, оның тиімді қызметін жүзеге асыруды, акционерлердің заңды көзқарастары мен құқықтарын беруді қамтамасыз ету, атқарушы органға бақылау жүргізу болып табылады.</p>
<p>Бақылауға алушылық</p> <p>Компания акционерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Компанияның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау, Компанияның Директорлар кеңесі бекіткен саясат пен рәсімдеріне сәйкес, жоғарыда тұрған басшылардың өздерінен кейін тұрған басшыларды бақылауы, сондай-ақ, тәуекелге бағытталған ішкі бақылаудың орнатылған тиімді жүйесімен қатар, ішкі және сыртқы аудиторлардың жұмыстарын тиімді пайдалану.</p>	<p>САҚТАЛАДЫ</p> 	<p>Акционерлердің құқықтары мен заңды көзқарастарын қорғау мақсатында Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасау «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директоры тарапынан ішкі құжаттарда қарастырылған талаптарға сәйкес жүргізіледі. Сондай-ақ, Компанияда Директорлар кеңесінің консультативті-ақпараттандырушы органы болып табылатын және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесіне қаржылық есептіліктің шынайылығы үшін және ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару үшін қабылданған шешімдер мен процесстерге мониторинг жасауға көмек көрсету мақсатымен құрылатын Аудит жөніндегі комитет жұмыс жасайды.</p>



СЕВКАЗЭНЕРГО

**ТӘУЕКЕЛ-
МЕНЕДЖМЕНТ**



ЭНЕРГИЯ – ЖАУАПКЕРШІЛІК

Біз тұтынушылар, мемлекет, инвесторлар, қызметкерлер, іскери серіктестер және қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінеміз.

ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ тәуекелдерді басқару саласындағы негізгі мақсаттарына Топ қызметіне қатар жүретін оқиғалардың негативті ықпалын төмендету, сондай-ақ, оң мүмкіндіктерді жүзеге асыру жатады.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ КОРПОРАТИВТІК ЖҮЙЕСІ

Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін Компаниядағы тәуекелдерді басқару жүйесі (ТБЖ) тәуекелдерді

бірегейлендіру, тиімді басқару және тұрақты түрде мониторинг жасауға бағытталған. Тәуекелдерді анықтау барлық деңгейде – өндірістік кәсіпорындар, құрылымдық бөлімшелер және Компаниялар тобы деңгейінде жүргізіледі.

ТӘУЕКЕЛДЕР ТОПТАРЫ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР	ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР
<ul style="list-style-type: none"> Реттеу тәуекелдері Инвестициялық тәуекелдер Жобалық тәуекелдер Репутациялық тәуекелдер Нарықтық тәуекелдер Басқарушылық тәуекелдер 	<ul style="list-style-type: none"> Қаржылық есептілік Пайыздық тәуекелдер Өтімділік тәуекелдер Кредиттік тәуекелдер Бағалық тәуекелдер Валюталық тәуекелдер
ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР	ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР
<ul style="list-style-type: none"> Заңнаманың бұзылуы Соттың істі қарау тәуекелдері Коррупциялық және алаяқтық тәуекелдері Мүліктік тәуекелдер Коллекторлық тәуекелдер 	<ul style="list-style-type: none"> Технологиялық тәуекелдер Сатып алулар және қамту Операциялық шешімдерді жоспарлау және қабылдау Қызметкерлерді басқару Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік Контрагенттермен өзара қызмет АТ және ақпараттық қауіпсіздік Мемлекеттік органдармен өзара қызмет Төтенше жағдайлар Тұтынушылармен өзара қызмет Кадрлық тәуекелдер Экологиялық тәуекелдер

Тәуекелдер бірдейлендіріледі, бағаланады және бақыланады.

ТБЖ БОЙынША ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ



ІШКІ БАҚЫЛАУ СТАНДАРТТАРЫ

Компанияда бірегей үздіксіз процеске біріккен саясаттар, процестер, процедуралар, тәртіп және әрекет нормаларының жиынтығын құрайтын Ішкі бақылау жүйесі

(ІБЖ) енгізілген. ІБЖ Директорлар кеңесі, барлық атқарушы органдар мен қызметкерлер жүзеге асыратын Компаниялар тобын басқару процесінің бөлігі болып табылады. ІБЖ Компания мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге және қызметті жүзеге асыру кезіндегі тәуекелдерді төмендетуге бағытталған.

Компанияда Ішкі бақылау жүйесінің үш деңгейі айқындалған:

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ	ҚАРЖЫЛЫҚ	СӘЙКЕСТІКТІ БАҚЫЛАУ
Ресурстардың өнімділігін, рентабельділігін және сақталуын қоса алғанда, ұйымның негізгі бизнес мақсаттарына қолданады.	Аралық, қысқарған қаржылық есептер, сондай-ақ, есептен шығатын мәліметтерді (мәселен, табыс туралы мәліметтер) қоса алғанда, шынайы бұқаралық қаржылық есептілікті дайындауға жатады.	Ұйым қызметін реттейтін заңдар мен нормаларға сәйкестікті қамтамасыз етумен байланысты.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ САҚТАНДЫРУ

Компания қызметіне қатысты тәуекелдерді дұрыс басқару мақсатында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда сақтандыру қорғанысын қамтамасыз ету саясаты әзірленіп, қолданылады. Оған сәйкес, жүзеге асырылған тәуекелдердің салдарын (зиянын, шығынын) төмендету мен жоюға және аталған негативті салдарлардың Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпалын төмендетуге бағытталған тәуекелдерді сақтандыру жүзеге асырылады. Осылайша, саясат Компания қызметіне, жұмысшылар денсаулығына, сондай-ақ, акционерлер мен инвесторлардың мүлкілік көзқарастарына қауіп төндіретін және сақтандыруға жататын маңызды тәуекелдерден экономикалық тиімді сақтандыру қорғанысын жүзеге асыру арқылы Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.





«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ тобының сақтандыру қорғанысы Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сәйкес міндетті сақтандырудың барлық түрлері бойынша жүзеге асырылады. Сақтандырудың міндетті түрлерінен басқа Сақтандыру қорғанысын қамтамасыз ету саясатының талаптарына және үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес, Компания сақтандырудың ерікті түрлері

болып табылатын мүлкілік тәуекелдерді сақтандырады. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ тобының өндірістік активтерінің мүлкілік тәуекелдері Қазақстан Республикасы сақтандыру ұйымдарында заңнама талаптарына сәйкес сақтандырылған. Компания өз активтерін сақтандыруға (барлық тәуекелдерден мүлкілік сақтандыру) қатысты жоғары талаптар қояды, соған орай, қосымша талаптар қойып, өз тәуекелдерін кредиттік рейтингі АА-дан төмен емес қайта сақтандыру ұйымдарында (Munich RE, Hannover RE және басқалар сынды) қайта сақтандыруды бақылауды жүзеге асырады. Компания сақтандыру қоғамдастығының өкілдеріне қатысты ашықтық саясатын жүргізеді: Компания тұрақты түрде өндірістік активтерін сақтандыру инженерлік зерттеу (сюрвейлер) жүргізеді, қайта сақтандырушылардың ұсыныстарын орындайды.







ҚЫЗМЕТКЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ЫҚПАЛ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ ТАЛДАУ





Бекітілген тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес, Компанияның корпоративтік тәуекелдер реестрі мен тәуекелдер картасын актуалдандыру нәтижесінде 2017 жылы Компания қызметіне айтарлықтай ықпал ететін 70 тәуекел анықталды.


ТӘУЕКЕЛ	ФАКТОРЛАР	ТӘУЕКЕЛ ДЕҢГЕЙІ	ӨЗГЕРІС	ТӘУЕКЕЛ ӨЗГЕРІСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ	ТӘУЕКЕЛДІ ТӨМЕНДЕТУ ШАРАЛАРЫ
Стратегиялық тәуекелдер					
Компания репутациясының төмендеуі	1. Кез-келген бұқаралық сферада Компания және оның қызметі туралы негативті, дұрыс емес және/немесе әдейі жалған ақпаратты тарату; 2. Компания қызметкерлерінің ақпаратты рұқсатсыз таратуы.			2017 жылы БАҚ-тағы негативті жарияланымдар үлесі 2016 жылмен салыстырғанда артқаны байқалды. Негативті жарияланымдардың басым үлесі 2017 жылдың күзіне сәйкес келеді. Бұған жылу желілері учаскелерін қайта құру және жаңғырту бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарының жылыту маусымының басына дейін толық көлемде аяқталмауына байланысты «Петропавл Жылу Желілері» ЖШС-нің нысандарды жылумен қамту жүйесіне қосу графигінен ауытқуы себеп болды.	Аталған тәуекелдің Компанияға ықпал ету ықтималдылығын төмендету мақсатында имиджді көтеруге бағытталған шаралар, оның ішінде БАҚ-қа арналған шаралар, негізгі мемлекеттік және өңірлік БАҚ-тарда жарияланымдар ұйымдастырылды. Сондай-ақ, корпоративтік сайтта, Facebook әлеуметтік желісіндегі топта ақпарат тұрақты жаңартылып, тұрақты негізде БАҚ-қа мониторинг жасалады.

ТӘУЕКЕЛ	ФАКТОРЛАР	ТӘУЕКЕЛ ДЕҢГЕЙІ	ӨЗГЕРІС	ТӘУЕКЕЛ ӨЗГЕРІСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ	ТӘУЕКЕЛДІ ТӨМЕНДЕТУ ШАРАЛАРЫ
Операциялық тәуекелдер					
Жарақаттану/Қайғылы оқиға	1. Қызметкерлердің жұмыс өндірісі кезіндегі еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша ережелер мен нормаларда көрсетілген технологиялық талаптарды бұзуы; 2. Жекелеген жұмысшылардың нұсқаулықтар мен қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша талаптарды қанағаттанарлықсыз деңгейде білуі; 3. Жұмыс өндірісінің қанағаттанарлықсыз деңгейде ұйымдастырылуы; 4. Қондырғылардың істен шығуы, өндірістегі апаттар.			2017 жылы Компанияда өндірістік жарақаттанудың екі оқиғасы тіркелді: біреуі мердігер ұйымның жұмысшысына қатысты болса, екіншісі «Солтүстік Қазақстан Электр Желілік Тарату Компаниясы» АҚ жұмысшыларымен орын алды.	Аталған тәуекелді басқару аясында Компанияда тұрақты негізде өндірістік жарақаттануды төмендетуге бағытталған келесі шаралар кешені жүргізілуде: - қондырғылар, ғимараттардың техникалық жағдайын қатаң бақылау; - жұмыс өндірісі кезінде қауіпсіздік техникасы жағдайына тұрақты бақылау жүргізу; - жұмысшыларды арнайы киіммен және жеке қорғаныс заттарымен 100% қамтамасыз ету; - Жұмысшыларды қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша оқыту және білімдерін тексеру; - Орын алған қайғылы оқиғаларды болашақта қайталануына жол бермеу мақсатында зерттеу және терең талдау. Мердігер ұйымдармен Компания нысанында (аумағында) жұмыс жүргізу кезінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласында өзара әрекет ету бойынша ішкі нормативтік құжат әзірленуде.
Жылу энергиясының нормативтен тыс шығындары	1. Жылу желілері тозуының жоғары деңгейі (қанағаттанарлықсыз жағдайы); 2. Тұтынушылардың жылу желілеріне рұқсатсыз қосылуы; 3. Жылу желілеріндегі жылу тасымалдағышының ағыны (оның ішінде жылу желілеріндегі технологиялық ақаулар мен қанағаттанарлықсыз жағдайға байланысты себептер); 4. Пайдалы босатылым көлемінің өзгерісі (оның ішінде климаттық жағдайға байланысты себептер); 5. Тұтынушыларды ыстық сумен қамту үшін жылу энергиясының нақты босатылған көлемі мен болуы мүмкін тарату көлемінің арасындағы технологиялық дисбаланс.			2017 жыл қорытындысы бойынша шығындар көрсеткіштерін талдау 2016 жылмен салыстырғанда жылу энергиясы нормативтік шығындарының 0,3%-ға, нормативтен тыс шығындардың 4,4%-ға төмендегенін көрсетті.	Аталған тәуекелді азайту мақсатында 2017 жылы Петропавл қаласы жылу желілерін жаңғырту және қайта құру бойынша бірқатар ауқымды шаралар жүзеге асырылды. Шаралар Еуропалық Қайта құру және Даму Банкінің қарызы, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің бюджеттік қаржысы, сондай-ақ, Компанияның өз қаражаты есебінен инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру аясында орындалуда. 2017 жыл қорытындысы бойынша «Петропавл Жылу Желілері» ЖШС желілерінің жалпы тозуы 65,01% құрады. 2018 жылы «Петропавл Жылу Желілері» ЖШС-нде қондырғыларды және құбыр өткізгіштерін қайта құру және жаңғырту бойынша ауқымды жобаларды жүзеге асыру жоспарланып отыр. Бұл инвестициялық жобаның негізгі мақсаты 2020 жылға қарай жылу шығындарының нормативтен тыс шығындарын жою, Петропавл қаласы жылумен қамту жүйесінің жылу желілерінің тозуын төмендету, тұтынушылардың жылумен қамту сапасы мен тұрақтылығын арттыру болып табылады.

ТӘУЕКЕЛ	ФАКТОРЛАР	ТӘУЕКЕЛ ДЕҢГЕЙІ	ӨЗГЕРІС	ТӘУЕКЕЛ ӨЗГЕРІСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ	ТӘУЕКЕЛДІ ТӨМЕНДЕТУ ШАРАЛАРЫ
Өндірістегі үзіліс	<ol style="list-style-type: none"> 1. Табиғи апаттар; 2. Террорлық қауіптер (актілер); 3. Материалдық ресурстардың уақытылы сатып алынбауы/жеткізілмеуі; 4. Отын қорының уақытылы толырылмауы/отын жеткізілмеуі; 5. Өрт/от тұтануы; 6. Қондырғылар жұмысындағы технологиялық ақаулар (апаттар, істен шығулар); 7. Әскери әрекеттер, шерулер, жұмысшылардың рұқсатсыз бас көтерулері. 			<p>2017 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО-нда автотрансформатордың апаттық жағдайда істен шығуы орын алып, ол станса турбоагрегатының мәжбүрлі резервіне әкелді. Бұл тиісінше жыл қорытындысы бойынша электр энергиясы өндірісі жоспарының орындалмауына (электр энергиясының толық өндірілмеуіне) әкеп соқты. Аталған тәуекелдің жүзеге асуы таза табыстың жоспарланған көлемнен төмен болуына әкелді.</p>	<p>Шығын көлемін азайту және өтеудің (тәуекелдердің мұндай түрлерін жүзеге асырған жағдайда) негізгі ұйымдастырушылық формасы сақтандыру болып табылады. Соған орай аталған тәуекелді басқару аясында өндірісте үзілістің орын алуынан/тоқтап қалуынан (business interruption insurance) сақтандыру мәселелері қаралып жатыр. Бұл мәселенің шешімін «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесі қабылдайтын болады.</p>
Отын қорларының уақытында толырылмауы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жеткізушілердің отынды жеткізу графигін сақтамауы; 2. Отынды жеткізуге жартылай вагондарды (вагонның меншік иесі тарапынан) уақытылы жеткізбеу; 3. Жүк құрамаларының кешігуі; 4. Жылу беру маусымы кезіндегі қозғалмалы құрамалардың (операторларда/жартылай вагон иелерінде) дефициті; 5. Қысқы уақытта вагондарды таза лауға байланысты жүк түсіру алдында (стансада) жартылай вагондардың тұрып қалуы; 6. Вагон аударғыштар, локомотивтер (өзіндік), жылыту құрылғылары, жалпыға ортақ емес жолдар жұмысындағы апаттар/істен шығулар. 7. Форс-мажор жағдайлар, оның ішінде ауа райына байланысты. 			<p>2017 жыл ішінде отын (көмір) пайдалану қорының тым төмендеуі орын алған жоқ. Соған қарамастан, Компанияның өндірістік қызметіндегі аса маңыздылығына байланысты тәуекел басшылық пен жауапты құрылымдық бөлімшелер тарапымен ұдайы бақыланып отырады.</p>	<p>Аталған тәуекелдің пайда болу ықтималдығын азайту үшін келесі шаралар жүзеге асырылуда:</p> <ul style="list-style-type: none"> - келісімшарттарды уақытылы және дұрыс жасасу; - отын жеткізу графигін уақытылы және дұрыс жасау, бекіту және бақылау; - отын жеткізушімен, жартылай вагондар операторымен және стансаны отынмен қамтамасыз ету процесінің өзге қатысушыларымен тұрақты өзара әрекет; - техникалық нормалар мен ережелерді есепке алғанда, жартылай вагондардың затты түсіру орны мен уақытын бақылау; - вагон аударғыштар, локомотивтер (өзіндік), жылыту құрылғылары, жалпыға ортақ емес пайдалану жолдары ТҚЖЖ кешені уақытылы өткізу. <p>Тәуекел жүзеге асырылған жағдайда тәуекелге келесідей әрекет ету шаралары жүзеге асырылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - отынның пайдалану қоры нормасын толтыру мақсатында келесі кезеңдерге отынды қосымша түсіру шаралары; - оператормен және жартылай вагонның меншік иесімен қосымша маршруттарды қарастыру; - ЖЭО-нда отын маршруттарының тәуелділік жеткізілімін ұлғайту графигі қарастырылуда.

ТӘУЕКЕЛ	ФАКТОРЛАР	ТӘУЕКЕЛ ДЕҢГЕЙІ	ӨЗГЕРІС	ТӘУЕКЕЛ ӨЗГЕРІСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ	ТӘУЕКЕЛДІ ТӨМЕНДЕТУ ШАРАЛАРЫ
Тауар, жұмыс және қызметтердің сатып алынбауы және жеткізілмеуі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Сатып алу бойынша келісімшарттар мен өтініштердің ұзақ уақыт мақұлданыуы; 2. Жеткізушілер алдындағы міндеттемелердің уақытылы орындалмауы; 3. Құжаттарды электронды мақұлдау процесінің автоматтандырылмауы. 			<p>Жыл ішінде тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің уақытылы сатып алынбауы және жеткізілмеуі, сондай-ақ, сатып алу процедураларының дұрыс ұйымдастырылмауы қондырғыларды жөндеу, қайта құру және жаңғырту жоспарлары мен графигін орындауға негативті ықпал етті. Осылайша, 2017 жылы ТМҚ-ның жекелеген санаттарын уақытылы сатып алмау және жеткізбеуге байланысты:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Петропавл Жылу Желілері» ЖШС жылу магистральдерінің жекелеген учаскелерін; - станса турбоагрегаттарын қайта құру және жаңғырту мерзімдері ұзартылды. Бұл өз кезегінде жыл қорытындысы бойынша электр энергиясы өндірісі жоспарын толық орындамауға (электр энергиясының толық өндірілмеуіне) әкелді. 	<p>Аталған тәуекелді басқаруды жүзеге асыру аясында келесі шаралар жүзеге асырылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өтініш беруден жеткізуге дейінгі әрбір кезең бойынша мерзімдері көрсетілген сатып алулардың жылдық жоспарын енгізу; - сатып алу процесін жылдамдату мақсатында сатып алу санатына байланысты бәсекелестік парақтарын мақұлдау тәртібі қайта қаралды.
Табиғи апаттар (су тасқыны, жай түсуі, өрт)	Шаруашылық қызмет нысандарының табиғи қауіпті аумақтарда орналасуы (белсенді су тасқыны маусымы, найзағай белсенділігі және өзге табиғи апаттар).			<p>2017 жылғы көктемде су тасқыны нәтижесінде Солтүстік Қазақстан облысының бірнеше ауданында «Солтүстік Қазақстан Электр Желілік Тарату Компаниясы» АҚ электр беру желілері зақымданды. Бұл тұтынушыларға электр энергиясын беру және тарату қызметін көрсету сапасына негативті әсер етті.</p>	<p>Тәуекелдің теріс ықпалын азайту мақсатында келесі шаралар жүзеге асырылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қондырғылардың зақымдану көлемі мен себептерін оперативті анықтау; - табиғи апаттан келген зақымды жылдам жою үшін материалдық және кадрлық ресурсты қайта бөлу; - тұтынушыларды электрмен қамтудағы үзілістер мен олардың себептері туралы уақытылы ақпараттандыру.
Қаржылық тәуекелдер					
Өтімділік дефициті	<ol style="list-style-type: none"> 1. Энергия өндіру мен өткізу көлемінің төмендеуі (Жоспардың орындалмауы); 2. Кешіктірілген дебиторлық қарыздың өсімі (төлем жасалмау кризисі); 3. Кредиттік және өзге де тартылған қаражаттың жоғары құны; 4. Реттеуші органдардың экономикалық негізделген деңгейлерден төмен тарифтерді бекітуі; 5. Инфляция қысымы. 			<p>2017 жылы жылдың 4-кварталының қорытындысы бойынша өндіріс жоспарының орындалмауына (электр энергиясының толық өндірілмеуі) байланысты электр энергиясын өндіру және өткізуден түсетін табыстың төмендеуі себебінен өтімділік коэффициентінің нашарлауы байқалды. Соның нәтижесінде кредиторлық қарыздың өсімі орын алды.</p>	<p>Компания өтімділік дефициті тәуекелін басқару бойынша шараларды қаржылық жағдайға қатысты жоспарлы перспективаларды, ақша қозғалысының болжамды және нақты қозғалысын, капиталды шығындар бойынша болашақ міндеттемелерді есепке алып, Компанияның таза қарызына тұрақты мониторинг жасау есебінен адекватты резервтер, банк қарыздары, расталған кредиттік желілер мен айналымдық капитал қорларын ұстап тұру жолымен қабылдайды.</p>

ТӘУЕКЕЛ	ФАКТОРЛАР	ТӘУЕКЕЛ ДЕҢГЕЙІ	ӨЗГЕРІС	ТӘУЕКЕЛ ӨЗГЕРІСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ	ТӘУЕКЕЛДІ ТӨМЕНДЕТУ ШАРАЛАРЫ
Уақыты өтіп кеткен дебиторлық қарыз өсімі	Жылу және электр энергиясы тұтынушыларының келісім-шарттың энергиямен қамту қызметі үшін уақытылы және толық төлем жасауды жүзеге асыру туралы бөлігін сақтамауы. Контрагенттердің келісімшарттар бойынша міндеттемелерін орындамауы: ТМҚ жеткізу және жұмыстарды орындау, қызмет көрсету мерзімдерін сақтамауы және соған орай, аванс беруді қарастыратын келісімшарттар бойынша қаржылық шығындар.			2017 жылы тұтынылған энергия үшін төлем жасаудың оң тренді байқалды. Осылайша, жыл қорытындысында 3 айдан астам уақытқа кешіктірілген дебиторлық қарыздың «Севказэнергосбыт» ЖШС алдындағы тұтынушылардың дебиторлық қарызының жалпы көлеміндегі үлесі 10%-дан төмен көрсеткішті құрады. Соған қарамастан тәуекел Компания үшін маңызды тәуекел саналады. 2017 жылы ТМҚ жеткізу келісімшарттары бойынша контрагенттерге аванс беру, жұмыстарды орындау және қызмет көрсетуге байланысты кешіктірілген дебиторлық қарыздың өсімі орын алған жоқ.	Аталған тәуекелді басқару аясында тұрақты негізде келесі шаралар кешені орындалады: – қарызды бөліп төлеу графиктері жасалады; – шағымдану-иск түсіру жұмыстары жүргізіледі; – сот орындаушыларымен бірге қарызын төлеушілерге рейдтер жасалып, оның аясында тұрмыстық техника мен автотранспортты тартып алу жүргізіледі; – кәсіпорындар мекен-жайларына жұмысшыларының коммуналдық қызметтерге кешіктірілген қарыздары туралы ақпарат жолданады; – қарыз иелерінің мүлкіне арест қойылады; – қарызы барлардың Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерге шығуына шектеу қойылады; – қарыз иесінің қаржылану көзі арқылы өндіру жүргізіледі (еңбекақысынан, зейнетақы төлемдерінен ұстап қалу); – өндіру тәсілдерін өзгерту жүргізіліп, оның негізінде қарыз иесінің мүлкіне (пәтер немесе автотранспорт) саудаға шығару үшін бағалау жүргізіледі. Кешіктірілген дебиторлық қарыз өсімін азайту мақсатында Компания келесілерге бақылау жасайды: – бекітілген ішкі регламенттік құжаттарға сәйкес, сатып алу процедураларын жүргізу; – контрагенттердің міндеттемелерін орындау; – өте аз аванс беру және мүлде аванс бермеу шарттарымен келісімшарттар жасасу.
Құқықтық тәуекелдер					
Қызметкерлер немесе үшінші тұлғалардың өз адал емес әрекеттерімен Компанияға шығын келтіруі	Жұмысшылар және/немесе үшінші тұлғалардың Компания активтеріне қатысты заңға қайшы әрекеттерінің нәтижесінде Компанияның көзқарастарына сыртқы және ішкі қауіптерді төндіруі, ресурстарды мақсатқа сай емес, тиімсіз пайдалану нәтижесінде шығын келтіруі.			2017 жылы Компанияға үшінші тұлғалар тарапынан бірнеше мәрте материалдық шығын келтіру деректері (электр желілерінде электр техникалық қондырғыларын ұрлау) тіркелді.	1. Аталған тәуекелді басқару аясында тұрақты негізде келесі шаралар жүзеге асырылады: – Компанияның экономикалық қауіпсіздігіне болуы мүмкін қауіптердің жолын кесу және ескерту шараларын әзірлеу; – жұмысшылар және үшінші тұлғалар тарапынан заңға қайшы әрекеттерді оперативті ақпаратты жинау, талдау, бағалау жолымен, шығын келтірілген деректер бойынша арнаулы (қызметтік) тексерулер жүргізу жолымен анықтау. 2. 2017 жылы коррупция мен алаяқтыққа қарсы әрекет ету тиімді стратегиясын құру және енгізу, сондай-ақ, жұмысшылар мен Компанияның басқару органдарында мұндай әрекеттерге негативті көзқарасын қалыптастыру мақсатында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесі «ОАЭК» АҚ коррупция мен алаяқтыққа қарсы әрекет ету саясатына қосылу туралы шешім қабылдады.



Тәуекелдерді басқару жұмыстарын Тәуекел менеджменті департаменті жүргізеді, ол Компанияның Директорлар кеңесі жанындағы Аудит жөніндегі комитетке есеп береді. Басқарманың жұмысы Директорлар кеңесі бір жылға бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

2017 ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР	2018 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАНҒАН ЖҰМЫСТАР
Компания тәуекелдер реестрі мен тәуекелдер картасын актуалдандыру	Компания тәуекелдер реестрі мен тәуекелдер картасын актуалдандыру
Компания тәуекелдер реестрі мен тәуекелдер картасын актуалдандыру: – Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы процесін басқару; – Табысты есептеу мен дебиторлармен есеп айырысу процесін басқару; – Тауар-материалдық қорларды (ТМҚ) есепке алу процесін басқару; – Негізгі жабдықтар мен бейматериалдық активтерді есепке алу процесін басқару.	Бизнес-процестердегі ИБС ұйымдастыруының тиімділігін талдау және тестілеу: – Электр энергиясын тарату, тұтынуды есептеу және энергобақылау процесін басқару; – Жылу энергиясын тарату, тұтынуды есептеу және энергобақылау процесін басқару; – Қызметкерлерді басқару; – Қызметкерлермен есеп айырысуды басқару.





ЭНЕРГИЯ



СЕВКАЗЭНЕРГО

**ТҰРАҚТЫ
ДАМУ**



ЭНЕРГИЯ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Біз лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз етеміз, Қазақстанда дуальды оқу жүйесін енгізуге және кәсіби техбілім беруді насихаттауға атсалысамыз, жергілікті қоғамдастықтар мен әлеуметтік саланы қолдаймыз.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

«СЕВКАЭНЕРГО» АҚ стратегиялық мақсаты – тұтынушыларға сапалы қызмет көрсету, халықаралық индустриялық және экологиялық стандарттарды сақтау, корпоративтік басқару деңгейін арттыру, жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларды өткізу сынды жалпы қабылданған тұрақты даму принциптерін сақтайтын жетекші жеке энергетикалық компания құру болып табылады.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ЖҰМЫС

Тұрақты даму жүйесінің маңызды элементі – мүдделі тараптармен жұмыс болып табылады. Оларды анықтау және іріктеу принципі аймақтық аспекспен белгіленген. Компания қызметі әсер етуі мүмкін тараптар олардың Компанияның өндірістік белсенді аймақтарына қатыстылығымен айшықталады. 2017 жылы Компания SEP (Stakeholder Engagement

Plan) есебін әзірледі. Есепті әзірлеу барысында «СЕВКАЭНЕРГО» АҚ менеджментіне жедел сұрау жүргізіліп, оның негізінде Компанияның мүдделі тараптарының рангтық картасы талданды. Бірінші кезекте Компанияның қызметіне айтарлықтай ықпал ететін мүдделі тараптармен, сондай-ақ, Компанияның өзіндік стратегиялық бастамаларын жүзеге асыруда ортамерзімдік перспективада ықпал ететіндермен өзара қызмет жолға қойылады. Одан бөлек, Компания қызметінің мүдделі тараптарға әсері де назарға алынды.

Компания мүдделі тараптармен келесі бағыттар бойынша диалог жүргізеді:

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК	ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ	ӨНДІРИСТЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ	ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК
Қызметкерлер	Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ)	Қызметкерлер	Акционерлер
Мемлекеттік билік органдары және қадағалаушы органдар	Мемлекеттік билік органдары және қадағалаушы органдар	Жеткізушілер, мердігерлер	Жергілікті қоғамдастықтар
Жергілікті қоғамдастықтар	Жергілікті қоғамдастықтар	Кәсіподақ	
Оқу орындары			

Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету процестері

НЕГІЗГІ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР	ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ ПРОЦЕСІ	ҚОЗҒАЛАТЫН БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР
Қызметкерлер	Ішкі корпоративтік газет және интернет-сайттар арқылы жүргізіледі. Қызметкерлерге арналған электронды пошта жәшіктері және сенім телефондары жұмыс істейді. Компания басшылығының қызметкерлерді қабылдауы жүргізіледі. Еңбек келіспеушіліктері келісім комиссиясында жұмыс беруші және жұмысшы өкілдерінің қатысуымен шешіледі.	<ul style="list-style-type: none"> Еңбек және денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; Қызметкерлерді Компания қызметі туралы ақпараттандыру; Кәсіби дамуға атсалысу. Әлеуметтік көмек және қолдау; Ұжымдық шартты орындау.

НЕГІЗГІ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР	ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ ПРОЦЕСІ	ҚОЗҒАЛАТЫН БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР
Жергілікті қоғамдастықтар, тұтынушылар	Компанияда тұтынушылар хабарламаларымен жұмыс жүйеленіп, кері байланыс жолға қойылған. Ол интернет-сайт пен электронды пошта арқылы жүзеге асырылады. Қоғамдық тыңдаулар, «дөңгелек үстелдер» және өзге де шаралар өткізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> Тариф өтінімдерін қарау, оларды монополиялық реттеуші қызмет түрлеріне бекіту; Инвестициялық бағдарламаны орындау; Тұтынушыларға көрсетілетін қызметтің сапа деңгейі, талаптардың орындалуына мониторинг.
Мемлекеттік билік органдары және бақылаушы органдар	Мемлекеттік және бақылаушы органдардың хаттары өңделеді: кейбіріне жауап берілсе, кейбірі ақпараттандыру сипатына ие. Компания қызметкерлері салалық отырыстар мен жиналыстарға қатысады. Ресми делегациялардың кездесулері өткізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> Қала мен өңірге негативті әсер етуді азайту; Жылу беру маусымына дайындықты қамтамасыз ету; Инвестициялық міндеттемелерді орындау; Заңнамаларды сақтау, оның ішінде экология және қоршаған орта талаптарын сақтау мәселелері бойынша.
Жеткізушілер, мердігерлер, клиенттер	Тендерлер ұйымдастырылады және өткізіледі, мердігерлер мен клиенттермен кездесулер өткізіледі. Компания сайтында кері байланыс қамтамасыз етілген.	<ul style="list-style-type: none"> Өзара тиімді әріптестікті қалыптастыру; Тендер өткізуде ашықтықты қамтамасыз ету.
Оқу орындары	Қызмет ету өңірлеріндегі ЖОО өкілдерімен кездесулер өткізіледі. Компания қызметкерлері емтихан комиссиялары, біліктілік комиссиялары, білім беру бағдарламаларын аккредиттеу процестеріне қатысады.	<ul style="list-style-type: none"> Кәсіпорынға қызметкерлер таңдау; Түлектерді тәжірибеден өткізу және қызметке орналастыру.
Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ)	Жыл сайын Компания пресстур, БАҚ-қа арналған брифинг, пресс-конференция, өткізіп, пресс-релиз таратады, ақпараттық сұрауларға жедел жауап беріледі.	<ul style="list-style-type: none"> Әріптестікті қалыптастыру; Активтерді жаңғырту мен жаңарту бойынша инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру туралы ақпараттандыру; Экологиялық нормаларды орындау; Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру.
Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ)	ҮЕҰ өкілдері жыл ішінде өткізілген пресстур және қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырылды. Компания қызметкерлері шағын және орта кәсіпкерлік өкілдерімен ашық кездесулерге қатысты. Әлеуметтік тұрғыдан аз қамтамасыз етілген топтарға қолдау көрсететін ҮЕҰ жетекшілерімен, тұтынушыларды қорғау қоғамдары өкілдерімен кездесу өткізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> Экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысу.
Кәсіподақ	Кәсіподақтармен өзара қызмет жұмыс барысында кездесулер ұйымдастырып, сұрауларды өңдеу арқылы жүргізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> Ұжымдық келісімшартты орындау; Қызметкерлердің бос уақытын және демалысын ұйымдастыруға атсалысу.
Акционерлер	Өзара әрекет акционерлердің жиналысын өткізу барысында жүзеге асады.	<ul style="list-style-type: none"> Экономикалық тиімділік және қаржылық нәтижені өндіру; Компания операциялық қызметінің барысында тұрақты даму принциптерін сақтау.

АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ақпараттық саясаты корпоративтік ақпаратты тарату процесін, мақсатты аудитория ішінде Компанияның бірыңғай бейнесін қабылдауды басқаруға мүмкіндік беретін әрекеттер, шаралар және регламенттер кешенін құрайды.

Саясат ішкі және сыртқы ақпараттық жұмыстардан құралады. Сыртқы жұмыс Компанияның қызметі туралы қоғамдық есеп, хабарлама жариялау, құжаттар және өзге материалдарды беру жолымен ақпараттандыруға негізделеді. Ішкі жұмыс барлық жұмысшыларды оның ағымдағы жағдайы туралы ақпараттандыруға, корпоративтік ниеттестік, түрлі жұмысшылар мен құрылымдық бөлімшелердің корпоративтік ақпаратқа қолжетімділігін регламенттеуге бағытталған.

Ақпаратты ашудың негізгі міндеттері:

- Акционерлер, инвесторлар, сондай-ақ, өзге мүдделі тараптардың Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметіне ықпал ететін салмақты шешім қабылдауға немесе өзге әрекеттер жасауға қажетті ақпарат, сондай-ақ, Компания қызметін толығырақ түсінуге мүмкіндік беретін өзге ақпарат алу тұрғысындағы заңды құқықтарын сақтау мақсатында Компанияға қатысты барлық маңызды мәселелер бойынша уақытылы ақпарат беру;

– Компания туралы бұқаралық ақпараттың барлық мүдделі тұлғаларға қолжетімділігін қамтамасыз ету;

– Компания мен акционерлер, инвесторлар, нарық қатысушылары, мемлекеттік органдар және өзге мүдделі тұлғалар арасындағы қарым-қатынастың ашықтық және сенімділік деңгейін арттыру;

– Компанияда корпоративтік басқаруды жетілдіру;

– Компанияның оң имиджін қалыптастыру.

2017 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» компаниялар тобы мүдделі тұлғаларды Компания және оның еншілес ұйымдарының корпоративтік сайттарын актуалдандыру, БАҚ және әлеуметтік желілерде ақпарат жариялау, сұрақтарға жауап беру, бұқаралық тыңдаулар, баспасөз турларын, «дөңгелек үстелдер» және өзге шаралар ұйымдастыру жолымен тұрақты түрде ақпараттандырып отырды.

2017 жылы Компанияда Еуропалық Қайта құру және Даму Банкінің саясатына сәйкес Мүдделі тараптармен өзара қызмет жоспары (SEP) бойынша шаралар өткізілді. 2017 жылы БАҚ және әлеуметтік желілерде Компания қызметі туралы 1 185 материал жарияланды, 36 шара өткізілді, оның 24-і – БАҚ

қатысуымен. корпоративтік басылымның 10 шығарылымы жарық көрді.

Есептік жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қоғаммен байланыс қызметі спорттық, демеушілік, мерейтойлық, мерекелік, қалалық шараларды әзірлеуге, өткізуге және ақпараттық қолдау көрсетуге қатысты. Сондай-ақ, Компаниялар тобы кәсіпорындары үшін брошюра, буклет және стендтер әзірлеп, шығарды.

2018 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАР

Ақпараттық саясатты жүзеге асыру аясында Компания қызметіндегі барлық маңызды деректер туралы ақпаратты уақытылы және тұрақты түрде ашып көрсетуге бағытталған жұмысты ары қарай жалғастыру көзделіп отыр. Оның ішінде:

- Актуалды тақырыптар бойынша тұтынушыларға ақпараттық-түсіндірме жұмысын жүргізу;
- Компаниялар тобы ішінде коммуникациялық каналдарды дамыту бойынша жұмыстарды жалғастыру;
- Сыртқы аудиториямен коммуникациялық каналдарды дамыту бойынша жұмыстарды жалғастыру;
- ішкі оқыту/тәжірибе алмасуды дамыту.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ экологиялық қызметінің басым бағыттары қоршаған ортаға тигізетін ықпалына негізделеді. Мұндай ықпал етулерге келесілер жатады:

- ластаушы заттардың атмосфераға шығарылуы;
- парник газдарының атмосфераға шығарылуы (CO₂);
- су тұтыну есебінен су нысандарына ықпал ету;
- өндірістік қалдықтарды орналастыру.

Басты экологиялық аспектерді басқару экологиялық көрсеткіштерге тұрақты түрде мониторинг жүргізу және қызметтің заңнамалық пен корпоративтік талаптарға сәйкестігін бағалау барысында жүзеге асырылады. Еншілес компаниялардың аталған экологиялық ықпал етулерін бақылау, есепке алу және талдауды қамтамасыз ету функциялары «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қоршаған ортаны қорғау бойынша жауапты тұлғаларына жүктелген.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет туралы ақпараттандыру Компанияның сайтында ҚОҚ туралы Саясат пен регламенттерді, Тұрақты даму туралы, Экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік есептерін жариялау жолымен жүзеге асырылады.

Одан бөлек, Компания мердігер ұйымдарды қолданылатын заңнамалық және нормативтік талаптар туралы оларды келісімшарттарға, техникалық шарттарға және мердігерлерге қойылатын талаптарға қосу жолымен ақпараттандырады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ негативті экологиялық ықпал етудің алдын алуға мүмкіндігінше жұмыс жасап, ISO 14001 халықаралық стандартына сәйкес келетін жұмыс тәсілдерін енгізуге ниетті.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУДІ БАСҚАРУ *

Қоршаған ортаны қорғау (ҚОҚ), қызметтің табиғат қорғау және энерготімділік көрсеткіштерін тұрақты түрде жақсарту – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ негізгі стратегиялық басымдықтарының бірі және қызмет тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды элементі болып табылады.

Қоршаған ортаға (ҚО) ықпал етуді азайту мақсатында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ табиғат қорғау заңнамасының талаптарына сәйкес болу және ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктерін қолдану мақсатында Компанияның даму стратегиясында қарастырылған экологиялық саясатты жүзеге асырады.

2009 жылдан бері Инвестициялық бағдарлама аясында және Еуропалық Қайта құру және Даму Банкінің саясатына сәйкес, Компания ЕҚДБ қаржыландыратын жобалар бойынша ҚОҚ қатысты Экологиялық және әлеуметтік қызмет жоспарын (ESAP) жүзеге асырады.

2017 жыл көрсеткіштері:

ӨНДІРІЛГЕН ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ, МЛН КВТ•С	ӨНДІРІЛГЕН ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫ, ГКАЛ	ЖҰМСАЛҒАН КӨМІР, ТОННА	ЖҰМСАЛҒАН МАЗУТ, ТОННА
3 226,170	1 697,324	2 641 659	2 548

* Экологияға қатысты барлық сандық мәліметтер (табиғат қорғау шаралары шығындарынан басқа) «өндіріс» блогі бойынша берілді. Өйткені бұл блок қоршаған ортаға айтарлықтай ықпал етеді. Табиғат қорғау шаралары бойынша шығындар құрылымына электр желілік компаниялар шығындары қосылған.



АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ҚОРҒАУ

Ауаға шығарылымдар негізгі экологиялық ықпал етулердің бірі болып табылады. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ шығарылымдарын төмендетуге негізгі ықпал ескірген, энергетикалық және экологиялық тиімділігі төмен өндірістік нысандарды ҚОҚ саласы бойынша заманауи талаптарға жауап беретін жаңа қуаттылықтармен ауыстыру есебінен орын алады. Экологиялық параметрлерді жетілдіру мақсатында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2009-2014 жылдары инвестициялық бағдарлама аясында стансаның барлық қазандықтарында күл аулағыш қондырғыларды (КАҚ) қайта құрып, эмульгаторларды орнату нәтижесінде кәсіпорын шығындарын төмендетуді қамтамасыз етті. Эмульгаторларды орнатудан кейін түтін газдарын тазалау коэффициенті 95,9% орнына 99,5%-ға жетті. Бұл шара көмір күлі шығарылымдарының жалпы жылдық көлемін жылына 19 336 тоннадан 4 878 тоннаға (75%) төмендетуге мүмкіндік берді. 2016 жылы кәсіпорында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 1 турбинасы (№5 ТА) түріндегі қосымша қуаттылықтар енгізілді.

2008 жыл соңынан 2017 жылға дейін «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындары тарапымен атмосфераға шығарылатын ластаушы заттар көлемі 20,5%-ға төмендеді.


Өндіріс көлемінің төмендеуіне, тиісінше жанған отын (көмір, мазут) санының төмендеуіне орай, жылу және электр энергиясы өндірісімен байланысты азот қышқылы (NO_x) және күкірт қышқылы (SO_x) шығарылымдарының жалпы және бөлшек көрсеткіштері 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда сәл төмендеді (NO_x бойынша 7,6%-ға, SO_x бойынша 5%-ға (т/жыл), бөлшек шығарылымдар NO_x бойынша 2,6%-ға, SO_x бойынша 0,6%-ға төмендеді.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЫҚПАЛ ЕТУДІ ТӨМЕНДЕТУ, ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ


2017 жылы қоршаған ортаға ықпал ету деңгейін төмендетуге бағытталған келесі негізгі шаралар жүзеге асырылды:

- шығарылымдар көздерінен берілетін газдарда ластаушы заттарды тиімді тазалауды, жоюды, бейтараптандыруды, басуды, залалсыздандыруды қамтамасыз ететін қазандық агрегаттардың қызу беткі қабатын қалпына келтіру;
- күл аулау құрылғылары, ауа өткізгіштері, газ өткізгіштерінің ескірген элементтеріне жөндеу жүргізу;

2013-2017 жж. Ластаушы заттардың атмосфераға жалпы шығарылымы, мың тонна



2013-2017 жж. Ластаушы заттардың атмосфераға бөлшек шығарылымы, мг/МВт·с



- гидрокүлжою жүйелерін, өндірістік мақсаттағы айналымдық жүйелерді, қайта пайдаланылған су жүйесін, с ресурстарының ластануы мен жоғаруына жол бермейтін жүйелерді жаңғырту бойынша жұмыстар;
- жерді қайтару және оларды гаруашылық айналымға уақытылы тарту мақсатында №3 күл үйіндісін рекультивациялау;
- №2 күл үйіндісі 3-секциясының бөгеттерін биіктетуге дайындық жұмыстары.

ПАРНИК ГАЗДАРЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМЫ (CO₂)

2009 жылы Киот хаттамасы Қазақстан Республикасында күшіне енгеннен кейін Компания парник газдары шығарылымын түгелдей жүргізуге және озон бұзушы заттарды тұтынуға дайындық бойынша жұмыс ұйымдастырылды.

Парник газдарына мониторинг жасау үшін басқарушы нормативті құжаттарға сәйкес, қалыпты (тұрақты) өндірістік қызметтен, арнаулы тәжірибеден (пункт-реттеу жұмыстары, үдерісті тоқтату, жөн-

деу және техникалық қызмет көрсету) және апаттық жағдайлардан шығарылымдар есебін қамтамасыз ететін есеп тәсілі қолданылды. Парник газдары шығарылымдарын есептеу басқарушы нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізілді.

2016 жылы Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі және «ОАЭК» АҚ арасында «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында Петропавлда жылумен қамту жүйелерін жаңғырту бойынша жобаларды жүзеге асыру туралы үшжақты келісімшартқа қол қойылды. Аталған келісімшарт аясында Петропавл қаласының жылумен қамту жүйелерін жаңғыртуға 12,01 млрд теңге бағытталды. Жаңғы-

рту жобалары энергия пайдалану тиімділігін арттыруға, шығындарды азайтуға және экологиялық стандарттарды жақсартуға бағытталған (желілер бойынша беру кезінде жылу шығындарының азайуымен байланысты көмір шығынын үнемдеу есебінен CO₂ шығарылымдарын азайту).


2017 жылы парник газдары шығарылымдарының жалпы көлемі 2016 жылмен салыстырғанда кеміп (7%), 4 081 684,053 тонна CO₂ құраса, ол жағылған отын (көмір, мазут) санының артуымен байланысты. Жылу және электр энергиясын өндірумен байланысты парник газдары шығарылымдарының бөлшек көрсеткіштері де 2017 жылы кішкене төмендеуді көрсетті.



2013-2017 жж. CO₂ жалпы шығарылымы



2013-2017 жж өндірілген энергияның бірлігіне CO₂ бөлшек шығарылымы, тонна/МВт·с



ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ ШЫҒЫНДАРЫ

ҚОҚ саласындағы қызмет тиімділігін арттыру үшін «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ табиғат қорғау қызметін қаржыландыруды жүзеге асырады. Шығындардың жалпы сомасы 2017 жылы 769 266,465 мың теңгені құрады. Құрылыс және қайта құру бойынша жаңа жобалардың бәріне ҚОҚ мәселелеріне арналған «Қоршаған ортаға ықпал етуді бағалау»

(ҚОЫБ) жобасы әзірленеді. Оның материалдары жергілікті қоғамдастықтар мен мүдделі топтардың назарына қоғамдық тыңдау түрінде жеткізіледі. Қазақстан Республикасы экологиялық стандарттарына сәйкестікті растау үшін барлық жобалар ҚОҚ саласы бойынша аймақтық бақылау органдарында мемлекеттік экологиялық сараптаудан өтеді.

2017 ЖЫЛҒЫ ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ ШЫҒЫНДАРЫ, МЛН ТЕҢГЕ (ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ШЫҒЫНДАРЫ МЕН ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫ, ТИПКЕ БӨЛІНГЕН)

№ Р/С	ШЫҒЫНДАР АТАУЫ	ШЫҒЫНДАР АТАУЫ				
		2013	2014	2015	2016	2017
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ						
1.	Инвестициялық шығындар	2 999,9	2 911,7	3 000,0	4 348,9	434,4
2.	Табиғат қорғау мақсатындағы негізгі қорларды күрделі жөндеу шығындары	259,5	212,9	131,5	27,6	152,1
3.	Ағымдағы шығындар	29,9	237,7	292,9	189,9	182,8

2017 жылғы табиғат қорғау шаралары шығындарының құрылымы:

- Атмосфералық ауаны қорғау – 252 251,769 мың теңге
- Су ресурстарын қорғау – 178,461 мың теңге
- Жерді қорғау және рационалды пайдалану – 483 248,180 мың теңге
- Қалдықтарды жою – 10 594,655 мың теңге
- Өзге шығындар – 5 993,400 мың теңге

- ҚОРЫТЫНДЫ 769 266,465 мың теңге

Компания қызметінің жалпы құрамдас бөлігі қоршаған орта және энергетиканы қорғау саласындағы заңнама талаптарын сақтау болып табылады. 2017 жыл ішінде мемлекеттік өкілетті органдар тарапынан экологиялық заңнаманы және кәсіпорынның табиғат қорғау қызметі саласындағы өзге нормативтік талаптарын бұзу деректері тіркелген жоқ. Мемлекеттік өкілетті органдар тарапынан тексерулер жүргізілген жоқ.

СУ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ СУ РЕСУРСТАРЫН ҚОРҒАУ

Су ресурстарын қолдану кәсіпорындардың өндірістік үдерістерінің негізгі бөлігі болып табылады және қондырғыларды салқындату үдерісінде маңызды роль ойнайды. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ықпал ететін негізгі су нысандары Солтүстік Қазақстан облысындағы (Петропавл қаласы) Ишим өзені мен Большое Белое көлі болып табылады.

Кәсіпорын үздіксіз жұмыс жасаған уақытта қоршаған ортаға тигізілетін зиянды азайтуды қамтамасыз ету үшін «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ зертханасында судың гидрохимиялық көрсеткіштеріне және су нысандарына өндірістік мониторинг ұйымдастырылды. Судағы тиісті ластаушы заттарды бақылау Ишим өзені, Большое Белое көлі су нысандары үшін судың гидрохи-

миялық көрсеткіш ерекшеліктерімен, олардың маусымдық және жыл ішіндегі өзгерістерімен, сондай-ақ, жабық су қоймасы (салқындатқыш) жағдайындағы сапалық және сандық көрсеткіштерді қалыптастыру сипатымен негізделген.

Су қолдануды басқарудың негізгі мақсаты – суды тиімді пайдалану, ол қоршаған ортаға негативті ықпал етуді төмендетеді. Кәсіпорында ауыз сумен қамту, ағын және коммуналдық-тұрмыстық кәріз жүйелері бар. Шаруашылық-тұрмыстық, ауыз су, өрт қажеттіліктеріне су әкелу және су әкету жүйелері келісім бойынша қалалық су жүргізу және кәріз жүйелері есебінен орталықтандырылып жүргізіледі. Өндірістік сумен қамту жүйесі – айналымды.

2017 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ сумен қамту мақсатында 157 598,8 мың м³ су қолданды.

Көздерге бөлгендегі қолданылған судың жалпы саны, мың м³

ПОКАЗАТЕЛЬ	2013	2014	2015	2016	2017
Көрсеткіш	13 403,858	11 690,468	11 158,997	13 591,0	157 598,8
Барлық қолданылған су, оның ішінде:	14 308,827	11 561,703	11 032,316	13 462,6	157 469,7
Беткі су нысандарынан	116,061	128,765	126,681	128,4	129,1
Сыртқы жеткізушілерден	-	-	-	-	-
Жерасты су нысандарынан	0	0	0	0	19 606,9
Айналымды сумен қамту жүйелерінен	0	0	0	2 418,6	146 695,4
Суды қайталама қолдану жүйесінен					

Ағын су әкету көлемі, мың м³

КӨРСЕТКІШ	2013	2014	2015	2016	2017
Пайда болған барлық ағын су	116,061	128,765	126,681	128,4	129,1
Сыртқы ұйымдармен әкетілді	116,061	128,765	126,681	128,4	129,1

2017 жылы жүзеге асырылған су қолдану және су өткізу саласындағы маңызды табиғат қорғау жұмыстарының ішінде келесілерді атап өтуге болады:

- өндірістік мақсаттағы, қайтадан қолданылатын сумен қамту айналымды жүйесін, су ресурстарының ластануы мен аяқталуын болдырмайтын жүйені жаңғырту (май бактарының торларын, фильтрлерді тазалау, орталық сорғы стансасының 2,4 дренажды сорғыларын күрделі жөндеу, май мұздатқыштарын, жағалық сорғы стансасының 1,2 дренажды сорғыларын және 1,2 толықтыру сорғыларын ағымдағы жөндеу, май жүйесін жөндеу, орталық сорғы стансасы-

ның артезиан сорғыларына, № 1,2,3,4,5 цирк-сорғысына, №3 дренажды сорғысына техникалық қызмет көрсету, жіберуші арнаны тазалау жүргізілді);

- судың сандық-сапалық сипаттамаларына мониторинг (бекітілген графикке сәйкес суға талдау жүргізілді);

- жіберілетін судың сапалық құрамының жақсаруын қамтамасыз ететін шараларды ұйымдастыру, тазалау құрылғыларының тиімділігін арттыру («Рубеж-45» маркалы үнемі қалқып тұратын бонды қоршауларды тазалау жүргізілді).

ӨНДІРІС ҚАЛДЫҚТАРЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Барлық қалдық көлемінің 99%-н құрайтын күл-қож қалдықтары жазық типті арнайы жасақталған гидротехникалық құрылғы – күл үйінділерінде қоймаланады. Күл-қож қалдықтарын қоймалауға арналған жаңа орынды құру кезінде Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамаларын сақтау қоршаған ортаны өндірістің күл-қож қалдықтарымен ластануын болдырмайды және ЖЭО қалыпты жұмысын қамтамасыз етеді.

Компания өндірістік қызметінің нәтижесінде пайда болатын басқа қалдық түрлері өз қызметін республика аумағында жүзеге асыратын арнаулы ұйымдарға қайта өңдеуге, жоюға және соңғы орналастыруға беріледі. Жер қыртысын өндірістік қалдықтардан қорғау бойынша ең маңызды шаралардың бірі – қалдықтарды уақытша сақтау және жою талаптарын сақтау болып табылады.

Кәсіпорында 2017 жылы қалыптасқан қалдық көлемі – 1 100 881,872 тонна, оның ішінде күл-қож қалдықтары - 1 094 293,674 тонна, өнеркәсіптік және коммуналдық қалдықтар - 6 588,198 тонна. 2016 жылмен салыстырғанда қалыптасқан қалдықтар көлемінің 34 569,22 тоннаға өсуі қауіптің «жасыл» тізіміне жататын күл-қож қалдықтары үлесінің өсуімен байланысты. Ол бірінші кезекте «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ отын балансындағы көмір шығыны үлесінің артуынан туындаған.

2017 жылы атқарылған қалдықтармен жұмыс бойынша ең айтулы шаралар күл-қож үйінділері мен өзге қалдық орналастыру нысандарының өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздігін арттыруға бағытталған:

- №3 күл үйіндісін рекультивациялау («СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ);
- энергонысандарды қайта құру және салу барысында пайда болатын қалдықтарды қоймалау орындарын ұйымдастыру (алаңдарды жасақтау, контейнерлерді орнату).

ҚАЛЫПТАСҚАН ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ЖАЛПЫ МАССАСЫ, МЫҢ ТОННА

КӨРСЕТКІШ	2013	2014	2015	2016	2017
Күл-қож қалдықтары	1 024,094	1 022,074	1 028,964	1 134,196	1 094,294
Қалдықтардың өзге түрлері	2,828	2,942	6,685	1,255	6,588

ҚАУІПТІЛІК ДЕҢГЕЙІНЕ БӨЛГЕНДЕГІ ҚАЛДЫҚТАР, МЫҢ ТОННА

КӨРСЕТКІШ	2013	2014	2015	2016	2017
Қалыптасқан қалдықтар:	1 026,922	1 025,016	1 035,650	1 135,451	1 100,882
Жасыл тізім	1 026,910	1 025,005	1 035,636	1 135,416	1 100,841
Янтарь тізім	0,012	0,011	0,014	0,035	0,041
Қызыл тізім	-	-	-	-	-



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Солтүстік Қазақстан облысында алғашқылардың бірі болып ISO 14001 сериялы халықаралық экологиялық стандарттарға сәйкестік сертификатын алды.

ISO 14001 сериялы стандарттарға сәйкес әзірленген, сәтті жүзеге асырылып жатқан және сертифицирталған экологиялық менеджмент жүйесінің болуы Компанияның бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне, акциялардың нарықтық бағасының артуына, сыртқы мүдделі тараптармен қарым-қатынаста оң имидж қалыптастыруға негіз болатын ҚОҚ саласындағы жүйелі, тиімді жұмыстың маңызды көрсеткіші болып табылады.

Есептік кезеңде TÜV Rheinland Inter Cert компаниясы (тәуелсіз сараптама және сертификация саласының үздігі) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ еншілес кәсіпорындарының ISO 14001 (Экологиялық менеджмент жүйесі), ISO 9001 (Сапа менеджменті жүйесі), OHSAS 18001 (Кәсіби қауіпсіздік және денсаулық менеджментінің жүйесі) халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестікке бақылау және қайта сертифицирлау аудитін жүргізді. Нәтижесінде менеджменттің біріктірілген жүйесі (МБЖ) сертификаты беріліп, оның жұмыс қабілеттілігі, нәтижелілігі және жақсаруға бағытталғаны расталды.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІН ҚОҒАМДЫҚ БАҒАЛАУ

ҚР экологиялық талаптарына сәйкес болу мақсатында 2017 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің («СҚО бойынша энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» МБ, «ҚР ЭМ ГИНК СҚО бойынша Экология департаменті» РМБ қатысуымен келесі экологиялық жобалар бойынша екі қоғамдық тыңдау өткізді:

- 1.«Петропавл 2-ЖЭО-нда жылу қуатын беру сызбасын қайта құру» жұмыс жобасы бойынша «Қоршаған ортаға ықпал етуді бағалау» жобасы;
- 2.«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО күл үйіндісінің №3 секциясының бөгеттерін ұлғайту» жо-

Қоғамдық тыңдаулардың негізгі міндеті жоғарыда аталған жобаларды жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаға ықпал етуді бағалауды анықтау, қоршаған және әлеуметтік-экономикалық ортаға болуы мүмкін салдарларды бағалау, қайта құру және құрылыс бойынша жұмыстар жүргізу кезінде қоршаған ортаға бөлінетін эмиссия нормативтерін әзірлеу болып табылады. Қоршаған ортаға ықпал ету көздері, жұмыс жүргізу кезінде ластаушы заттар шығарылуының көлемі, өндіріс қалдықтарының қалыптасу көлемі тереңірек қарастырылды. Тыңдауға қатысушылар талқысына барлық жоспарланған жұмыстарды жүргізу кезінде қоршаған ортаға негативті ықпал ету төмендетілетін қоршаған ортаны қорғау бойынша бірқатар шаралар ұсынылды.

басы бойынша «Қоршаған ортаға ықпал етуді бағалау» жобасы;

3.Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданындағы «Рощинка» кен орнының саздақтарын өнеркәсіптік әзірлеу жобасы бойынша «Қоршаған ортаға ықпал етуді бағалау» жобасы (III деңгей);

2018 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАР

2018 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның қоршаған ортаға негативті ықпал етуді төмендетуге бағытталған экологиялық қызметі жалғасатын болады.

Инвестициялық бағдарлама аясында өндіріс нысандарын одан әрі жаңғырту, табиғат қорғау шаралары жоспарын орындау, әлемдік экологиялық стандарттарға сәйкестікті растау жоспарланып отыр.

2018 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ табиғат қорғау қызметінің жағдайына объективті бағалау жүргізу, экологиялық тиімділікті одан әрі жақсарту және ластанумен күрес мүмкіндіктерін айқындау мақсатында қолжетімді үздік технологиялармен бағалауды қоса алғанда, алғашқы рет өзінің өндіріс нысандарына тәуелсіз экологиялық аудит жүргізуге ниетті. Аудит нәтижелері негізінде Компания өз кәсіпорындарында қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларды төмендету және экологиялық тиімділікті арттыру бойынша ұзақмерзімді жұмыс жоспарын әзірлемек.

КАДРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызметкерлерді басқару саясаты Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және қамтамасыз етуге бағытталған қызметкерлермен өзара жұмыс жүйесі болып табылады.

Қызметкерлерді басқару саясатының мақсаты – қызметкерлер мүмкіндігін толық ашудың барлық мүмкіндіктерін беретін тиімді корпоративтік басқару жүйесі бар компания құру.


Компания қызметкерлерді басқару саласындағы саясатын түрлі деңгейдегі кәсіби қызметкерлерді тар-

ту, жоғары кәсіби қызметкерлерді ұстап қалу, қызметкерлерді үздіксіз кәсіби оқыту және дамыту, жас қызметкерлердің кәсіби өсуіне мүмкіндіктер беру, кадрлық резервті құру және дарындарды басқару жолымен бекемдеу болып табылады.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНДЫҚ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Компания қызметкерлерінің сандық құрамы 2017 жылдың 31 желтоқсаны бойынша 2 576 адамды құрады, қызметкерлер санының 2016 жылмен салыстырғанда 0,2% азаюы штаттың толық қамтылмауымен байланысты. 2016 жылы қызметкерлер санының 2015 жылмен салыстырғанда 0,2% артуы кәсіпорынның сандық құрамын оңтайландыру шараларымен байланысты.

Сандық құрамның өзгеру динамикасы, адам



«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ КӘСІПОРЫНДАРЫ БОЙЫНША 2017 ЖЫЛЫ САНДЫҚ ҚҰРАМНЫҢ БӨЛІНІСІ

КОМПАНИЯ АТАУЫ	ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	840
«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ	1 217
«Петропавл Жылу Желілері» ЖШС	284
«Севказэнергосбыт» ЖШС	235
Барлығы:	2 576

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНАТЫ МЕН ЖЫНЫСТЫҚ ҚҰРАМЫ

Компания қызметкерлерінің жынысы бойынша құрылымының ара қатынасы ерлердің 64,3% жоғары үлесімен сипатталады. Өндіріс қызметкерлері негізінен «жұмысшылар» санатынан тұрады, оның 73,9% пайызын ерлер құрайды.


«Басшылар» санатындағы қызметкерлердің үлесі 2017 жылы қызметкерлердің барлық санының 14,2% құрады, бұл оңтайлы көрсеткіш болып табылады.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАСЫ БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ

Компания қызметкерлерінің жас құрамы кәсіби еңбек өнімділігі жоғары қызметкерлер үлесінің жоғары деңгейімен сипатталады. 40 жасқа дейінгі қызметкерлер саны барлық қызметкерлердің 57,3% құрайды. 60 жастан асқан қызметкерлер үлесі – 4,8%.

Қызметкерлерді басқару саясатын жүзеге асыру аясында Компанияда кәсіби білім мен білікті беру және ізбасарлықты қамтамасыз ету мақсатында жас мамандар мен тәжірибелі, жоғары білікті қызметкерлердің оңтайлы қатынасына қол жеткізу үшін түрлі деңгейдегі кәсіби қызметкерлерді тарту, ұстап қалу, сапалы жоспарлау және бастамашыл жас мамандардың кәсіби өсуіне мүмкіндіктер жасауға бағытталған шаралар қолға алынған.

Жұмысшылардың жас құрамы



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІМ БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ

Жалпы Компания бойынша 2015-2017 жылдары техникалық/кәсіби білімді өндірістік қызматкерлер үлесінің артуы және жалпы орта білімді жұмысшылар үлесінің төмендеуі байқалады. Жұмысшы кәсіптері бос орындарын толтыру басымдығына орай, жоғары білімді жұмысшылар үлесінің 2016 жылмен салыстырғанда 0,9%-ға төмендеуі орны алды.

2017 жылы сырттай оқу формасында 17 қызметкер жоғары білім алса, оның ішінде 15 қызметкер – кәсіпорын саласы бойынша білім алды, ал 28 қызметкер техникалық/кәсіби білім алса, оның ішінде 25 қызметкер – кәсіпорын саласы бойынша білім алды. 4.0-ден кем емес орташа балмен оқуын аяқтаған 26 жұмысшыға оқу орнын сәтті аяқтағаны үшін бонус төленді. 79 жұмысшы ЖОО-нда энергетика профилі бойынша ЖОО-нда және техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарында білім алуды жалғастырып жатыр.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

Компанияның оқыту және дамыту жүйесі келесі бағыттарды қарастырады:

- Міндетті, нормативті оқыту;
- Басқарушылық компетенцияларды дамыту;
- Кәсіби компетенцияларды дамыту.

Қызмет тиімділігін арттырып, қауіпсіз еңбек жағдайларын орнату үшін Компания кәсіпорындарында корпоративтік форматта және жеке даму жоспары бойынша оқытулар жүргізіледі.

2017 жылы барлық қызметкерлердің 63,4%-ын құрайтын 1 632 адам оқытудан өтсе, оның ішінде 41,1% құрайтын 1 059 адам еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласы бойынша міндетті оқудан өтті.

2017 жылы Компания қызметкерлерінің кәсіби профилін кеңейту мақсатында қосып атқарушылық (аралас) мамандықтарға 414 адам оқытылды.



2017 жылы «PROFENERGY» жобасы аясында негізгі қызметкерлерді дамыту бағдарламасын жүзеге асыру жалғасты. Осылайша, басқарушылық компетенцияларды дамыту мақсатында барлық басқару сатылары басшылары ішінде 60 жұмысшы «Практикалық менеджмент немесе тиімді басқару машықтары» корпоративтік тренингіне қатысты. Басшылар мен мамандар ішінде 32 жұмысшы қауіпсіздік және еңбекті қорғау, сатып алулар, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары, капиталды құрылыстағы жобаларды басқару, үнемді өндіріс сынды бағыттар бойынша корпоративтік оқудан өтті.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ТҰРАҚСЫЗДЫҒЫ

2017 жылы тұтас компания бойынша қызметкерлердің тұрақсыздығы 9,8% құрап, 2016 жылмен салыстырғанда 3,3%-ға артты. Тұрақсыздықтың өсуіне Компанияда жүзеге асырылатын келесі шаралар ықпал етті:


- еңбек және өндірістік тәртіптің бұзылуы;
- денсаулық жағдайына байланысты;
- қызметкерлер көші-қоны (РФ қоса алғанда ТМД елдеріне көшу);
- еңбекақы көлеміне қанағаттанбаушылық.

Аталған көрсеткішті жақсарту үшін Компанияда келесі шаралар жүзеге асырылады:


- Жыл сайын еңбекақы деңгейін көтеру;
- Тәлімгерлік институтын дамыту және жас мамандарды қолдау жүйесі;
- Компания есебінен оқыту, біліктілік көтеру және корпоративтік тренингтерді ұйымдастыру;
- Қызметкерлерді материалдық және материалдық емес ынталандыру.

АТАУЫ	2015	2016	2017
Дайындықтан, қайта даярлаудан және біліктілік көтеруден өткен қызметкерлер саны, оның ішінде:	2001	1477	1632
Қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, техникалық пайдалану ережелері (алғашқы оқыту, біліктілікті растау, аттестация/қайта аттестация), басшыларға арналған курстар	1 392	1 026	1 059
ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 1800 сапа менеджменті жүйесі бойынша оқытулар (қоршаған ортаны қорғау, ішкі аудит және тәуекелдерді басқару мәселелерін қоса алғанда)	288	332	414
Аралас мамандықтарды оқыту	2	6	7
АҚ және ТЖ бойынша оқыту	2	0	0
Өзге (біліктілікті арттыру, семинарлар, тренингтер және т.б.)	317	113	152

Білім деңгейінің динамикасы



Тұрақсыздық коэффициенті



КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВ

Түрлі деңгейдегі басқарушылық лауазымдарды толтыру үшін қажетті резервті қалыптастыру мақсатында 2017 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» компаниялар тобында 236 басшыдан құралған жоғарғы, орта және бастапқы басшылық буындарының кадрлық резервті қалыптасқан. Кадрлық резервті дамыту – өзіндік оқу орындарында оқыту, біліктілік арттыру, тәлімгерлік алу, басқарушылық функцияларды атқару, уақытша ауыстыруды қамтитын жеке кәсіби және ұйымдастырушылық-басқарушылық

бағдарламаға негізделеді. 2017 жыл ішінде кадрлық резервте тұрған қызметкерлердің 14-і басқарушылық қызметке ауыстырылды. Компанияда сыртқы резервті қалыптастыру, оның ішінде оқу орындары түлектерінен құралған резервті қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

ЖАС МАМАНДАРДЫ ТARTУ

PROFENERGY жобасы аясында 2017 жылы жас мамандарды қолдау және қызметкерлердің білім деңгейін дамыту және арттыру бағдарламасын жүзеге асыру жалғасын тапты. Бұл бағыт аясында келесі шаралар жүзеге асырылды:

1.«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ атаулы корпоративтік шәкіртақысын алуға ғылыми жұмыстар конкурсы ұйымдастырылып және өткізіліп, оның қорытындысы бойынша бір жеңімпаз анықталды. Ол – «Жылутехникалық қондырғылар және жылумен қамту жүйелері» мамандығы бойынша білім алатын Петропавл теміржол транспорты колледжінің студенті.

2.Жазғы каникул уақытына 8 студент жұмысқа орналастырылды.

3.113 студентке кәсіби тәжірибе ұйымдастырылып, олардың 11-і ақы төленетін тәжірибеге қабылданып, білім туралы дипломды қолына алғаннан кейін Компанияға жұмысқа орналасу жөнінде келісімге қол қойды.

4.Компания қызметкерлері емтихан қабылдау және диплом жұмыстарын қорғау бойынша емтихан комиссиясы мен мемлекеттік аттестациялық комиссия құрамына қатысты.

2017 жылы Компанияның өндірістік нысандарына 17 экскурсия жүргізілді.


Компания кәсіпорындарына 2017 жылы 59 жас маман жұмысқа алынса, олардың ішінде 27 адам – колледж және ЖОО түлектері болды.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

Компаниядағы ынталандыру мен марапаттау жүйесінің мақсаты – Компанияның өз міндеті мен бизнес-мақсаттарына аз шығынмен қол жеткізуіне жұмыс жасайтын қызметкерлерді тарту, ұстап қалу және ынталандыру болып табылады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» тобы кәсіпорындары бойынша 2017 жылғы орташа табыс 2016 жылмен салыстырғанда 5,4%-ға артса, 2015 жылмен салыстырғанда 10,4%-ға көбейді.


«СЕВКАЗЭНЕРГО» тобы кәсіпорындарына шаққандағы орташа табыстың арту деңгейі



МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС ЫНТАЛАНДЫРУ

Қызметкерлерді жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізу үшін моральдық ынталандыру, тиімді еңбекке ұмтылдыру үшін Компанияда жыл сайын наградалар, құрмет грамоталарын, атақтар беру, корпоративтік ақпарат көздерінде жариялау шаралары жүзеге асырылады.

2017 жыл қорытындысында тиімді еңбегі үшін «СЕВКАЗЭНЕРГО» кәсіпорындар тобының 41 жұмысшысы мен ардагері наградалармен марапатталды: корпоративтік наградалармен 28 жұмысшы, мемлекеттік наградалармен 5 жұмысшы мен ардагер, ТМД Электроэнергетикалық Кеңесінің наградасымен 3 жұмысшы, Қазақстан Энергетикалық Қауымдастығының наградасымен 5 жұмысшы марапатталды.



КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫМЕН ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ

2017 жылы «СЕВКАЭНЕРГО» топ кәсіпорындарының Бірыңғай ұжымдық шартына өзгерістер енгізу бойынша еңбек ұжымдарынан түскен ұсыныстарды талдау жүргізіліп, ол жаңартылған еңбек заңнама-сына сәйкестендірілді.

2018-2020 жылдарға арналған Бірыңғай ұжым-дық шарт жобасы жасалып, топ кәсіпорындарының бірінші басшыларына және кәсіподақ ұйымдарына жіберілді.

Келісімшарт жасаудың басты мақсаты – «СЕВКАЭ-НЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобы жұмысының тиімділі-гін арттыру, өндірістік-экономикалық қызмет нәти-желері үшін әлеуметтік жауапкершілікті күшейту, шартта қарастырылған әлеуметтік кепілдіктер, өте-мақылар және жеңілдіктерді беру есебінен жұмыс-шыларды ынталандыру және еңбек өнімділігін арт-тыру өсімін қамтамасыз ету болып табылады.

АТАУЫ	2015	2016	2017
Кәсіподаққа мүше қызметкерлер саны	1 822	1 829	1 773
Барлық қызметкерлер ішіндегі үлесі, %	70,5	70,9	68,8

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ, КЕПІЛДІКТЕР ЖӘНЕ ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ

«СЕВКАЭНЕРГО» АҚ әлеуметтік саясаты жұмысшылар-мен және олардың өкілдері – кәсіподақ ұйымдарымен анықталады және Компания еншілес ұйымдарының қаржылық мүмкіндіктері есебінен қамтамасыз етіледі.

СПОРТТЫҚ-САУЫҚТЫРУ ШАРАЛАРЫ

«СЕВКАЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобында сала-уатты өмір салтын насихаттау және дамыту мақса-тында келесі шаралар өткізіледі:

- бос уақытты белсенді ұйымдастыру;
- ұжымдық дәстүрлерді қалыптастыру;
- жыл сайын спартакиада, кәсіби жарыстар өт-кізу;
- спорттық ойын түрлері (баскетбол, волейбол, мини-футбол) бойынша дайындықтар өткізу.

«СЕВКАЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобының кәсіпо-дақ ұйымдары жұмыс берушілермен бірге кәсіпорын жұмысының тиімділігін арттыру, еңбек және өндіріс тәртібін күшейту, орындалатын жұмыс престиждігі мен жұмысшылардың кәсіби мақтаныш сезімін ұстап тұру шараларын жүзеге асырады.

Кәсіподақ ұйымының төрағасы жұмыс беруші-ге мәдени-бұқаралық, спорттық жұмыстар өткізу мен жұмысшылар балаларының жазғы демалысын қамтамасыз етуге, сауықтыру шараларын жүзеге асыруға көмектеседі, жұмысшыларға, олардың от-басы мүшелеріне, жұмыс істемейтін ардагерлерге әлеуметтік материалдық көмек көрсетеді, жұмыс-шылар мен олардың отбасы мүшелерін сауықтыру, еңбекті қорғауға бөлінетін ақша қаражатын мақсат-ты пайдалануға бақылау жасайды, өндірістегі қай-ғылы оқиғаларды зерттеуге және айыптылардың кінә деңгейін белгілеуге қатысады және тағы басқа шараларды атқарады.

2017 жылы 25 адамнан құралатын «СЕВКАЭНЕР-ГО» АҚ құрамасы «Қызылжар» бірінші қалалық спартакиадасына қатысып, Петропавл қаласының 17 командасы ішінде 6-орын иеленді.

Компания кәсіпорындары арасында дәстүрлі жыл сайынғы спартакиада ұйымдастырылды. Ішкі жа-рыстарға 2017 жылы барлығы 293 жұмысшы қатысты. Жыл қорытындысы бойынша бес жыл қатарынан «Солтүстік Қазақстан Электр Желілік Та-рату Компаниясы» АҚ бірінші орын иеленіп келеді. Кәсіпорын спортшылары волейбол, мини-футбол, үстел теннисі, дартс, жеңіл атлетика, шахмат, боу-линг және конькиден үздік болды.

Батыр күнін мерекелеу қарсаңында «Солтүстік Қа-зақстан Электр Желілік Тарату Компаниясы» АҚ Кәсіподақ комитеті пейнтболдан турнир ұйымда-стырып, оған 128 жұмысшы қатысты.

Барлық жарыс түрлерінің жеңімпаздары мен қа-тысушылары дәстүрлі түрде грамоталармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.



МАҚСАТТАР	ӘЛЕУМЕТТІК ПАКЕТ
Қызметкерді ұзақмерзімдік қызметке ынталандыру	5% көлемдегі қосымша кәсіби зейнетақы жарналары. Кәсіби жарыс үшін сыйақы. Мерейтойлық және мерекелік даталарға орай сыйақылар.
Тиімді өтемақы және жеңілдік жүйесі	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындарына өтемақы, жатақхана, баспана жалдау бойынша жеңілдіктер. Жұмысшыларды жұмысқа және жұмыстан үйіне жеткізуге автотранспорт қызметтері. Пеш арқылы жылытылатын үйлерде тұратын қызметкерлерге көмірді өзіндік құны бойынша беру. 14 жасқа дейінгі балаларға лагерьге жолдама беру. Балаларға жаңа жылдық сыйлықтар..
Қызметкерлердің еңбек қабілеті мен денсаулығын қолдау	Жұмысшыларды өндірістегі қайғылы оқиғалар мен аурулардан сақтандыру. Міндетті медициналық сақтандыру. Тұрақты медициналық тексерулер өткізу. Ауыр сырқаттардан ем алуға материалдық көмек.
Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	Бала дүниеге келгенде материалдық көмек. Жерлеу қызметтеріне материалдық көмек. Көп балалы және аз қамтамасыз етілген отбасыларға материалдық көмек. Ақы төленетін әлеуметтік демалыс. Ардагерлер кеңесіне ақшалай қаражат бөлу. Зейнетке шыққанда сыйақы беру. ҰОС, еңбек және кәсіпорын ардагерлерін қолдау бағдарламасы.
Спорттық-сауықтыру шаралары	Спорттық жарыстар қатысушыларының тамақтану шығындарын өтеу. Сауықтыру мен ұжымдық демалысты өткізуге қаражат бөлу.

КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығы қарсаңында Компания ардагерлеріне арналған мерекелік концерт ұйымдастырылды. Концертке 21 жұмысшы қатысты.

Энергетик күнін мерекелеу қарсаңында балалар үйі тәрбиеленушілері мен Компания қызметкерлерінің балалары арасында «EXPO 2017 – Болашақ энергиясы» тақырыбында балалар шығармашылығы байқауы өткізілді. Байқауға барлығы 44 бала қатысты. 14 бала түрлі аталымдар бойынша жүлделі орындарды иеленді. Жеңімпаздарға атаулы дипломдар мен естелік сыйлықтар (кітаптар, ойыншықтар, шығармашылыққа арналған жиынтықтар) табыс етілді. Қалған қатысушылар ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды.

Компания ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ҚР Энергетика министрлігімен, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен, ҚР Кәсіподақтар федерациясымен бірлесіп 10 жылдан бері ұйымдастырып келе жатқан «Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілік бойынша байқауына қатысты. 2017 жылы байқау «Парыз – сәтті 10 жыл» ұранымен өткізілді. Байқау жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту үшін өзінің қоғам алдындағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруына және көтеруіне бағытталған. Өңірлік кезеңде «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ «Үздік әлеуметтік жауапкершілікті кәсіпорын» аталымы бойынша екінші орынды иеленді.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» кәсіпорындар тобының 11 қызметкері Еңбек күнін мерекелеуге арналған «Еңбек жолы» облыстық байқауына қатысты. Өңірлік кезеңде байқаудың «Үздік еңбек әулеті» аталымының жеңімпаздары 2-ПЖЭО өкілдері (Зозуля және Нұрымовтар әулеттері тиісінше 1, 2-орындар) болды, «Петропавл Жылу Желілері» ЖШС өкілі Дүйсенбаев Д.Н. «Өндірістің үздік жас жұмысшысы» аталымында 2-орынды иеленсе, «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ өкілі Чекунов А.Е. «Жұмысшы жастардың үздік тәлімгері» аталымында 2-орын алды. Бірінші орынды иеленген Зозуля әулетінің өкілдері Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрінің қатысуымен Астана қаласында 2017 жылғы қарашада өткен «Жалпыға ортақ еңбек қоғамы» республикалық форумына қатысты.

2018 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАР

2018 жылы Компанияның кәсіби кадрлық құрамын тартуға және дамытуға бағытталған қызметкерлерді басқару саясатын жүзеге асыру жалғасын тапты. Бұл бағыт аясында жас мамандарды қолдау мақсатындағы шаралар атқарылып, тиімділіктің негізгі көрсеткіштері мен профильді автоматтандырылған процестерді енгізу бойынша жобалар жүзеге асырылады.

Оның ішінде келесі шараларды атқару жоспарланған:

- «PROFENERGY» бағдарламасын келесі бағыттар бойынша ары қарай жүзеге асыру;

- жас мамандарды қолдау және қызметкерлердің білім деңгейін арттыру;
- тәлімгерлік институтын дамыту;
- негізгі қызметкерлерді дамыту бағдарламасы;
- Компанияның стратегиялық және оперативті мақсаттарына қол жеткізу бойынша негізгі көрсеткіштерді әзірлеу және енгізу.
- Компания жұмысшыларының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсарту бойынша бағдарламаларды олар әрі жүзеге асыру.
- Кадрлық есеп, қызметкерлер мен еңбек экономикасын бағалау бағыттары бойынша автоматтандырылған процестерді дамыту және енгізу, қызметкерлерді басқару процесін регламенттейтін құжаттар талаптарына сәйкес 1С 8 УПП бағдарламалық өнімінің функционалын жетілдіру.
- «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ-ның 55 жылдық, «Севказэнергосбыт» ЖШС 10 жылдық мерейтойын салтанатты мерекелеуге дайындық.
- Бүкіләлемдік еңбекті қорғау күніне мерекелеуге арналған бірқатар шараларды өткізу.
- Ұжымды біріктіруге бағытталған шараларды өткізу (9 мамырға концерт ұйымдастыру, спорттық шаралар, СҚО демалыс орындарына ұжымдық сапарлар ұйымдастыру).
- Компания жұмысшыларын әлеуметтік қолдау жүйелерін жетілдіру, 2018-2020 жылдарға Бірыңғай ұжымдық шарт жасасу.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғауда негізгі міндеттемелерге келесілер жатады:

- «СЕВКАЗЭНЕРГО» тобы кәсіпорындары қызметкерлері мен оның аумағында орналасқан сыртқы ұйым өкілдерінің өмірі мен денсаулығын сақтау;
- кәсіби қауіпсіздік және денсаулық саласындағы тәуекелдер мен олардың нәтижелілігімен байланысты тиісті заңнамалық және нормативті талаптарды орындау;
- алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге қажетті ресурстар бөлу;
- апаттылықты азайту мен олардың алдын алуға бағытталған шараларды өткізу;
- пайдалану мен жөндеу сапасын тұрақты түрде жақсарту, жарақаттануды азайту, энергия өндірісі қалдықтары мен шығарылымдары үлесін төмендету, экологиялық жағдай мен еңбекті қорғауды жақсарту.

Аталған міндеттемелерге қол жеткізу үшін 2017 жылы Компанияда келесі құжаттар әзірленіп, енгізілді:

- Электр желілерінің энергетикалық қондырғыларының технологиялық ақауларына және өзге де зақымдарына зерттеу жүргізу және есепке алу туралы регламент әзірленді (РГ 03.046);
- Энергетикадағы қосымша қауіпсіздік белгілері және оларға қойылатын талаптардың «ОАЭК» АҚ альбомы іске қосылды (іске қосу туралы бұйрық №50, 23.01.2017 ж.);
- «ОАЭК» АҚ қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы саясаты іске қосылды (іске қосу туралы өкім №13, 10.02.2017 ж.);
- «ОАЭК» АҚ электр құрылғыларын пайдалану және жөндеу кезінде қорғаныс заттарын, құрал-жабдықтарын қолдану және сынау бойынша нұсқаулығы іске қосылды (іске қосу туралы бұйрық №118, 16.02.2017 ж.);
- Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында қызметкерлермен жұмыстың жылдық жоспарын рәсімдеу ережесі әзірленді (ПР 03.073/01);
- Жұмыс орындарын паспорттау бойынша жұмыс топтары қызметін ұйымдастыру әдістемесі әзірленді («Жылдам жеңістер») (М 03.01);
- Жаңартылған «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарының өндірістік қызметкерлеріне (жұмысшылар және инженер-техникалық жұмысшылар) арнаулы киім альбомы іске қосылды. Корпоративтік



ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР ЖӘНЕ ОРЫНДАЛҒАН ШАРАЛАР

Денсаулық пен қызметкерлердің қауіпсіздігі Компания үшін Стратегиялық даму бағдарламасында қарастырылған басым міндеттер тобына жатады. Өндірістік жарақаттану мен кәсіби аурулардың алдын алу электр және жылу энергиясы өндірісі қызметінде шешім қабылдауда айқындаушы фактор болып табылады.

2017 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда OHSAS 18001 кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау халықаралық стандартының талаптарына сәйкестікке ресертификациялық аудит жүргізілді. Кәсіпорын оның қызметін және жүйенің талаптарға сәйкестігін растады.

- стильге талаптар (іске қосу туралы бұйрық №898, 15.12.2017 ж.);
- РГ 28.018/01 Апатқа қарсы/өртке қарсы жаттығулар нәтижелерін шығару және құжаттау регламенті;
- РГ 28.015/01 «Севказэнергосбыт» ЖШС аумағында қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, санитарлық нормалардың негізгі талаптары туралы регламент;
- РГ 28.019/01 «Севказэнергосбыт» ЖШС аумағында транспорт пен жаяу жүргіншілердің өзара әрекеті кезіндегі қауіпсіздік регламенті;
- ИОТ 08.001/02 «Өндірістік және қызметтік орындарды тазалаушы» жұмыс кәсібі бойынша қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулық;
- ИОТ 28.002/02 «Кешенді қызмет көрсету және ғимараттарды жөндеу бойынша жұмысшы» жұмыс кәсібі бойынша қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулық;
- ИОТ 28.003/02 «Аула тазалаушы» жұмыс кәсібі бойынша қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулық;
- ИОТ 28.004/02 «Өткізу басқармасының контролері» жұмыс кәсібі бойынша қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулық;
- ИОТ 28.005/02 «Жеке компьютермен жұмыс» қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулық;
- ИОТ 28.001/02 «Севказэнергосбыт» ЖШС ғимараттарында өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулық.

Компания туралы, Компаниядағы жұмыстың ұйымдастырылуы туралы ақпаратты жаңадан жұмысқа орналасып жатқан адам, сондай-ақ, өндірістік тәжірибеге жіберілгендер кіріспе инструктажынан өту барысында алады. Инструктаж қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің кабинетінде презентация және видеоматериалдарды қолдану арқылы өткізіледі. Кіріспе инструктажы барысында алған білімін олар тексеру парағын толтыру барысында бекемдей түседі. Одан әрі жұмысшылармен бірінші инструктаж өткізіліп, жұмыс барысында барлық жұмысшылар Қазақстан Республикасы заңнамасы мен Компанияның ішкі регламенттеуші құжаттарына сәйкес өзге инструктаждардан өтеді.

Компания кәсіпорындарында ай сайын қолданыстағы ереже, норма, нұсқаулықтардың талаптары бұзылуын анықтау үшін «Қауіпсіздік техникасы күні» ұйымдастырылады. «Қауіпсіздік техникасы күні» өткізілгеннен кейін анықталған ескертпелер бойынша акт толтырылып, талқылау өткізіледі, онда аталған кемшіліктерді жою шаралары белгіленеді. Қауіпсіздік техникасы күндері мұндай шараларды өткізу бағдарламасы бойынша нормативтік талаптардың сақталуын терең тексеруге мүмкіндік береді.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, электр стансаларын және желілерін пайдалану техникасы, жарақат алушыларға дәрігерге дейінгі көмек көрсету техникасы, өрт-техникалық минимум көлеміндегі өрт қауіпсіздігі техникасы салаларындағы білімді біліктілік тексеру екі кезеңде өткізіледі – тестілеу және ауызша әңгімелесу өткізу. Бұл Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, электр стансаларын және желілерін пайдалану техникасы, жарақат алушыларға дәрігерге дейінгі көмек көрсету техникасы, өрт қауіпсіздігі техникасы салаларындағы білімді, арнайы ережелерді терең тексеруге мүмкіндік береді.



Кәсіпорында тұрақты және кезеңдік: тексерулер, қондырғы, ғимарат, құрылыстардың техникалық жағдайын куәландыру бақылаулары өткізіліп тұрады және қондырғы, ғимарат, құрылыстардың жағдайы мен қауіпсіз пайдаланылуына, сондай-ақ, техникалық және технологиялық қадағалау бойынша жауапты мамандар бекітілген. Мамандар мен жұмысшылардың барлық санаттарына лауазымдық нұсқаулықтар, жұмыс мамандықтары мен жұмыс түрлеріне қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтар, пайдалану бойынша нұсқаулықтар және басқа да станса қызметкерлеріне арналған регламенттеуші құжаттар әзірленген.

Компанияда әрбір жұмыс орнына әсер ететін қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, пайда болу жағдайлары, ықпал ету нысаны, күтпеген оқиғалар, тәуекелдерді бағалау және бақылау шаралары көрініс тапқан қауіптер мен тәуекелдер тізімі әзірленген.

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және оның еншілес ұйымдарында Қауіпсіздік және еңбекті қорғау кеңесі құрылған. Кеңесті кәсіпорын жұмысшылары ішінен таңдалатын төраға басқарады. Кеңес құрамына жұмыс беруші өкілдері, техникалық еңбек инспекторларын қоса алғанда кәсіподақ ұйымының өкілдері кіреді.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау кеңесі келесі функцияларды орындайды:

- өндірістік жарақаттану мен кәсіби ауру себептерін, еңбекті қорғау шарттары бойынша өткізілетін шаралар тиімділігіне талдауды, ұйымның нақты еңбекті қорғау жағдайы туралы ақпараттық-талдамалы материалдарды зерттейді;
- еңбек шарттары бойынша жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелерін талдайды, құрылымдық бөлімшелер мен жалпы ұйымды өндірістік нысандардағы тұрақты жұмыс орындарын еңбекті қорғау талаптарына сәйкестікке келтіруге дайындауға қатысады;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында анықталған қателіктерді жою бойынша, қауіпсіз еңбек жағдайларын құру бойынша, ұйымда еңбек қызметі процесінде жұмысшылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған бағдарламалар, ұсыныстар, шешімдер және басқаларды әзірлеу бойынша ұсыныстарды қарастырады;
- еңбекті қорғау бойынша жұмысшыларға уақытылы және сапалы инструктаж өткізуге, сон-

дай-ақ, қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында білім тексеруге, жұмысшылар, кәсіподақ активін еңбекті қорғау саласындағы заңнама мәселелері бойынша тұрақты оқыту және білім деңгейін көтеруге көмектеседі;

- қауіпсіз еңбек жағдайларын құру, ауыр физикалық жұмысты жою мақсатында өндіріске заманауи технологиялар мен жаңа техниканы енгізу бойынша ұсыныстар береді;
- ұйым жұмысшыларын жағдайды жақсарту және еңбекті қорғау бойынша өткізілетін шаралар туралы, өндірістік жарақат пен кәсіби аурулардың профилактикасы туралы, сертификатталған арнаулы киіммен, арнаулы аяқ киіммен және өзге жеке қорғаныс заттарымен қамтамасыз ету бойынша қолданыстағы нормативтер туралы және оларды дұрыс қолдану жайында ақпараттандырады;
- ұйымда еңбекті қорғау бойынша шараларды қаржыландыру, өндірісте қайғылы оқиғалардан және кәсіби аурулардан міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелерін қарауға, еңбекті қорғау жағдайларын жақсартуға бағытталған ұйымның заттар шығынын бақылауды жүзеге асыруға қатысады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және оның еншілес ұйымдарында еңбекті қорғау бойынша техникалық инспектор жұмыс істейді. Өз қызметінде еңбекті қорғау бойынша техникалық инспекторлар бөлімшелер басшыларымен, қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметімен, пайдалану жөніндегі инспекциямен, өнеркәсіптік қауіпсіздік нысандарын қадағалау жөніндегі инспекциямен, сондай-ақ, мемлекеттік еңбек, мемлекеттік қадағалау және бақылау инспекторларымен өзара қызмет етеді.

Еңбекті қорғау бойынша техникалық инспекторлардың негізгі функциялары:

- жұмысшылардың құқықтары мен көзқарастарын қорғау;
- ұжымдық шарттың «Еңбекті қорғау» бөліміне, сондай-ақ, кешенді мақсатты бағдарламаларға және органдар тарапынан әзірленетін еңбекті қорғауды жетілдірудің бірінші кезектегі шаралар жоспарын әзірлеуге және ұсыныстар енгізуге қатысу;
- жұмыс орындарына еңбекті қорғау талаптарын сақтауды бақылауды жүзеге асыру;
- кәсіподақ мүшелерінің көзқарастарын мемлекеттік, қоғамдық ұйымдарда, еңбекті қорғауға қатысты Еңбек кодексін қолданумен байланысты еңбек дауларын қарау кезінде түрлі инстанцияның соттарында қорғау.

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ДЕҢГЕЙЛЕРІ

28.08.2017 жылы Компанияда Қызылжар АЭС ШС қондырғыларын жөндеу және пайдалану тобының АБ қондырғыларын жөндеу бойынша электр сле-


саріне қатысты 1 қайғылы оқиға орын алды. Қайғылы оқиғаның себебі – 2017 жылғы су тасқынына байланысты №111 ВЛ-10 кВ фидера №5 «Новоникольск-Новоалександровка» тірегінің қанағаттанарлықсыз техникалық жағдайда болуы. Жарақат деңгейі – ауыр.

Компаниядағы өндірістік жарақаттанудың деңгейі мен коэффициенті төмендегі кесте мен диаграммаларда берілген.

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУ ДЕҢГЕЙІ

	2015	2016	2017
Қызметкерлер саны	2 586	2 581	2 506
Жарақаттану оқиғаларының саны	2	0	1
Жарақаттанғандар саны/олардың ішінде әйелдер	2/0	0	1/0
Өліммен аяқталған жағдайлар саны	0	0	0

Өндірістегі барлық жарақаттану жағдайларының (TIFR - Total Incident Frequency Rate) мың жұмысшыға шаққандағы жиілік коэффициенті




1000 адамға шаққандағы өндірістегі барлық қайғылы оқиғалардың жиілік коэффициенті (TIFR) келесі формуламен есептелген:

$$Kч = \frac{n \times 1000}{N}, \text{ мұнда}$$

n – есептік кезеңде өндірістегі қайғылы оқиғалардан зардап шеккендердің жалпы саны;

N – қызметкерлердің орташа саны.

Өліммен аяқталған жарақаттану жағдайларының (FIFR - Fatality Incident Frequency Rate) мың жұмысшыға шаққандағы жиілік коэффициенті



1000 жұмысшыға шаққандағы өліммен аяқталған қайғылы оқиғалардың жиілік коэффициенті (FIFR) келесі формуламен есептелді:

$$Kж1 = \frac{n1 \times 1000}{N}, \text{ мұнда}$$

n1 – есептік кезеңде өліммен аяқталған өндірістегі қайғылы оқиғалардың саны;

N – қызметкерлердің орташа саны.

2017 жылы Компанияда келесі стандарттар енгізілді:

- өндірістік бөлімшелердің жұмыс орындарын пашпорттау;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында жұмыстардың жылдық жоспарын бірыңғай рәсімдеу;
- қорғаныс заттарын сақтау және қолдану талаптарын, электр құрылғыларын пайдалану және жөндеу кезінде қолданылатын құрал-жабдықтар талаптарын, сондай-ақ, оларды сынау талаптарын анықтау;
- биіктіктегі жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу;
- транспорттар мен жаяу жүргіншілердің қауіпсіз қозғалысын ұйымдастыру.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша профилактикалық жұмыстарды жүргізудің негізгі көрсеткіштері келесі кестеде көрсетілген.

Компанияда өндірістік жарақаттанудың алдын алу, қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарының бұзылу жағдайларына мониторинг жасау және есепке алу мақсатында келесі жұмыстар жүргізіледі:

- қызметкерлерді қауіпсіздік және еңбекті қорғау, электр қауіпсіздігі мәселелері бойынша оқыту және білімдерін тексеру;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау жағдайына жоспарлы және тосын тексерулер жүргізу;
- қауіпсіздік техникасы күндерін өткізу;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша жиналыстар өткізу;
- жұмыс орындарын қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес реттеу;
- жұмыс орындарын ақпараттық плакаттармен және қауіпсіздік белгілерімен қамту;
- кәсіби жарыстар өткізу;
- наряд-допуск бойынша жұмыстарды орындау кезінде үлгі ретінде допуск өткізу.

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗУДІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

	2015	2016	2017
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша өткізілген жиындар саны	190	186	207
Өткізілген Қауіпсіздік және еңбекті қорғау күндерінің саны	86	38	44

«СЕВКАЭНЕРГО» АҚ және оның еншілес компаниялары бойынша Қауіпсіздік және еңбекті қорғау шараларын орындау, еңбек жағдайларын жақсарту бойынша 2017 жылы атқарылған шаралардың нақты шығыны 100 224,8 мың теңгені құрады.

Қызметкерлер қажетті жеке қорғаныс заттарымен, оның ішінде электрден қорғау заттары, арнайы тағам, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілді. Сондай-ақ, ақпараттық плакаттар, нормативті-техникалық құжаттар басылымы мен қауіпсіздік және еңбекті қорғау белгілері, өрт сөндіру заттарын сатып алу жүргізілді. Жұмыс орындарын қосымша жарықтандыру, вентиляция және кондиционер жүйесін жөндеу, ғимараттар мен қондырғыларды жөндеу және басқа шаралар орындалды.

Компанияның кәсіби қызметі жарақат алудың жоғары тәуекелімен байланысты қызметкерлері

Энергетикалық қондырғыға қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмыстар өндірісі жоғары тәуекелдермен байланысты. Кәсіби қызметі жарақат алудың жоғары тәуекелімен байланысты қызметкерлерге электриктер/электромонтерлар жатады.

Электр құрылғыларында жұмыс жасау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін:

- қызметкерлерді оқыту жүргізіледі;
- ұйымдастырушылық және техникалық шаралар жүргізіледі, оларды орындауға бақылау жасалады;

– қызметкерлер қажетті жеке қорғаныш және электрден қорғау заттарымен қамтамасыз етіледі.

Есептік кезеңде компаниялар тобы кәсіпорындарында қызметкерлердің электр тоғымен жарақаттану дерегі тіркелген жоқ.

2018 жылға жоспарлар

2018 жылы Компания қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша келесі корпоративтік стандарттар мен құжаттарды енгізіп, қолдауды жоспарлап отыр:

- Қауіпсіздіктің тәртіптік аудиттерін өткізу стандарты;
- «Энергия көздерін оқшаулау» стандарты (2-ПЖЭО-нда пилоттық жоба);
- Қызметкерлерді қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын сақтауға ынталандыруды ұйымдастыру регламенті.
- Қабылданатын жұмысшылар мен мердігер ұйымдар жұмысшыларына «Welcome training» кіріспе оқыту жүргізу регламенті;
- Мердігер ұйымдармен өзара әрекет туралы регламент.

«Петропавл Жылу Желілері» ЖШС кәсіпорнында жұмыс орындарын аттестаттау жүргізіледі.

ТҰТЫНУШЫЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ

Компанияның электр желілік кәсіпорнының әрбір аудандық бөлімшелерінің басшылығы қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметі мамандарымен бірге тұрғындарға қолданыстағы электр құрылғылары мен электр беру желілері жанында қауіпсіздік талаптарын сақтау тақырыбында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

Оқу жылының басында және соңында балалар электр жарақатын алуының алдын алу және профилактика бойынша акциялар өткізіліп, аудандық электр желілік кәсіпорындар мамандары мектептерге шақырылып, олар оқушыларды электр тоғынан

жарақат алудан сақтандырады, сол арқылы денсаулықтарын сақтауға баулиды.

Еншілес ұйымдар пайдаланатын барлық электр құрылғыларында қауіп туралы тұрғындар мен қызметкерлерге ескерту үшін қауіпсіздік белгілері мен жазбалары орналастырылған, қондырғылар рұқсат етілмеген енуден қорғалған, олар тиісті қоршаулар, құлыптар, бекітулермен қамтылған.

Облыстық және аудандық БАҚ-та жарақаттану профилактикасына, оның ішінде балалардың жарақаттануына және тұрғындардың денсаулығын қорғауға арналған мақалалар жарияланып тұрады.

Өткізуші кәсіпорындарда тұтынушылардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау

Өткізуші компанияларда қауіпсіздік және тұтынушылардың денсаулығын қорғау мақсатында келесі шаралар атқарылды:

- жарақаттануды ескерту мақсатында сервис-орталықтары ғимараттарының кіреберістері сырғанауға қарсы резина кілемшелерімен жабдықталған;
- физикалық мүмкіндігі шектелген адамдар үшін сервис-орталықтары ғимараттары пандустармен жабдықталған;
- сервис орталықтары ғимараттары видеобақылаумен жабдықталған;
- барлық сервис-орталықтар қажетті дәрі-дәрмекпен қамтылған медициналық қобдишамен жабдықталған;
- сервис-орталықтар ғимараттарында ауа кондиционерлеу жүйесі орнатылған;
- өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында барлық сервис-орталықтарда өрт-күзет дабыл жүйесі орнатылған, алғашқы өрт сөндіру заттарымен қамтылған;
- Сервис-орталықтарының көрнекті жерінде өрт кезінде адамдарды эвакуациялау жоспары орналастырылған, ғимарат сыртына қарай эвакуациялық есіктердің еркін ашылуы қамтамасыз етілген.

ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ өзі қызмет ететін өңірлердегі халықты қолдауға бағытталған әлеуметтік жобалардың белсенді қатысушысы болып табылады.

2016 жылы пайдалануға берілген Компания қызметкерлері мен Петропавл қаласы тұрғындарына арналған 90 пәтерлік шағын отбасылы жатақхана өз қызметін жалғастыруда. Жоба «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ мен Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі арасындағы мемлекеттік-жеке меншік әріптестік арқасында жүзеге асырылды. Ведомстволық жатақхананың болуы энергетикалық кешен кәсіпорнына жас және перспективасы бар жұмысшыларды тартуға көмектеседі.

Петропавлда 2015 жылы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігімен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында ашылған 320 орындық «Алақай» балабақшасы өз жұмысын жалғастыруда.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ көп жылдар бойы «Жұлдыздар» отбасылық үй балаларына демеушілік көмек көрсетіп, оның тәрбиеленушілері мен тұлғаларына мерекелік даталарға орай естелік сыйлықтар ұсынып, каникул кезеңінде олардың бос уақытын ұйымдастырады.

КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР

2017 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ «ОАОЭК» АҚ акционерінің 20 жылдық мерейтойына арналған шараларға белсенді түрде қатысты.

Астанада холдинг қызметкерлерінің **ЕХРО-2017 халықаралық көрмесіне топ болып баруы**. ЕХРО көрмесі жаһандық ауқымдағы шара, маңызы жөнінен әлемдік экономикалық форумдармен тең дәрежеде және индустрияландыру символы мен техникалық және технологиялық жетістіктерді таныстырудың ашық алаңы болып табылады. 2017 жылы ЕХРО-2017 көрмесі балама энергетиканы дамыту тақырыбына арналды: экспозициялар тарихпен, заманауи технологиялармен және балама энергетика саласындағы болашақ жобаларымен таныстырды.

«ОАЭК» АҚ акционері – «ОАОЭК» АҚ **20 жылдығына арналған мини-футболдан өткен алғашқы корпоративтік турнир** Астана қаласында өтті. Турнирге Қазақстанның 4 өңірінен 6 команда қатысса, оның ішінде «СЕВКАЗЭНЕРГО» Компаниясының құрамасы да болды. Кездесулер нәтижесінде «СЕВКАЗЭНЕРГО» командасы екінші орынды иеленді.



ЕСЕП ТУРАЛЫ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2013 жылдан бастап жыл сайынғы тәртіпте Жылдық есебін шығарады. Бұған дейінгі 2015 жылдың есебі 2017 жылғы тамызда жарық көрді.

Бұл есеп «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және оның еншілес компанияларының қызметі туралы ақпаратты ұсынады. Құжат GRI G4 нұсқаулығына сәйкес әзірленген Тұрақты даму туралы есепті қамтиды. Әзірлік кезінде электр энергетикасы саласына арналған GRI standards қолданылды. Есептіліктің стандартты элементтері мен көрсеткіштер жарияланған кесте «GRI элементтерінің индексі» бөлімінде орналасқан. Бұл есеп сыртқы растаудан өткен жоқ.

МАҢЫЗДЫ АСПЕКТТЕР МЕН ШЕКАРАЛАР

GRI Standards есептің мазмұнын анықтау принциптеріне сәйкес, есепте баяндалатын тақырыптардың маңыздылығына бағалау жүргізілді. Маңыздылықты анықтау үдерісі келесі кезеңдерден тұрады:


1-кезең. GRI Standards нұсқаулығының базасында тұрақты дамуға қатысты тақырыптардың бәрі айқындалды.

2-кезең. Тізімде көрсетілген тақырыптардың Компания ішінде және оның сыртында ықпал ету деңгейіне талдау жасалды. Одан арғы тереңдетіліп

баяндалатын тақырыптарды таңдау мүдделі тараптармен өзара қызмет ескеріліп жасалды. Бұдан бөлек, тақырыптар Компания қызметіне және оның даму стратегиясына ықпал ету тұрғысынан талданды.

3-кезең. Мүдделі тараптардың пікірлері мен Компанияның стратегиялық жоспарларына сәйкес, маңызды тақырыптар Маңыздылық картасына орналастыру үшін реттеліп, орындары анықталды. Әрбір қызмет аспектісіне Компанияға ықпалы (көлденең ось) және мүдделі тараптарға ықпалы (тік ось) ескеріліп, орташа балл берілді. Аса жоғары басымдыққа ие аспектілер көк аумақта орналасты – есеп құруда оларға бірінші кезекте мән берілді. Сондай-ақ, есепте көгілдір аумақта орналасқан аспектілер де ішінара баяндалды.

ТАҚЫРЫПТАР ТІЗІМІ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҚ КАРТАСЫ



ТАҚЫРЫПТАР ТІЗІМІ

№	АСПЕКТЫ	№	АСПЕКТЫ
1.	Экономикалық нәтижелілік	18.	Дайындық және білім беру
2.	Нарықтарда қатысу	19.	Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер
3.	Тікелей емес экономикалық әсерлер	20.	Алалаушылыққа жол бермеу
4.	Сатып алулар тәжірибесі	21.	Қауымдастық және ұжымдық келіссөздер жүргізу еркіндігі
5.	Коррупцияға қарсы әрекет	22.	Балалар еңбегі
6.	Бәсекелестікке тосқауыл	23.	Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек
7.	Материалдар	24.	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибесі
8.	Энергия	25.	Негізгі және ұсақ халықтардың құқықтары
9.	Су	26.	Адам құқықтарының сақталуын бағалау
10.	Биоәртүрлілік	27.	Жергілікті қоғамдастықтар
11.	Шығарылымдар	28.	Жеткізушілердің әлеуметтік критерийлерге сәйкестігін бағалау
12.	Қалдықтар	29.	Бұқаралық саясат
13.	Жеткізушілердің қоршаған ортаны қорғау критерийлерін сақтауын бағалау	30.	Тұтынушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі
14.	Экологиялық талаптарға сәйкестік	31.	Өнімдер мен қызметтерді маркалау
15.	Жұмыспен қамту	32.	Тұтынушылардың жеке өміріне қол сұқпаушылық
16.	Қызметкерлер мен басшылардың өзара қарым-қатынасы	33.	Әлеуметтік-экономикалық заңнамалардың сақталмауы
17.	Денсаулық пен жұмыс орнындағы қауіпсіздік		

GRI ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ИНДЕКСІ

GRI СТАНДАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРИЯЛАНУ ЖЫЛЫ	КӨРСЕТКІШ	БЕТ, БӨЛІМ НОМЕРІ ЖӘНЕ / НЕМЕСЕ URL	ЕРЕКШЕЛІК / ТҮСІНДІРМЕЛЕР	
GRI 101: Есептілікті дайындау принциптері (2016)				
GRI 102: Жалпы ақпарат (2016)	Ұйым профилі			
	102-1 Ұйым атауы	«Қызмет профилі» бөлімі, 8 бет		
	102-2 Қызмет бағыттары	«Қызмет профилі» бөлімі, 8 бет және «Бизнес-модель» бөлімі, 17 бет		
	102-3 Бас кеңсенің мекен-жайы	«Байланыс» бөлімі, 111 бет		
	102-4 Қызмет географиясы	"Қызмет географиясы" бөлімі, 18 бет		
	102-5 Меншік формасы	«Компания құрылымы» бөлімі, 9 бет		
	102-6 Өткізу нарығы	«Қызмет географиясы» бөлімі, 18 бет «Еншілес ұйымдар» бөлімі, 19 бет		
	102-7 Ұйым ауқымы	«Қызметтің негізгі көрсеткіштері» бөлімі, 78 бет		
	102-8 Қызметкерлер туралы ақпарат	«Кадрлық және әлеуметтік саясат» бөлімі, 78 бет		
	102-9 Жеткізілімдер тізбегі	«Бизнес-модель» бөлімі, 17 бет		
	102-10 Компания жұмысындағы маңызды өзгерістер	Ұйымдық құрылым» бөлімі, 46 бет	өзгеріссіз	
	102-11 Сақтық принциптері	«Табиғат қорғау шаралары шығындары», 74 бет		
	102-12 Сыртқы бастамаларды қолдау	«Экологиялық ықпал етуді басқару» бөлімі, 71 бет «Парник газдарының шығарылымы» бөлімі, 72 бет «Экологиялық менеджмент жүйесі» бөлімі, 77 бет		
	102-13 Қауымдастықтарға мүшелік	-	Компания Қазақстан Электрэнергетикалық Қауымдастығының (ҚЭҚ) мүшесі болып табылады.	
	Стратегия			
	102-14 Менеджмент хабарламасы	«Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі» бөлімі, 4 бет «Бас директор үндеуі» бөлімі, 6 бет		
	Әдеп және адалдық			
102-16 Құндылықтар, принциптер, стандарттар және тәртіп нормалары	«Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп» бөлімі, 53 бет			

GRI СТАНДАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРИЯЛАНУ ЖЫЛЫ	КӨРСЕТКІШ	БЕТ, БӨЛІМ НОМЕРІ ЖӘНЕ / НЕМЕСЕ URL	ЕРЕКШЕЛІК / ТҮСІНДІРМЕЛЕР
Корпоративтік басқару			
102-18 Структура управления	«Ұйымдық құрылым» бөлімі, 46 бет «Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер қызметінің нәтижелері» бөлімі, 51 бет		
Мүдделі тараптармен өзара қызмет			
102-40 Мүдделі тараптар тізімі	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 68 бет		
102-41 Ұжымдық шарттар	«Кәсіподақ ұйымдарымен өзара қызмет» бөлімі, 84 бет		
102-42 Мүдделі тараптарды анықтау және іріктеу	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 68 бет		
102-43 Өзара қызмет тәсілдері	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 68-69 бет		
102-44 Негізгі көтерілген тақырыптар мен қауіптер	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 69-69 бет		
Есеп туралы мәліметтер			
102-45 Шоғырлану негізі	«Есеп туралы» бөлімі, 94 бет		
102-46 Есептің мазмұны мен шекараларын анықтау	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 95 бет		
102-47 Маңызды тақырыптар тізімі	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 95 бет		
102-48 Өткен кезеңдер мәліметтерін қайта есептеу	-	Көрсеткіштер өзгерген жоқ және Компанияның өткен жылдық есептерінде келтірілген мәліметтермен сәйкес келеді.	
102-49 Есеп мазмұнындағы өзгерістер	-	Өзгеріссіз	
102-50 Есептілік кезеңі	«Есеп туралы» бөлімі, 94 бет		
102-51 Соңғы жарияланым датасы	«Есеп туралы» бөлімі, 94 бет		
102-52 Есептілік циклі	«Есеп туралы» бөлімі, 94 бет		
102-53 Есеп мазмұны бойынша мәселелерге арналған байланыс ақпараты	«Байланыс» бөлімі, 111 бет		
102-54 GRI стандарттарына сәйкестік деңгейі	«Есеп туралы» бөлімі, 94 бет		
102-55 GRI мазмұнының индексі	«GRI элементтерінің индексі» бөлімі, 96 бет		
102-56 Сыртқы растау	«Есеп туралы» бөлімі, 94 бет		

GRI СТАНДАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРИЯЛАНУ ЖЫЛЫ	КӨРСЕТКІШ	БЕТ, БӨЛІМ НОМЕРІ ЖӘНЕ / НЕМЕСЕ URL	ЕРЕКШЕЛІК / ТҮСІНДІРМЕЛЕР
Маңызды тақырыптар			
Экология			
GRI 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 95 бет	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Экологиялық ықпал етуді басқару» бөлімі, 71 бет	Экологиялық ықпал етуді басқарудың кешенді саясаты бұл саладағы барлық негізгі тақырыптарды қамтиды.
	103-3 Менеджментті бағалау	-	өткізілмейді
Материалдар			
GRI 301: Материалдар (2016)	301-1 Масса не көлемі бойынша шығындалған материалдар	«Экологиялық ықпал етуді басқару» бөлімі, 71 бет	
Су			
GRI 303: Вода (2016)	303-1 Көздерге бөлгендегі алынатын судың жалпы көлемі	«Су пайдалану және су ресурстарын қорғау» бөлімі, 75 бет	
	303-2 Ұйымнан су алу айтарлықтай ықпал ететін су көздері	«Су пайдалану және су ресурстарын қорғау» бөлімі, 75 бет	
	303-3 Көп мәрте және қайта пайдаланылатын су үлесі және жалпы көлемі	«Су пайдалану және су ресурстарын қорғау» бөлімі, 75 бет	
Шығарылымдар			
GRI 305: Шығарылымдар (2016)	305-1 Парник газдарының тікелей шығарылымдары	«Парник газдарының шығарылымдары» бөлімі, 72 бет	
	305-4 Парник газдары шығарылымдарының интенсивтілігі	«Парник газдарының шығарылымдары» бөлімі, 72 бет	
	305-5 Парник газдары шығарылымдарының азаяуы (COR2R)	«Парник газдарының шығарылымдары» бөлімі, 72 бет	
	305-7 NOx, SOx және өзге маңызды ластаушы заттар шығарылымдары	«Атмосфералық ауаны қорғау» бөлімі, 72 бет	
Қалдықтар			
GRI 306: Қалдықтар (2016)	306-1 Ағын су сапасы көрсетілген қалдықтардың жалпы көлемі	«Өндіріс қалдықтарын тиімді қолдану және жою» бөлімі, 76 бет	
	306-2 Типі мен орналастыру тәсілі бойынша қалдықтардың жалпы көлемі	«Өндіріс қалдықтарын тиімді қолдану және жою» бөлімі, 76 бет	

GRI СТАНДАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРИЯЛАНУ ЖЫЛЫ	КӨРСЕТКІШ	БЕТ, БӨЛІМ НОМЕРІ ЖӘНЕ / НЕМЕСЕ URL	ЕРЕКШЕЛІК / ТҮСІНДІРМЕЛЕР
Талаптарға сәйкестік			
GRI 307: Талаптарды сақтау (2016)	307-1 Экологиялық заңнама мен нормативтік талаптарды сақтамау туралы ақпарат	«Табиғат қорғау шаралары шығындары» бөлімі, 74 бет	
Әлеуметтік санат			
GRI 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 94 бет	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Қызметкерлерді басқару саясаты» бөлімі, 78 бет	Кешенді кадрлық саясат бұл саладағы барлық негізгі тақырыптарды қамтиды.
	103-3 Менеджментті бағалау	-	өткізілмейді.
Жұмыспен қамту			
GRI 401: Жұмыспен қамту (2016)	401-1 Жалданған қызметкерлер мен кадр тұрақсыздығы	«Кадр тұрақсыздығы» бөлімі, 81 бет	
Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы			
GRI 402: Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы (2016)	402-1 Ұйым қызметіндегі айтарлықтай өзгерістерге қатысты хабарландырулардың ең аз кезеңі	«Кадрлық және әлеуметтік саясат» бөлімі, 78 бет	
Денсаулық және қауіпсіздік			
GRI 403: Денсаулық және қауіпсіздік (2016)	403-1 Жұмысшылардың басшылық пен жұмысшылар қатысатын денсаулық пен қауіпсіздік жөніндегі ресми бірлескен комитетте болуы.	«Қауіпсіздік пен еңбекті қорғау саласындағы стратегиялық мақсаттар мен атқарылған шаралар» бөлімі, 87 бет	
	403-2 Өндірістік жарақат түрлері мен деңгейлері, кәсіби сырқат деңгейі, жоғалтқан күндер коэффициенті мен жұмыс орнында болмау коэффициенті, сондай-ақ, өліммен аяқталған жұмысқа қатысты оқиғалар саны	«Өндірістік жарақат түрлері мен деңгейлері» бөлімі, 90 бет	
	403-3 Жоғары жарақаттылықты және жұмысына қатысты сырқаттану қаупі бар жұмысшылар	«Компанияның кәсіби қызметі жарақат алудың жоғары тәуекелімен байланысты қызметкерлері» бөлімі, 91 бет	
Оқыту			
GRI 404: Тренинг және оқыту (2016)	404-2 Біліктілікті дамыту бағдарламалары	«Қызметкерлерді оқыту және дамыту» бөлімі, 80 бет	

GRI СТАНДАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРИЯЛАНУ ЖЫЛЫ	КӨРСЕТКІШ	БЕТ, БӨЛІМ НОМЕРІ ЖӘНЕ / НЕМЕСЕ URL	ЕРЕКШЕЛІК / ТҮСІНДІРМЕЛЕР
Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер			
GRI 405: Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер (2016)	405-1 Басшылық органдар құрамы	«Қызметкерлердің санаты мен жынысына қарай құрылымы» бөлімі, 79 бет	
Жергілікті қоғамдастықтар			
GRI 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тақырыптар тізімі мен маңыздылық картасы» бөлімі, 95 бет	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 69 бет	
	103-3 Менеджментті бағалау	-	өткізілмейді
GRI 413: Жергілікті қоғамдастықтар (2016)	413-1 Жергілікті қоғамдастықтармен өзара қызмет, қызметтің жергілікті қоғамдастықтарға ықпалы мен жергілікті қоғамдастықтардың дамуын бағалау бағдарламалары	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 69 бет	
Тұтынушының қауіпсіздігі мен денсаулығы			
GRI 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тақырыптар тізімі мен маңыздылық картасы» бөлімі, 95 бет	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Тұтынушы қауіпсіздігі» бөлімі, 92 бет	
	103-3 Менеджментті бағалау	-	өткізілмейді
GRI 416: Тұтынушының қауіпсіздігі мен денсаулығы (2016)	413-1 Өнімдердің тұтынушыға қауіпсіздігін бағалау	«Тұтынушы қауіпсіздігі» бөлімі, 92 бет	
Қосымша ақпарат			
Электр энергетикасы бойынша салалық хаттама GRI G4	G4-EU1 Орнатылған қуат	«Компания туралы» бөлімі, 8 бет	
	G4-EU2 Энергия өндіру	«Қызметтің негізгі көрсеткіштері» бөлімі, 10 бет	
	G4-EU3 Тұрмыстық, өнеркәсіптік, институционалдық, коммерциялық тұтынушылардың жеке есепшоттарының саны	«Қызмет географиясы» бөлімі, 18 бет	
	G4-EU4 Реттеу режимдеріне бөлгендегі жерүсті және жерасты электр энергиясын беру және тарату желілерінің ұзындығы	«Негізгі өндірістік сипаттамалар» бөлімі, 11 бет	
	G4-EU5 COR2R немесе эквиваленттер шығарылымдарына квота бөлу	«Парник газдарының шығарылымдары» бөлімі, 72-74 бет	

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ
ЖАҒДАЙ БОЙЫНША
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕГІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(мың теңге)

АКТИВТЕР	31-ЖЕЛ-2017	31-ЖЕЛ-2016
I. ҰЗАҚМЕРЗІМДІ АКТИВТЕР		
Негізгі қаражат	101 534 714	98 437 364
Бейматериалдық активтер	206 140	202 025
Өзге ұзақмерзімді активтер	302 495	293 673
Негізгі жабдықтарды сатып алуға (құрылыс) берілген аванстар	243 469	376 587
Қолданылуы шектелген ақша қаражаттары	4 515	13 000
Шегерілген салықтар бойынша активтер	168 225	
Барлық ұзақмерзімді активтер	102 459 558	99 322 649
II. АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР		
Тауарлық-материалдық қорлар	2 198 380	1 885 268
Саудалық дебиторлық қарыз	3 366 122	3 281 502
Қысқа мерзімді активтерді иеленуге берілген аванстар	282 992	247 908
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	69 564	69 663
Өзге ағымдағы активтер	891 315	460 397
Өзге қаржылық активтер	454 608	192 589
Ақшалай қаражаттар және олардың эквиваленттері	70 705	173 045
Барлық ағымдағы активтер	7 333 686	6 310 372
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР	109 793 244	105 633 021
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР	31-жел-2017	31-жел-2017
III. КАПИТАЛ		
Жарғылық капитал	16 291 512	16 291 512
Қосымша төленген капитал	277 168	277 168
Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв	20 274 349	21 480 749
Бөлінбеген табыс/шығыс	20 080 465	17 954 086
Аналық компания иелерінің капиталына жататын капитал	56 923 494	56 003 515
Азшылық үлесі		
Барлық капитал	56 923 494	56 003 515

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСТЫРЫЛҒАН)
(мың теңге)

АКТИВТЕР	31-ЖЕЛ-2017	31-ЖЕЛ-2016
IV. ҰЗАҚМЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Шығарылған облигациялар	8 251 896	8 324 298
Ұзақмерзімді қарыздар	13 720 381	13 408 554
Қаржылық аренда бойынша міндеттемелер	284 258	302 773
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	16 241 831	14 864 231
Күл үйінділерін рекультивациялау бойынша міндеттемелер	349 597	532 213
Қызметкерлер сыйақысы бойынша міндеттемелер	59 086	56 935
Ұзақмерзімді кредиторлық қарыз	2 127 865	-
Болашақ кезеңдегі табыстар	3 103 658	1 251 681
Барлық ұзақмерзімді міндеттемелер	44 138 572	38 740 685
V. АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Шығарылған облигациялардың ағымдағы бөлігі	472 015	877 061
Саудалық кредиторлық қарыз	3 114 220	4 099 627
Ұзақмерзімді қарыздардың ағымдағы бөлігі мен қысқа-мерзімді қарыздар	3 733 303	4 280 883
Күл үйінділерін рекультивациялау бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	87 693	97 785
Қызметкерлер сыйақысы бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	5 081	4 727
Алынған аванстар	585 813	373 008
Табыс салығы бойынша ағымдағы салықтық міндеттемелер	-	-
Қаржылық аренда бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	33 156	21 380
Басқа міндеттемелер мен есептелген шығындар	699 897	1 134 350
Барлық ағымдағы міндеттемелер	8 731 178	10 888 821
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР	109 793 244	105 633 021

31.12.2017 ж. жағдай бойынша бір жай акцияның баланстық құны 394,24 теңгені құрайды
31.12.2016 ж. жағдай бойынша бір жай акцияның баланстық құны 387,88 теңгені құрайды

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (МЫҢ ТЕҢГЕ)

КӨРСЕТКІШ АТАУЫ	2017 ЖЫЛҒЫ 12 АЙ	2017 ЖЫЛҒЫ 4-КВАРТАЛ	2016 ЖЫЛҒЫ 12 АЙ	2016 ЖЫЛҒЫ 4-КВАРТАЛ
ТАБЫСТАР				
Электр/жылу энергиясын өндіру және өзгелер	31 701 948	8 103 052	30 904 528	9 403 252
ӨЗІНДІК ҚҰНЫ				
Электр/жылу энергиясын өндіру және өзгелер	(22 267 150)	(5 620 772)	(20 899 798)	(6 053 131)
ЖАЛПЫ ПАЙДА/ШЫҒЫН	9 434 798	2 482 280	10 004 730	3 350 121
Жалпы және әкімшілік шығындар	(2 167 073)	(769 021)	(1 838 308)	(523 391)
Өткізу бойынша шығындар	(303 167)	(75 794)	(287 865)	(72 641)
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН ТАБЫС/ ШЫҒЫС	6 964 558	1 637 465	7 878 557	2 754 089
Өзге табыстар (шығыстар), нетто	(161 097)	(155 594)	259 585	216 888
Курс айырмашылығы бойынша табыстар (шығындар), нетто	49 963	272 253	153 099	57 746
Қаржылық табыстар	119 045	43 083	88 113	16 896
Қаржылық шығындар	(2 379 735)	(712 341)	(2 009 540)	(452 317)
САЛЫҚ САЛУҒА ДЕЙІНГІ ТАБЫС/(ШЫҒЫС)	4 592 734	1 084 866	6 369 814	2 593 302
Табыс салығы бойынша үнем (шығындар)	(1 229 890)	(759 283)	(1 484 085)	(1 147 034)
КЕЗЕҢДЕГІ ТАБЫС/ШЫҒЫН	3 362 844	325 583	4 885 729	1 446 268
ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС				
Негізгі жабдықтарды қайта бағалаудан өсім				-
Өзге жиынтық табыс құрамдас бөлігі табысына салық				-
КЕЗЕҢДЕГІ БАРЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС/ШЫҒЫН	3 362 844	325 583	4 885 729	1 446 268

31.12.2017 ж. жағдай бойынша бір жай акцияның базалық және көбейтілген пайдасы 23,38 теңгені құрайды
31.12.2016 ж. жағдай бойынша бір жай акцияның базалық және көбейтілген пайдасы 33,96 теңгені құрайды

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ӨЗІНДІК КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (МЫҢ ТЕҢГЕ)

КӨРСЕТКІШТЕР АТАУЫ	ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ	ҚОСЫМША ТӨЛЕНГЕН КАПИТАЛ	НЕГІЗГІ ҚАРАЖАТ- ТЫ ҚАЙТА БАҒАЛАУ БОЙЫНША РЕЗЕРВ	БӨЛІНБЕГЕН ТАБЫС	БАРЛЫҒЫ	БАРЛЫҚ КАПИТАЛ
Сальдо 31.12.2016 ж.	16 291 512	277 168	21 480 749	17 954 086	56 003 515	56 003 515
Акциялар эмиссиясы					-	-
Жарғылық капиталдың ұлғаюы					-	-
Дисконт есептелуі					-	-
Негізгі қаражатты қайта бағалау			(1 206 400)	1 206 400	-	-
қорының амортизациясы					-	-
Жарғылық капиталға салым				(2 442 865)	(2 442 865)	(2 442 865)
Жарияланған дивидендтер				3 362 844	3 362 844	3 362 844
Кезеңдегі пайда/(шығын)					-	-
Сальдо 31.12.2017 ж.	16 291 512	277 168	20 274 349	20 080 465	56 923 494	56 923 494
Сальдо 31.12.2015 ж.	16 291 512	277 168	23 007 667	11 541 439	51 117 786	51 117 786
Акциялар эмиссиясы					-	-
Негізгі қаражатты қайта бағалау			(1 526 918)	1 526 918	-	-
қорының амортизациясы					-	-
Дисконт есептелуі					-	-
Жарияланған дивидендтер				4 885 729	4 885 729	4 885 729
Кезеңдегі пайда/(шығын)	16 291 512	277 168	21 480 749	17 954 086	56 003 515	56 003 515

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (МЫҢ ТЕҢГЕ)

Көрсеткіш атауы	2017 Ж.	2016 Ж.
I. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША АҚША ҚАРАЖАТЫ:		
1. Салық салуға дейінгі табыс	4 592 734	6 369 814
Түзетулер:		
Тозу және амортизация	4 818 414	4 347 002
Қаржылық шығындар	2 379 735	2 009 540
Күмәнді қарыздар бойынша резервті қайта қалпына келтіру/есептеу	51 769	(1 242)
Ескірген тауарлы-материалдық қорлар бойынша резервтер қайта қалпына келтіру/есептеу	(32 775)	(4 818)
Негізгі қаражаттың шығып қалу шығыны/(кірісі)	252 230	16 164
Қызметкерлерді марапаттау шығындары	452	10 071
Пайдаланылмаған босатылым бойынша резервтер қайта қалпына келтіру/есептеу	(2 517)	4 534
Курс айырмашылығы бойынша кіріс/шығын	(49 963)	(153 099)
Мемлекеттік субсидияны сызып тастаудан түскен табыс	(35 995)	
Қаржылық табыстар	(119 045)	(88 113)
Айналымдық капиталдағы өзгерістерге дейінгі ақша қаражаттарының қозғалысы	11 855 039	12 509 853
2. Айналымдық капиталдың артуы (азаюы), оның ішінде барлығы		
Тауарлы-материалдық қорлардың көбеюі/азаюы	(221 524)	446 867
Саудалық дебиторлық қарыздың көбеюі/азаюы	(129 977)	(487 535)
Қысқамерзімді активтерді сатып алуға берілген аванстардың көбеюі/азаюы	(35 084)	254 922
Өзге дебиторлық қарыздың көбеюі/азаюы	(542 274)	(203 171)
Сауда кредиторлық қарыздың көбеюі/азаюы	(541 264)	1 072 426
Алынған аванстардың көбеюі/азаюы	212 805	(45 294)
Өзге міндеттемелер мен есептелген шығындардың көбеюі/азаюы	(242 488)	162 114
Қызметкерлерді марапаттау бойынша міндеттемелердің көбеюі/азаюы	2 053	(6 643)
3. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты	10 357 286	13 703 539
Төленген табыс салығы	(20 515)	-
Төленген пайыздар	(2 380 670)	(2 257 541)
4. Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты	7 956 101	11 445 998
II. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫ:		
Негізгі қаражатты иелену	(8 600 505)	(12 709 097)

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСТЫРЫЛҒАН) (МЫҢ ТЕҢГЕ)

Көрсеткіш атауы	2017 Ж.	2016 Ж.
Бейматериалдық активтерді иелену	(42 160)	(67 548)
Депозиттерде (орналастырылған)/шешілген ақшалай қаражаттар және пайыздар түсімі	(120 902)	(46 311)
Негізгі қаражаттың шығып қалуынан түскен түсімдер	173 755	431 182
Инвестициялық қызметте қолданылған таза ақша қаражаттары	(8 589 812)	(12 391 774)
III. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫ:		
Қарыздар түсімі	5 042 046	5 246 520
Облигацияларды орналастыру	100 777	400 100
Қарыздарды өтеу	(5 317 678)	(5 567 198)
Облигацияларды өтеу	(500 100)	
Дивидендтерді төлеу	(684 783)	(105 000)
Мемлекеттік субсидия бойынша түсімдер	1 912 490	750 000
Байланысты тараптардан түскен түсімдер	(21 381)	
Байланысты тараптарға төлемдер		(72 830)
Қаржылық қызметтен алынған/(пайдаланылған) таза ақша қаражаттары	531 371	651 592
Ақша қаражаттарының барлық көбеюі (+), азаюы (-)	(102 340)	(294 184)
Есептік кезең басындағы ақша қаражаттары	173 045	467 229
Айырбастау курстарының ақша қаражаттарына ықпалы және олардың эквиваленттері		
Есептік кезең соңындағы ақша қаражаттары	70 705	173 045

ГЛОССАРИЙ, ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

Агрегаттың (стансаның) қолданылатын қуаттылығы	– өндіруші агрегаттың (стансаның) қуаттылығын шектеуді алып тастағандағы белгіленген қуаттылығы.
Әуелік электр желісі	– электр энергиясын ашық ауада орнатылған, оқшаулағыштар мен арматуралардың көмегімен тіреулерге немесе кронштейндерге бекітілген өткізгіштердің бойымен беретін электр желісі.
Белгіленген қуаттылық	– турбоагрегаттардың номиналды қуатының қолданыстағы шамасы.
Бу турбинысы	– энергетикалық турбомашинаның жоғары параметрлі будың потенциалды энергиясын электрді өндіретін оның роторының айналуының механикалық энергиясына түрлендіретін булы турбоагрегат элементі.
Гигакалория	– жылу энергиясы мөлшерінің өлшем бірлігі, жылу энергетикасы, жылыту жүйесі, коммуналды шаруашылықта бағалау үшін қолданылады.
Гигакалория / сағат	– белгілі бір уақыт ішінде қандай да бір жабдықтың өндірген немесе пайдаланған жылу мөлшерін сипаттайтын туынды бірлік.
Градирия	– ауа массасын соратын сорғыш мұнара түріндегі құрылыс ғимараты.
Гудвилл (ағылш. goodwill)	– компанияның бағасы мен оның барлық активтерінің таза құны арасындағы айырмашылық.
Жылу мен электр энергиясын аралас өндіру	– электр өндірістің бу турбинысын қозғалысқа келтіріп электр энергиясын және бу турбинынан бөлініп шыққан будан шығатын жылуды өндіру.
Жылу электр орталығы (ЖЭО, жылытатын электр станциясы)	– электр энергиясын ғана емес, сондай-ақ бу және ыстық су күйінде тұтынушыларға жіберілетін жылуды өндіретін жылу электр стансасы.
ЖІӨ дефляторы (жалпы ішкі өнім дефляторы)	– экономикадағы белгілі бір кезеңде тауарлар мен қызметтер (тұтыну себеті) жалпы баға деңгейін есептеуге арналған бағалық индекс.
Қазандық агрегаты	– отын жағу, электр энергиясын пайдалану, шығатын газ жылуы немесе технологиялық үрдіс салдарынан қысыммен бу немесе ыстық су алуға арналған құрылғы.
Калория (кал)	– жылу мөлшерінің жүйеден тыс бірлігі.
Күл	– отынның толық жанған кезде минералды қоспаларынан түзілетін жанбайтын қалдығы (шаң тәрізді).
Күл үйіндісі	– жылу электр орталықтарында қатты отынды жаққан кезде түзілетін күл мен боқатты жинауға және қалдықтарды жаратуға арналған жер.
Мегаватт	– электр өндірісінде қуаттылықты өлшеу бірлігі.
Қолданылатын қуаттылық	– техникалық себептер бойынша сатылмаған (түтін құбырларының тарту күшінің жеткіліксіздігі, турбина конденсаторларының салқындату жүйесі және т.б.) қуаттылықты алып тастағандағы жабдықтың белгіленген қуаттылығына тең шама.
РҚШ томы	– рұқсат етілген қалдықтар шегі нормативтерінің жобасы.
Сорғы	– энергия (кинетикалық немесе потенциалды) келіп түскен кезде ең алдымен сұйықты қысыммен қозғалтуға (соруға, айдауға) арналған құрылғы.
Сорғы қондырғысы	– сорғының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, белгілі бір сұлба бойынша құрастырылған құраушы жабдықтары бар сорғы агрегаты.
Стансадағы белгіленген жылу қуаты	– жылуды сыртқы тұтынушыларға және бу мен ыстық суға деген жеке қажеттіліктерге жіберуге арналған жабдықтарды пайдалану актісі бойынша қабылданған номиналды жылу қуаттылықтарының қосындысы.
Трансформатор (лат. transformare — өзгерту, түрлендіру)	– энергияның (мысалы, электр трансформаторы, гидротрансформатор) немесе нысандардың (мысалы, фототрансформатор) қандай да бір маңызды қасиеттерін түрлендіруге арналған құрылғы.
Турбина	– бу, газ, судың жұмыс жылуының кинетикалық энергиясын механикалық жұмысқа түрлендіретін, жұмыс органы болып табылатын роторды айналдыру қозғалысы бар алғашқы қозғалтқыш.
Турбоагрегат	– бір жиынтық сымға біріктірілген бу турбинысы, электр өндіруші мен қоздырғыштың жиынтығы; пардың потенциалды энергиясын электр энергиясына түрлендіруді қамтамасыз етеді.
Шағын станция	– электр энергиясын түрлендіру және тарату үшін пайдаланылатын, трансформатор немесе энергияны басқа да түрлендірушілерден, тарату құрылғыларынан, басқару құрылғысы мен қосалқы құрылыстардан тұратын электр қондырғысы.

Электрді әуемен беру желісі	– электр энергиясын қашықтықтарға өткізгіштер арқылы беруге арналған құрылым.
Электрді беру желісі (ЭБЖ)	– электр энергиясын электр стансасынан тұтынушыларға беруге арналған, сымдар (кабельдер) мен қосымша құрылғылардан тұратын құрылыс.
Энергожүйенің белгіленген электр қуаты	– энергожүйедегі электр стансаларының барлық турбо және гидроагрегаттарының пайдалануға болмаса техникалық шарттарына сәйкес келетін жиынтық номиналды белсенді қуаты.
Эмульгатор	– фазалар инверсиясы режимінде жұмыс істейтін ылғалды күл және шаңды тазалау аппараты.

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

COSO	– Трэдуэя Комиссиясының демеушілік ұйымдары комитеті.
CTF	– (ағылш. қысқ. Clean Technology Fund) Таза технологиялар қоры.
EBITDA	– салықтарды, пайыздарды және есептелген амортизацияларды төлеу бойынша шығындарды алып тастағандағы пайда көлеміне тең аналитикалық көрсеткіш.
ESAP	– Экологиялық және әлеуметтік әрекеттер жоспары.
ISO	– Халықаралық стандарттау жөніндегі ұйым.
KEGOC	– «Қазақстан Электр желілерін басқару жөніндегі компания» АҚ.
OHSAS	– халықаралық еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі.
2-ПЖЭО 2	– 2-Петропавл жылу электр орталығы.
АЕК	– айлық есептік көрсеткіш.
АҚ	– акционерлік қоғам.
АЭЖ	– аудандық электр желісі.
ӘЖ	– әуелік желілер.
БАҚ	– бұқаралық ақпарат құралдары.
Гкал	– гигакалория.
Гкал	– с гигакалория/сағат.
ГЭС	– гидро электр стансасы.
ҒӨБ	– ғылыми-өндірістік бірлестік.
ЕҚДБ	– Еуропа қайта құру және даму банкі (ағылш. European Bank for Reconstruction and Development EBRD).
ЖКЕАЖ	– жылу энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі.
ЖОС	– жеке оқшаулағыш сым.
ЖТҚ	– жиынтық тарату құрылғысы.
ЖШС	– жауапкершілігі шектеулі серіктестік.
ЖІӨ	– жалпы ішкі өнім.
ЖЭО	– жылу электр орталығы.
ИИҚ	– Ислам инфрақұрылымдық қоры.
кВт • с	– киловатт сағат.
КЖ	– кабельді желілер.
КҰҚ	– күлді ұстау құрылғысы.

ҚҚС	– ғылыми-өндірістік бірлестік.
ҚОМЖ	– қоршаған орта менеджменті жүйесі.
МАЭС	– мемлекеттік аудандық электр станциясы.
МВт	– мегаватт.
МҮИИДБ	– мемлекеттік үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы.
ОАОЭК	– «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ.
ОАЭК	– «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ.
ПЭ	– «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ.
ПЭТК	– «Павлодар электр желілік тарату компаниясы» АҚ.
СКЭ	– «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ.
СҚ ЭТК	– «Солтүстік Қазақстан Электр Желілік Тарату Компаниясы» АҚ.
СПЖ	– сапа менеджменті жүйесі
ТБЖ	– тәуекелдерді басқару жүйесі
ЭБӘЖ	– электрді берудің әуелік желілері
ЭБЖ	– электрді беру желілері
ЭКЕАЖ	– электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі
ЭС	– электр станциясы

БАЙЛАНЫС

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бас кеңсесі 150009, Қазақстан Республикасы, Петропавл қ., Жамбыл к-сі, 215 мекен-жайында орналасқан.

Электрондық пошта: info@sevkazenergo.kz

Тел.: +7 (7152) 31 43 24.

Факс: +7 (7152) 41 28 28.

Компания сайты: www.sevkazenergo.kz

АТЫ-ЖӨНІ/ҚЫЗМЕТІ	БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ
Инвесторлар мен акционерлермен жұмыс бойынша жауапты адамдар	
Язовская Алла Анатольевна, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директорының қаржы және экономика мәселелері бойынша орынбасары	Қазақстан Республикасы, Петропавл қ., Жамбыл к-сі, 215 Тел.: +7 7152 31 43 24. Факс: +7 7152 41 28 28.
Алексеевене Татьяна Вячеславна, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бас бухгалтері	Қазақстан Республикасы, Петропавл қ., Жамбыл к-сі, 215 Тел.: +7 7152 31 43 24. факс: +7 7152 41 28 28
Джаманчолова Наталья Михайловна, «Қорғау» заң агенттігі» ЖШС СКФ директоры, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ корпоративтік хатшысы	Қазақстан Республикасы, Петропавл қ., А. Шажимбаев к-сі, 144 тел.: +7 7152 31 43 07
Жылдық есепке жауапты тұлға	
Агеев Андрей Михайлович, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Қоғаммен байланыс бөлімі басшысының м.а.	Қазақстан Республикасы, Петропавл қ., Жамбыл к-сі, 215 Тел.: +7 7152 41-29-39. Факс: +7 7152 41 28 28.

АУДИТОР

«Делойт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (аудиторлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясының № 0000015, сериясы МФЮ-2, берілген күні 13.09.2006 ж., берген орган – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, лицензия мерзімсіз) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның тәуелсіз аудитору болып табылады.

Заңды мекенжайы: Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 36 б.

ТІРКЕУШІ

«Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» акционерлік қоғамы (мемлекеттік тіркеуге алынғаны туралы № 1678–1910–02 АО куәлік 11.01.2012 ж. берілді) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның тіркеушісі болып табылады.

Заңды мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даңғ., 141.



СЕВКАЗЭНЕРГО